

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Қорғауға жіберілді»

«__» _____ 2015__ж

«Журналистика және филология»

кафедрасының меңгерушісі,

филол. ғ. д., проф.

_____ А.Р.Бейсембаев

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік: тұлға және таным»

Мамандығы: 6М020500 – Филология

Орындаған ФИЛК(М)-201

тобының магистранты _____ **Л.Н.Рахатова**

(қолы)

Ғылыми жетекшісі

филол. ғ. к., аға оқытушы _____ **А.Ж.Қайрамбаева**

(қолы)

Павлодар 2015

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Л.Н.Рахатова

Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік: таным және тұлға

**6М020500 – Филология магистрі
академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Павлодар 2015

АННОТАЦИЯ

Данная магистерская диссертация рассматривает поэзию независимости как отражение личности и познания автора.

Актуальность магистерской диссертации определяется тем, что тема независимости и суверенности в современной казахской литературе совершенствуется наряду с развитием нашей страны.

В первой главе магистерской диссертации представлена общественная политическая характеристика суверенности, проанализирована сущность понятия «независимость» и его составляющие.

Вторая глава магистерской диссертации раскрывает особенности поэзии независимости молодого и старшего поколения, роль символов независимости в произведениях, определяет степень национально-культурных особенностей в поэзии свободы и структуру стихосложения в современной казахской литературе.

Теоретическая значимость магистерской диссертации определяется ее рассуждением идеи, творческих поисков, присущих казахской литературе, дифференциация тематических, познавательных направлений в годы независимости. Результаты исследования могут быть служить пособием для будущих соискателей.

Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее материалов и результатов в практике, анализ произведений может найти применение на уроках казахской литературы

АНДАТПА

Бұл магистрлік диссертацияда егемендік пен тәуелсіздік ұғымының мәніне, қазақ поэзиясындағы азаттық, тәуелсіздік тағылымдарының тамыры тереңде екендігіне басты назар аударылады және еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы он жылда аталған тақырыптың жаңа мазмұнға ие болуын әр қырынан қарастырады.

Магистрлік жұмыстың өзектілігі тәуелсіздік жылдарынан қазіргі кезге дейінгі аралықта егемендікке қалам тартқан ақындардың ғылыми тұжырымдарды жан-жақты қарастырып, осы тақырыптарды арқау еткен туындыларды теріп талдау және анықтау болып табылады.

Магистрлік жұмыстың бірінші бөлігінде қазақ поэзиясындағы «егемендік» танымы, тәуелсіздікті жырлаған тұлғалар, қазіргі жас ақындар мен алдыңғы толқын-ағалар поэзиясы қарастырылған;

Жұмыстың екінші бөлігі қазіргі поэзиядағы тәуелсіздік келбеті, тәуелсіздікке дейінгі жырда және тәуелсіздік жырларындағы символдың рөлін, метафоралық қолданыстарын айқындау, қазақ поэзиясына тән идеялық-көркемдік ізденістерді, ұлттық-мәдени ерекшеліктердің қолдануын қарастырған.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы болашақ ізденушілерге көмекші құрал болмақшы. Жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар аталмыш тақырыптың әрі қарай тереңірек зеттелуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Зерттеуде алынған нәтижелер және зерттеу материалдары оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ поэзиясына тән идеялық-көркемдік ізденістерді, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді, талдауға алынған туындыларды әдебиет сабақтарында пайдалануға болады.

ANNOTATION

The Master's thesis studies the poetry of independence as the reflection of author's personality and consciousness.

The thesis' relevance is explained by the fact that the theme of independence and sovereignty in the modern Kazakh literature is being improved as well as our country is developing.

The first chapter of the thesis is devoted to the public political characteristics of sovereignty; the analysis of the essence of “independence” concept and its components.

The second chapter of the thesis reveals the peculiarities of the independence poetry of young and older generation, the role of independence symbols in their poetry. It represents the degree of national and cultural features in the freedom poetry as well as the structure of versification in the modern Kazakh literature.

The results of the research can be used as the handbook for the young scientists. The conducted analysis can be applied while teaching the Kazakh literature.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Егемен ел және қазақ поэзиясы.....	10
1.1 Қоғамдық саяси сипат: егемендік табиғаты.....	10
1.2 Тәуелсіздік жырлары және тұлғалар танымы.....	13
1.2.1 Қазіргі жас ақындар поэзиясы.....	20
1.2.2 Тәуелсіздік тұсындағы алдыңғы толқын-ағалар поэзиясы.....	41
2 Азаттық жырларындағы айшықтар танымы.....	51
2.1 Қазіргі поэзиядағы тәуелсіздік келбеті.....	51
2.1.1 Егемендік танытудағы символ.....	58
2.1.2 Тәуелсіздік танымындағы метафора.....	63
2.2 Азаттық жырларындағы ұлттық-мәдени ерекшелік.....	67
2.2.1 Ақындар өлеңдеріндегі ұлттық мүдде мәселесі.....	72
2.2.2 Қаламгер толғау-нысаны – қаһарманын дәріптеу дәстүрі.....	75
2.3 Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі құрылымдық ерекшеліктер.....	77
Қорытынды.....	81
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	84

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ поэзиясындағы талантты ақындардың орнын айқындау, әлеуметтік саяси тақырыптардың суреттелуі, жазушылық шеберлік жайлы зерттеу – асыл мұраны танудың баспалдағы. Поэзия әлемі – өзіндік қиындығы мен қызығы мол тың әлем. Суреткер тілі құдіретті, ол өзіне табындыра отырып, тамсандырады. Әдеби мұра – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Қазіргі қазақ поэзиясының «сыр сандығын» ақтарып, өсу мен өркендеудің ұлағатты үрдісіне сай пайдалану бүгінгі күн талабы.

Әдебиеттегі замана келбетін анықтау өміршендігімен екшеленеді. Қазіргі қазақ лирикасында қаламынан нұр төгілген ақындар өлеңдерінің тақырып ауқымының кеңдігі, көркемдік қуатының өзгешелігі жағынан да оқшауланатыны қазақ әдебиетінің әрқилы шындығын алақанға салғандай ап-анық ете көрсетіп, өзіндік көркемдік өрнегімен әлемге әйгілейтін кесек-кесек тұлғалары, кемелденген қаламгерлері болары белгілі.

Сөз өнерінің даму тарихында ерекше бір кезеңдердің болатындығы шындық болса, қазақ әдебиетінің даму белестерінде тәуелсіздіктен кейінгі уақыт айрықша атап өтуге тұрарлықтай мерзім. Дегенмен, бүгінгі біз әңгіме еткелі отырған қырлары көп поэзия әлемі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап рухани-эстетикалық айрықша серпілістің байқалғандығы ақиқат.

Тәуелсіздіктен кейін әдебиетке келген бұл толқынның ең басты ерекшелігі ретінде адамтану әліппесін айрықша назарда ұстануын, сөз өнерінің Адамды жан-жақты танудағы рөліне баса көңіл бөлуін атар едік.

Сөз өнеріне өткен ғасырдың соңын ала келген, шығармаларының негізгі бөлігін жаңа ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ оқырманына ұсынған, қазіргі кезеңде қазақ прозасының көшбасшыларының ізін баса өздері де көштің алдыңғы қатарында жол бастап жүрген орта буын өкілдері шығармаларының басты нысаны ретінде адам жан дүниесін алып, оның қайшылыққа толы ішкі әлемін барынша шынайы, тереңнен толғап жеткізуге күш-жігерін салды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазақ поэзиясындағы азаттық, тәуелсіздік аңсары кейінгі жылдары өзінің бұрынғы асқақ ұлттық рухын қайта тапты және тәуелсіз Қазақстанның алғашқы апыл-тапыл басқан қадамын қалтқысыз қадағалап, рухани демесін, сүйеніш бола білді.

Қазақ поэзиясындағы егемендік мәселесі жас, тәуелсіз елмен бірге жетіліп келе жатқан тақырып. Тәуелсіздік жылдарынан қазіргі кезге дейінгі аралықта егемендікке қалам тартпаған ақын жоқтың қасы. Соны ескерсек, оның қазақ әдебиетіндегі жай күйі, берілу жолдары, жырлану тәсілдерін зерттеу керектігі дау тудырмайды. Сондықтан аталмыш тақырыпқа қатысты бірлі-жарым ғылыми тұжырымдарды жан-жақты қарастырып, осы тақырыптарды арқау еткен туындыларды теріп талдау жұмыстың өзектілігін көрсетті.

Зерттеу нысаны: Тәуелсіздік алған кезеңнен кейінгі қазіргі қазақ әдебиетіндегі ақындардың поэзиялық туындылары.

Зерттеу пәні: Қазіргі қазақ әдебиеті

Зерттеу жұмысының мақсаты. Магистрлік диссертацияда егемендік пен тәуелсіздік ұғымының мәніне, қазақ поэзиясындағы азаттық, тәуелсіздік тағылымдарының тамыры тереңде екендігіне басты назар аударылады және еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы он жылда аталған тақырыптың жаңа мазмұнға ие болуын әр қырынан ашу көзделген.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Қазақ поэзиясындағы «егемендік» танымын анықтау;
- Қазақ әдеби тарихындағы тәуелсіздік, азаттықты жырлаған тұлғаларды дәріптеу;
- Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясына тән идеялық-көркемдік ізденістерді пайымдау, тақырыптық-танымдық арналарды сараптау;
- Тәуелсіздікке дейінгі жырда және тәуелсіздік жырларындағы символдың рөлін, метафоралық қолданыстарын айқындау;
- Азаттық жырларындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктердің дәрежесін көрсету;
- Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі құрылымдық ерекшеліктерді саралау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Жұмыста қазақ поэзиясындағы азаттық, тәуелсіздік жырларының көркемдік тұстары егемендікке дейінгі жырлармен алғаш салыстырыла қаралды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Диссертация нәтижелері болашақ ізденушілерге көмекші құрал болмақшы. Жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар аталмыш тақырыптың әрі қарай тереңірек зеттелуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз. Сондай-ақ талдауға алынған туындыларды әдебиет сабақтарында пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Бұл жұмысты жазу барысында егемендік ұғымының мәнін ашуда М. Жүнісов пен Т. Мансұровтың авторлығымен жазылған «Егемендік келбеті», тақырыпты жан-жақты ашу, игеру үшін еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жарық көрген М. Қозыбаевтың «Өркениет және ұлт», С. Қирабаевтың «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» деген еңбектер септігін тигізді. Теориялық тұжырымдар жасауда Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ ұлттық энциклопедиясы, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары жинақталды. Ал тәуелсіздік жырларының көркемдігін ашуда З. Ахметовтің, Қ. Жұмалиевтің, М. Базарбаевтың, З. Қабдоловтың, Қ. М. Жүсіптің т.б еңбектерін негізге алдық.

Зерттеу әдістерінің жиынтығы. Ғылыми сипаттама, шолу, салыстырмалы әдеби талдау әдістері қолданылады.

Кілтті сөздер: егеменді, тәуелсіздік, қазақ поэзиясы, метафора, қоғам, мәдениет, таным, тұлға, азаттық жыр, символ

Жұмыстың дереккөзі (зерттелуі). Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы поэзиясы жайында Ә. Қайырбековтің «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясындағы ізденістер мен проблемалар» атты докторлық диссертациясы және Ш. Елеуқеновтің «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде»

еңбегі басшылыққа алынды. Ш. Елеукеновтің аталмыш еңбегі қазақ әдебиетінің 1991-2001 жылдардағы тәуелсіз даму жолын зерттеуге арналған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік, оның тұлғасы мен танымы арқылы туынды мазмұнын ашуда өзіндік рөлі анықталады.
- Тәуелсіздіктің символына айналған дүниелер жырдан табылып, жан-жақты ашыла түсті.
- Бұл жырлардың бұған дейін жазылып келген жалпы халықтық, бостандық, азаттық деген ұғымдардан елеулі айырмашылықтарын саралады.
- Бүгінгі таңдағы әдебиет өлкесінде жұртшылыққа зор талантымен танылып, қалам қарымымен қазақтың қасиетті өнеріне қомақты үлес қосып келе жатқан жас ақындарымыздың сөз бейнелілігі айшықталады.

Жұмыстың жариялануы.

Диссертациялық жұмыс келесідей публикация ретінде жарияланды:

- «Қазіргі қазақ әңгімесі жанрының тақырыптық-құрылымдық сипаты» // «Голоса молодых» жинағы. – Павлодар қ., 2014 ж. – 128-134 б.
- «Қазіргі поэзиядағы тәуелсіздік келбет» // «ХҮ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар қ., 2015 ж. – 10-15 б.
- «Қазіргі поэзиядағы тәуелсіздік келбет» // «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 15.02.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-1-0-2)
- «Азаттық жырларындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктері» // «Инновациялық Еуразия Университетінің хабаршысы» ғылыми журналы. – Павлодар қ., 2014 ж. – 98-101 б.
- «Азаттық жырларындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктері» // «Collegy.ucoz.ru» интернет-журналы. 10.04.2015ж. [http:// Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1](http://Collegy.ucoz.ru/publ/1-0-0-1)
- «Қазақ әдеби тарихындағы тәуелсіздікті танытқан тұлғалар» // «Голоса молодых» жинағы. – Павлодар қ., 2015 ж. – 129-137 б.

Жұмыстың құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Еңбектің соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімі берілген.

1 Егемен ел және қазақ поэзиясы

1.1 Қоғамдық саяси сипат: егемендік табиғаты

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы Егемендік мәселесі» дегенде, ең алдымен, Егемендік ұғымының қайдан шығып, қандай мағына беретініне тоқталған жөн.

Егемендік ұғымы алғаш Францияда қалыптасты. Оны құруда ортағасырлық латынның «суверен» («жоғарырақ» деген ұғымда) сөзі қолданылады. Алғашында Францияда суверендер деп басқалардан қызмет бабы жоғары, мәселен, ведомство бастықтарын, жоғары лауазымды қызметкерлерді, т. б. атады. Тарихшылар атап өткендей, тек XX ғасыр соңында ғана, «суверен» терминін мемлекет билігін қолында ұстаған тұлға ретінде корольге қатысты пайдалана бастады. Король барлық феодалдардың ортақ суверені деп қаралып, ал оның билігі аумаққа үстемдік жүргізуші, Заң шығарушы, жоғарғы сот инстанциясы, салық жинаушы, әскер жасақтаушы т.б. құқықтарға ие тұлға ретінде танылды. XV ғасырдағы Францияда «барондар басыбайлылары король бағыныштылары емес» деген принцип өзгертіліп, король өз қоластына қарайтын жерде тұратын барша адамдардың үстінен қарауға Заңды құқық берілген, ақсүйектер ісінде жоғары билік тұтқасы жоқ тұлға деген қағида тұрақтанды. Француз құқықтанушысы, философ Жан Боден (1530-1596) монархиялық егемендік концепциясын дәйектеуде егеменді билік – мемлекеттіктің негізгі, ең қажетті белгісі, егемендік – мәңгілік және абсолютті тұрақты тәуелсіздік, оның мемлекеттің қоластындағыларға билігі заңымен байланысы жоқ деген тұжырымдама жасады. Ж. Боден егемендік туралы ғылым негізін Жоғарғы және тәуелсіз билікке теліп, егемендікті Заң жағынан басқа мемлекеттерге тәуелсіз мемлекет атрибуты деп жариялады [1, 11 б.].

Егемендік идеясы тұңғыш рет қоғам арасында монархиялық егемендік концепциясы түрінде пайда болды. Бұл кездейсоқтық емес. Ол феодалдық шашыранқылықтан құтылып, орталықтандырылған мемлекет құруды көздеген әлеуметтік тәжірибе кезеңін талабына сай келетін. Тағы бір француз философы және социологы Ж. Руссо егемендіктің негізгі субъектісін түсінуде Ж. Боденнің идеясымен келіспейді. Руссо пайымдауынша егемендік иесі – монарх емес – халық, монарх ұлттық державаның өкілі ғана.

Халықтық егемендік идеясын Ж. Руссо жеке тілек мақсаттан жоғары тұратын билік құрып, адамдар табиғи хал-ахуалға шек қоятыны туралы қоғамдық келісімшарт теориясында айқын ашып көрсетті. Руссо пікірінше, егемендікті жатсынудың қажеті жоқ, ол міндетті түрде ортақ ерікте көрініс табады, ол мүмкін бар, мүмкін мүлде жоқ, мұнда әрі-сәрі орта болмауы тиіс.

Егемендіктің жаңа концепциясын 1789 жылғы ұлы Француз революциясының идеологтары қалыптастырды. Олар халықтық егемендік принципі мен жеке бас еркіндігі құндылығын жария етті. «Адам құқы мен азаматтық Декларацияда» – 1789 жылғы ұлы Француз революциясының саяси манифесінде – жеке бас еркіндігі, сөз, ар-ождан, заң алдындағы адамдар тепе-теңдігі, азаптауға, қарсылық көрсету құқығы тәрізді құндылықтар бекітілді.

Якобиндер көсемі М. Робеспьер (1758-1794) халықтың өзін-өзі басқаруын қолдады, кез келген конституциялық норманы құрып немесе күшін жоя алатын шектеусіз егемендік идеологиясын жария етті. Монархияға қарсы демократиялық күштердің әр түрлі әлеуметтік бағыт-бағдар ұстануы егемендік идеясын халықтық және ұлттық деп шектеуге ықпал жасады. Бірінші бағытты жақтаушылар егемендік субъектісі болып қай ұлт өкілі екендігіне қарамастан халық саналады десе, ұлттық егемендікті жақтаушылар оған тек нақты ұлт өкілдері ғана жатады деп есептеді. «Адам құқы мен азаматтық Декларацияда»: «Халықтық егемендік принципінің түпкі негізі ұлттың өзінде жатыр» делінген болатын. Француз құқықтанушылары халық деп барлық жіктер мен топтар араласып кеткен адамдар тобын таныса, ұлт деп халыққа қарсы қойылған таңдаулы элитаны ұқты. Ж. Руссо, М. Робеспьер, Ж. Мараттар «халықтық егемендік» ұғымын алға тартты. Монархиялық егемендікті жақтаушылармен жүргізілген қиян-кескі күрес нәтижесінде Францияда билікті бөлу идеясы дүниеге келді. Оны халықтық егемендік туралы ғылымды қайта жаңғыртып, саяси еркіндік идеалын сақтауға ұмтылған Ш. Монтескье құрған болатын. Ресей тарихында егемендіктің жұмыс үстеуінің жалпы заңдылығын байқауға болады, ол монархиялық өзін-өзі билеу мен халықтық билікті жақтаушылар арасындағы тартыста көрініс тапты. XIX ғасырда Ресейде егемендік ұғымының орнына көп жағдайда сәйкес келмейтіндігіне қарамастан, «мемлекеттік үстемдік» термині пайдаланылатын.

XVII – XVIII ғасырларда егемендікті зерттеумен басқа елдерден гөрі неміс мемлекеттанушылары көбірек айналысты. Германия империясының мүшелерін мемлекеттік билік түріне қатысушылар деп есептеді, егемендік империя мен оның құрамдас бөліктерінің арасына бөлінді. Унионистер егемендікке тек орталық үкімет қана ие деп ұқты. Олар егемендігі жоқ мемлекеттердің өмір сүруін жоққа шығарған жоқ. Әлі күнге дейін бұл мәселе төнірегіндегі даудамайдың басы ашық күйінде қалып келеді. Неміс құқытанушысы Георг Еллинек (1851-1911) мемлекеттің жеке дара, сырттың қысымынсыз өз құқығына шектеу қою құқығы туралы егемендік белгісін бөліп көрсетті. Ол «өзіндік шек қоюға», сонымен қатар мемлекеттің өз қам-қаракетіндегі барлық пунктерде өзін-өзі айқындап алу қабілеттілігіне үлкен мән берді.

Егемендік теориясы мен тәжірибесінің дамуына АҚШ тәуелсіздігінің Декларациясын қабылдау шешуші ықпал жасады. Оның пайда болу тарихын еске түсіру артық етпейді. АҚШ аумағын ежелден үнділер мекендейтін. XVI ғасырда жергілікті тұрғандарды ығыстырып және құртуға негізделген Солтүстік Американы отарлау басталды. Отарлаушылар қатарынан шыққандар мен плантацияда жұмыс істеуге Африкадан әкелінген негрлерден әр текті, жартылай конфессионалды, көп ұлтты американдық халқы қалыптасты. XVII ғасырдың соңында Ұлыбританиядан тәуелсіздік алу жолындағы азаттық соғысы басталды. АҚШ мемлекеттер одағы ретінде туды, штаттар федерациясы бұрынғы 13 ағылшын колонияларын азат ету барысында пайда болды. Бұл колониялардың егеменденуі 1773 жылғы көкек айында басталды. Үш жылдан кейін АҚШ тәуелсіздігінің Декларациясы қабылданды, Англия АҚШ-тың

тәуелсіздігін тануға мәжбүр болды, ал Франция «АҚШ-тың егемендігі мен тәуелсіздігін, еркіндігін» қорғауға уәде берді. Америка құрлығында ұзақ тартыс-күрестер нәтижесінде жаңа мемлекет пайда болды. Бұл құрлық тарихындағы күрт өзгерістерге жол ашқан еді. 1776 жылдың төртінші шілдесі күні Т. Джефферсон мен Джон. Адамс құрастырып жазған тәуелсіздік Декларациясы бүкіл әлемге жаңа егемен мемлекеттің келгенін паш етті.

Ресейдің құқықтанушысы С. Саблер егемендікті абсолюттік құқықтық еркіндік деп ұғындырады. С. Саблер егемендігі жоқ мемлекеттің өмірде болатындығы туралы пікірге қосылмай, егемендіктің кез-келген мемлекеттің қажетті қасиеті, мемлекет пен басқа өзін-өзі басқаратын құрылымдар арасындағы бірден-бір заңды айырым белгісі деп санады. Егемендігі жоқ мемлекет бола ала ма деген дау-дамай XX ғасырда да қарқынды күшін жоймаған күйінде жалғасып келеді [1, 12-19 б.].

Егемендік терминінің осынау тарихын айта келе, біздің ұғымымыздағы егемен түсінігін, қазақ жеріне егемендіктің келгені жайлы сөз ете аламыз.

«Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» егемендік жайлы былай делінген:

Егемендік, суверенитет (нем.souveranitat – жоғарғы билік) – мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелсіз болуы және елдің ішкі саясатында мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы. «Егемендік» терминін алғаш рет 16-ғасырда француз ғалымы Ж. Боден қолданған деп жоғарыда айтып өттік. Бұл ұғым қоғам дамуының әр кезеңінде әр түрлі мәнге ие болып отырды. Қазіргі кезде мемлекеттік биліктің үстемдігі мен тәуелсіздігі Егемендіктің саяси құқықтық мәнін білдіреді және ішкі-сыртқы саясатта көрініс табады. Бұл үстемдік мемлекеттік органдардың қоғамда тәртіп орнатуға және құқық тәртібін сақтауға қабілеттілігінен, лауазым иелері мен лауазым жоқ азаматтардың тең құқықтарын қамтамасыз етіп, бірдей міндеттер жіктеуінен көрінеді. Сыртқы саясатта әр мемлекет өзге мемлекеттің Егемендігін ескермей тұра алмайды. Сондықтан Егемендік пен тәуелсіздікті өзара құрметтеу принциптері халықаралық қатынастар халықаралық құқықтағы негізгі мәселе болып табылады. Оның басты шарты – тәуелсіз мемлекеттердің, әлеуметтік-саяси жағдайының ерекшеліктеріне, халық саны мен территориясының көлеміне т.б жағдайларына қарамастан, бір-бірімен тең дәрежеде қарым-қатынастар жасасып, араласуы. Бұл принциптер БҰҰ жарғысында және басқа да халықаралық келісімдерде бекітілген. Халықаралық қатынастарда мемлекеттер бір-бірімен ықпалдасу кезінде өздерінің іс-әрекеттерін Егемендікті құрметтеу принциптерінің белгілі бір ережелерін бағындарады. Мұндай ережелер келісім жасалған сәттен бастап әлгі мемлекеттер үшін міндеттілік сипат алып, халықаралық құқық нормаларына айналады. Бұған қоса Егемендік сол мемлекетті құрап отырған ұлттың саяси билігін қорғауы тиіс. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің егемендігін жариялады. («Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация»). Бұл декларация Қазақстанның тәуелсіздігін бекітуге жасалған алғашқы қадам болды [2, 336 б.].

Осы жерде «егемендік – тәуелсіздіктің алғашқы қадамы» дегенге баса назар аударған жөн. Көп жағдайда егемендік пен тәуелсіздік ұғымдары тең

дәрежеде қолданылып жатады. Жоғарыда егемендіктің қыр-сыры ашылды. Енді бұл екі ұғымның байланысын, ерекшелігін ашу үшін, тәуелсіздікке түсінік бере түссек. Тәуелсіздік – мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Тәуелсіздіктің нышандары ретінде мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған аумағының болуы; сол аумақты басқаратын мемлекеттік биліктің болуы; елдікті нақыштаған әнұран, тудың және елтаңбаның болуын атауға болады [3, 307 б.]. Жалпы, «тәуелсіз» деген сөз ешкімге, ешнәрсеге бағынышты емес дегенді білдіреді. Ендеше, егемендік пен тәуелсіздік өте жақын, жуық ұғымдар. «Егемендік декларациясы – тәуелсіздіктің алдыңғы баспалдағы» [4, 268 б.], – деп қоғам қайраткері, академик М. Қозыбаев та айтады. Бұл екі ұғымды бөліп қарастыруға болмайды, екеуі әрқашан бірлікте. Әсіресе көркем әдебиетте солай болады. Егемендік, ең алдымен, елдің талантты, ақылды, жігерлі жастарын, азаматтарын өмір алаңына шақырады, яғни халық қайраткерлерін дербес тәрбиелеп өсіреді деген сөз. Осы өсу, осы тамаша құбылыс арқылы бүкіл ел, оның ұрпағы, адамдары жаңарады. Ол жаңару – халық санасының, рухани тіршілігінің мүлдем жаңаруына әкеп соғады. Сайып келгенде – Егемендік, Еркіндік – жаңа қазақ халқын туғызады. Егемендіктің қадірі тек Еркіндікте емес, сол Еркіндіктің арқасында халықтың қайта түлеуінде, қайта жаңғыруында. Біздің Егемендік дегендегі арманымыз – осы.

1.2 Тәуелсіздік жырлары және тұлғалар танымы

Алаш ардақтысы М. Шоқай: «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады» [5, 133 б.] – деген еді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы онжылдық қаншама қиын өткелдерін алдымызға тосқанын, қаншама ауыртпалықтарды арқамызға артқанын қалай ұмытайық! Сол он жылдағы кешкен бейнет те, тартқан азап та, шым-шымдап бойға дарыған қайрат та – бәрі-бәрісі қазақ поэзиясында алуан реңкті өз бояуын тауып, заман келбетінің қалай-қалай құбылғанын айна қатесіз образға айналдырып, әдебиет тарихында қалдырды.

Поэзияның дамуы қоғамдық ой-сананың дамуынан тысқары қала алмайды. Тіпті, поэзиялық шығармаларды тану, түсіну, қабылдаудың да қоғамдық жағдайға, идеологиялық ықпалға қатысты болатынын ұмытпауымыз керек. Академик С. Қирабаев: «Тәуелсіздік біздің ұлттық идеологиямыздың негізі болуы керек» [6, 19 б.] – деген ойды ортаға тастағанда, ең алдымен, біздің рухани, мәдени, тарихи, саяси, экономикалық, т.б. құндылықтарымыздың бәрі тәуелсіздіктің арқасында бағалы, ендеше соның бәрі ұлттық тәуелсіздігімізге қызмет етуге тиіс деген тұжырым жасаған.

Ақын қоғамдық өмірдегі өзгерістердің көшірмесі емес, ол өлең тілінде, образға орап, заман тынысын, уақыт демін, тарихи ақиқатты жүрек лүпілімен, жан дірілімен жырға айналдырады.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаев: «Тарихтың ұлы көші қайда бағыт ұстап, шерлі шежіре парақтары қанша аударылса да, мындаған жылдар бойы Еуразия атты қарт материк талай-талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл кіндік ортасындағы ұшы-қиыры жоқ ұлы даланы «үстінде көк аспан, астында қара жер жаралғаннан бері» мекен етіп келе жатқан халық әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдарымен өмір сүріп келеді. Оған уақыттың өзі куә» [7, 18 б.] – деген.

Көне түркі дәуірлерінен жеткен сарындарға құлақ түрсек, елін, жерін қорғау, азат ғұмыр кешу, ел іргесін кеңейту сияқты мемлекеттік мәселелердің бел ортасында басы ноктаға сыймайтын батырлар, қаһармандықпен қамал алған қолбасшылар тұлғалары өркештеніп көрінеді. Халық бейбіт өмір сүру, қуатты тұрмыс құру, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» тыныштықты аңсау сарындарын тікелей батыр туған ұлдарының есімдерімен байланыстыра жырлаған.

Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым М. Жолдасбеков: «Орхон жырларының негізіне түркі руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған» [8, 86 б.] – дейді. Түркі руларының басын біріктіру, іргесін бүтіндеу, сыртқы жаулардан қорғау идеясы – азаттық идеясының байрағын көтеру деген сөз. Түркі тайпаларының бейбіт күнді, азат күнді аңсаудан, ел қорғаған қаһармандардың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етуден, ел тұтудан туған жырлары тасқа таңбаланып қалды.

Қазақтың батырлық жырларынан кейін ел, жер қорғау, азаттық идеясы қазақ ақын-жыраулар поэзиясында (XV – XVII ғ.ғ.) және зар заман ақындары аталатын – XVIII ғасырдың соңынан бастап, XIX ғасырды тұтас қамтитын Ресей отаршылдығына қарсылықтан туған поэзияда кең көрініс тапқан. Қазақ хандығының тұсындағы жыраулардың көбінің, Өз-Жәнібектің қасында болған Асан қайғының, Мамай ханның ақылшысы Доспамбет жыраудың, Темір бидің тұсындағы Шалкиіз жыраудың, Есім ханның қасындағы Марғасқа жыраудың, Өз-Тәукенің қасындағы Ақтамберді мен Абылай ханның тұсындағы Бұқар жыраудың елге істеген қызметтері зор. Ел тізгінін ұстау көптің қамын жеумен байланысты болған заманда қазақ хандары ақылшы билері мен жырау-жыршылары арқылы қалың халықпен қарым-қатынасын кеңейткен, өздерінің қиналған тұсында олардың кеңесіне тоқтаған. Жыраулар халін толғап барып, оны елдің тілегін, арман-мұңын айтқан жырларымен жалғастырған. Бұл жырлар, негізінен елдің бірлігі, жердің тұтастығы, ұлттық тәуелсіздік идеясымен байланысты толғаулардан тұрады. Осы арқылы жыраулар ақылшы қарияның, толғаушыл кемеңгердің өз бейнесін жасап, дидактикалық поэзияны биікке көтерген.

Жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күрес сарыны XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясын тұтас қамтиды. Әйтсе де, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікаралардың жырларында отаншылдыққа, батырлыққа үндеу, азаттықтың жаршысы болу идеясы басымырақ. Бұқар жыраудың толғауларында жалаң ұраншылдықтан гөрі, ақылдың безбеніне салып, ой таразысына тартып

салмақтау, ұлттық ұйысудың мәнін ұқтыру, дүние пәлсапасы, даналық дәнектері тұнып тұр.

Қазақ жыраулары жөнінде ой сабақтағанда академик С. Қасқабасов: «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал, мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды» – деген [9, 503 б.].

XIX ғасырда орыс отаршылдығына қарсы күресте айрықша көзге түскен Кенесары – Наурызбай, Исатай – Махамбет, Сырым, Бекет пен Есет, Жанқожа батырлардың ерліктері тарихи жырлардың жаңа легін туғызған. XIX ғасырдың басында жыраулар поэзиясы әлсіреп, қазақ әдебиеті дербес ақындық поэзияға бет бұрды. Бұл – бір жағынан, орыс отаршылдығының күшейіп, бүкіл елді, оның билеу жүйесін қолына ала бастаған тұсы. Қазақ жеріне бекіністер салынып, орыс әскерлері кірді. Шұрайлы жерлер тартып алынып, орыс шаруалары қоныстандырылды. Ел тіршілігінің шеңбері тарылып, отаршылдық темір құрсаудай қыса бастады. Осыған орай дербес ақындық поэзия қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайларын жырлауға бет бұрып, ел басындағы ауыр мұңды, қайғыны суреттеуге ойысты. Жалпы қазақ әдебиетінің халық өмірін жырлауға ұмтылысы, қоғамдағы өзгерістердің тарихи сырын түсінуге талабы осы тұстан басталады. Бұл кездің әдебиеті, негізінен, екі түрлі бағытта дамыды. Бірі – отаршылдық пен ұлттық езгіге қарсы үндеген күрес поэзиясы да, екіншісі – отаршылдық әкелген ел басындағы ауыр күйді суреттеумен шектелген, одан шығатын жол таппай күңіренген шарасыздық поэзиясы. Күрескер поэзия қазақтың батырлық дәстүрін үлгі етті. Махамбет жырларында жыраулық поэзияның әсері де күшті екені байқалады.

Осы дәуірде туған қазақтың әлеуметтік күйін, ел мұңын жырлаған поэзияны кезінде М. Әуезов «Зар заман поэзиясы» деп атаған. Зар заман ақындары қазақтың кешегі дербес күн көрген азат өмірін жырға қосты, отаршылдықпен келген қоғамдық және адам бойындағы психологиялық өзгерістерді ашты, ел мұңын жырлады. Д. Бабатайұлының, Ш. Қанайұлының, М. Мөңкеұлының, Ә. Кердерінің заман шындығын суреттеген өлең-толғаулары қазақтың ұлттық әдебиетінің аса биік үлгілері саналады. Елдің саяси өміріне көзқарас пен халық басындағы мұң-зарды терең аша білген, азаттық жолындағы күрес дәстүрін үлгі еткен қазақ поэзиясындағы осы екі ағым жаңа ұлттық ойдың, ұлттық сананың оянуына көп септігін тигізді. Поэзияға азаматтық әуен, әлеуметтік сарын тереңдеп кірді.

М. Өтемісұлы жырларын «Ереуіл толғаулары» деп ерекшелеген С. Мұқанов: «Халық бостандығы үшін болған күресті сипаттайтын XIX ғасырдағы халық көтерілісі кезінде найза мен қаламын бірдей қару етіп жұмсаған одан басқа ақын жоқ» – деп шегелей тұжырымдаған [6, 23 б.].

Ал осы Махамбеттің құдіретті жырларының бастау көздері, тұма-қайнарлары қайда жатыр дегенде, сөз жоқ, ежелгі түркі дәуірлеріндегі ерлік жырларынан бері қарай үзілмей келе жатқан ұлы сарын, өзекті желі ойға оралады.

Қазақтың ұлттық ой-пікірін байытқан осы поэзия XIX ғасырдың екінші жартысында демократтық-ағартушылық әдебиеттің тууын тездетті. Абай мен Ыбырай да, Шоқан да қазақ халқына отаршылдықтың әкелген зардабын көрді. Бірақ одан құтылудың жолын зар заман сарынына берілуден де, патшаға қарсы әлсіз күшпен ашық күреске шығудан да іздемеді. Олар отаршылдықтан елді оқыту, ағарту, орыстармен теңелу арқылы ғана құтылуға болатынын түсінді [6, 24 б.].

Ал, XX ғасырдың басында Ресей жеріндегі әлеуметтік революциялардың әсерімен А. Байтұрсынов пен М. Дулатов демократтық көзқарасты отаршылдыққа қарсы күреспен жалғастырды.

Халық бостандығы тақырыбына жыр жазған ақындардың барлығы да Ахмет пен Міржақыптың кең қолтығының астынан өрбіді. Отаршылдыққа қарсы күрес, елдің тәуелсіз даму жолына түсуі, алдыңғы қатарлы елдерге теңелу, оқу-білім үйрену, халық тұрмысының ауыртпашылықтарын ашына сөз ету бүкіл дәуір әдебиетінің ерекшеліктеріне айналды.

А. Байтұрсынов пен М. Дулатов идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кеткен. С. Торайғыров, С. Дөнентаев, М. Сералин, С. Көбеев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты [6, 27 б.].

XX ғасырдың басындағы бостандық, теңдік идеяларын уағыздаған ағартушылықты, демократиялық бағыттағы әдебиетіміздің аса дарынды өкілі – С. Торайғыров. Ол қоғамдық өмірге араласа бастаған, ақындық өнерді өзінің өмірлік мақсат-мұраты деп түсініп, осы жолға белін бекем байлап шындап түскен кез – XX ғасырдың басы қазақ даласына үлкен өзгерістер әкелді. Ғасырдың басында қазақ қоғамында ұлттық мүдде, елдің елдігі, еркіндігі үшін, мәдениетке жету үшін күресуді мақсат еткен бағыт, демократиялық қозғалыс күшіне ене бастады.

Ақ патша тағынан құлап, қалың елін отаршылдық езгісінде ұстаған басқару жүйесі күйреген соң бірнеше ғасыр бойы үстемдік құрған империядағы басқа бұратана халықтар секілді қазақ халқының еңсесі көтеріліп, ұлт азаттығына қол жеткізуіне ұмтылған қайраткерлер батыл қимыл-әрекет жасауға кірісті. Алаш партиясы құрылып, алаш үкіметі орнауы осы жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайдағы қоғамдық өмірдің талабынан туған оқиға және қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянғанының айқын көрінісі еді. «Шындықтың ауылын іздеп», туған елінің аспанында жарық күндей болып өнер шашуға талпынып, шиыршық атып үнемі толғанып жүрген ақын «бостандық», «теңдік»

деген алаш ұранына қуана үн қосты. Бұл тұста ақынның «Алаш ұраны» өлеңін атап өтуге болады [6, 31 б.].

С.Торайғыров алаш партиясының ұранын, алаш үкіметінің бостандық жолымен елді көгерту мақсатын өз жанына жақын санап, бар ықыласымен құптады.

Одан кейін қазақ поэзиясының белестерін биіктеткен – М. Жұмабаев. М.Жұмабаев көтерген проблемалар кеңес өкіметі жүргізген саясаттан әлдеқайда биік еді. Ақын тап көлемімен шектелмей, жалпы адамзатқа, қалса түркі тектес ұлттарға ортақ ойлар айтады. Ел жайлы, оның болашағы, ағарту, өнер іздеу жайларына да осы жалпыхалықтық тұрғыдан қарады. Адамды адамның қанауын ол капиталистік Еуропаның момын, әлі оянып болмаған шығыс халықтарын езіп отырған отаршылдық саясатынан көрген еді. Мұнда тұрған ешқандай ұлтшылдық жоқ. Жалпы езілген халықтардың бейнесінде Азияны, тойымсыз отаршылдықтың бейнесінде Еуропаны алып суреттеу – ол кезде жалпы әдебиетте жиі көтерілген тақырып. Оған С. Сейфуллин де («Азия», «Алтай»), І. Жансүгіров та («Гималай») үн қосты. М. Жұмабаевтың осы тақырыпқа арнаған өлеңдерінің бұлардан айырмашылығы – шығысты жалпы алмай, түрік деп алып, ер түріктің жауынгерлік дәстүрлерін аша, көтере жырлауында. «Түркістан», «Орал», «Ақсақ темір», «Күншығыс», «От» деген өлеңдердің ерлік рухы бұл тұрғыда айрықша бағалы [6, 96 б.].

Сонымен қатар «Өткен күн» өлеңінде ел тұтастығының қажеттігін жер тұтастығы арқылы дәлелдеуге тырысады. Осы тұтастықты бұзып, елді бөлектеген саясатты айыптайды. Ақынның пікірі де біздің бүгінгі ізденістерімізге жаңа мазмұн, мағына береді, М. Жұмабаев көтерген мәселелердің өміршендігін танытады.

С. Сейфуллиннің революция алдындағы шығармалары ақынның іздену, өсу жолы халық жолымен бірге болғанын аңғартады. Халық мұңы мен азаттыққа ұмтылу арманы оны бұл жылдары бұрынғыдан гөрі көбірек ойландырады. 1915 жылы жазған «Көңіл» деген өлеңінде ол революция қарсаңындағы халық көңіліндегі толқуды суреттейді. Лирикалық кейіпкерде іздену, жан-жаққа шарқ ұрып, талпыну бар. Ақын көңіл талабына қосылады, оның мұратына жетуін қолдайды. «Мұң» деген өлеңде ескі өмірден шаттық таппай күйінеді. 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде жазған «Толқын» атты өлең көкіректеі кернеген елдің қайғы-қасіреті толқынына толы.

1917 жылдың наурызында жазған С. Сейфуллиннің «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер» деген өлеңдері күрес дәуірі тудырған қазақ әдебиетінің алғашқы сөзі, азаматтық, саяси лириканың басы. Бұл өлеңдерде ақын патшаның құлауына қуаныш білдіре отырып, «атқан таңды қарсы алуға асығыс жолға шыққан ерлердің ісін паш етеді.

Азаттық өзінен-өзі келмейтінін түсінген халықтың езілген, қаналған бөлігінен «топ» құрып, оларды күреске үндеуі де осыдан.

Бұл жырлардың бұған дейін жазылып келген жалпы халықтық, бостандық, азаттық деген ұғымдардан елеулі айырмашылықтары бар еді. Сәкен халықты жалпы алмайды, оның езілген, қаналған, кедей тобына іші бұра қарайды. Азаттықты солар үшін деп түсінеді. Отаршылдықтан азат бола отырып, бұқара

халықты ұлттық езгіден босатуды қалайды. Ақын өлеңдерінің кейіпкері де осы бағыттағы күрескер. Бұл – Сәкеннің қоғамдық шындыққа тап тартысы тұрғысынан қарай бастағанының белгісі болатын [6, 179 б.].

Осы дәуірден басталған Сәкеннің революцияшыл жырлары ұлттық әдебиетімізге азаттық жолындағы күрес рухын кіргізді.

Революцияның тарихи сабақтарын, әлеуметтік-таптық мәнін, қазақ халқына әперген есе-теңдігін жырлау – І. Жансүгіровтің саяси лирикасындағы арналы тақырыптардың бірі.

Ақынның саяси лирикасындағы ең бір берекелі арна – өзгерген дала келбетін, оның адамдарын, қазақ республикасының өрісті қадамын, кемел қимылын, қанатты келешегін жырлау, жаңа көзқарастағы адамның рухани келбетін, адамгершілік сырын, еңбектегі ерлігін бейнелеу. Шалқыған толғау үлгісіндегі «Бүгінгі дала» (1928) өлеңінде өткен күндерде қазақ халқы бастан кешірген қиямет, азаптар шола баяндалып, революциялық өзгерістер тудырған жаңалықтар, еркіндік, бостандық, азаттық мадақталды. Кейін бұл әуездер «Дала» поэмасында мол сарынға айналады [6, 212 б.].

Азаттықтың айналасында жыр шерткен қазақ халық поэзиясының алыбы Ж. Жабайұлының есімі бүгінде дүние жүзіне мәлім. Ғасыр жасап, екі заманның бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін, биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті, дәстүрлі қазақ жырын жаңа дәуірдің талап-тілектеріне орайластыра, жаңарта, жасарта білді.

Ақынның 20-жылдары айтқан жырларының көбі сақталмаған. Кезінде жазылып қалғандары – «Қазақстан тойына» (1924), «Заман ағымы» (1927) сияқты бірен-саран ғана жыр-толғаулар. Мұның алғашқысын Жамбыл Қазақстанның автономия алуының төрт жылдық тойында айтқан. Онда елдікті, тәуелсіздікті аңсаған ақынның көңіл-күйі, арман-тілегі жырланады, Қазақстан автономия алуына қуаныш білдіреді [6, 302 б.].

Қазақ поэзиясының тарихында С. Мәуленовтің атын атамай өтуге болмайды. Алғашқы өлеңге әуестігін соғыстан бастап, ақындық талантын Отан соғысының майданында ұштаған Сырбай содан бергі дәуірдің бәрінде де белсенді ақындық өнерімен көзге түсті.

Соғыстың халық басына түскен ауыртпалығы мен қайғысы «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінде психологиялық тұрғыда күшті шешілген [6, 304 б.].

Бостандықты жырлау мына ұлылардан кейін Ғ. Қайырбеков, У. Мәмбетов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, М. Мақатаев, , Т. Айбергеновтың маңдайына жазылды. Бұлардың шығармашылығы шындықтың бетіне жалтақсыз қарап, ойын бүкпесіз анық айтуымен, поэзиядағы әр алуан жазу өрнегін байытуымен, біріне-бірі ұқсамайтын стильдік өзгешеліктерімен көзге түсті.

XX ғасырдың соңында азаттық үшін болған ұлы оқиға – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Уақыт қалайда шындықты жер бетінен жасырғысы келгенмен, адалдық үні ақыры жарып шықты. Желтоқсан оқиғасы – үстемдік саясатқа мойынсұнып, қалғып, қараңғылана бастаған халықты оңыс оятқан озық ойлы оқиға. Ол ел еңсесін езген жоқ, елдігін көтерді, санасынан ұлттық

рухы ояна бастағандарға саңылау енгізді, ата-бабаның қанымен, жанымен қорғаған қасиетті жерінің құнын арзандатушыларға қатал сабақ болды. Ол жеңіліс емес, жеңіс еді. Осынау оқиғаны жыр етпеу мүмкін емес. Ақындар, әрине, тәуелсіздіктің туын көтерген бұл көтеріліс жайлы жалынды жырлады.

Дербестіктің соңғы құрбаны күні кешегі қыршын Қайрат та ажал алдындағы соңғы сөзін өлеңмен өрді. Тәуелсіздікке қолымыз жеткенде соның өлшеусіз қуанышын қарсы алғандар да, әл күнге дейін жырмен жар салып келе жатқандар да әсіресе ақындар.

Ғасырларды көктей өткен ұлы сарын – азаттықты, тәуелсіздікті аңсау сарыны болатын. Тарихқа үңіліп, тасқа қашалған, қағазға хатталған жырларды оқыған сайын бұған көзіміз жете түседі. Азаттықты аңсау сарыны бүкіл адамзаттық мұрат-мүддемен ұштасып жататындықтан да өміршең өрі мәңгілік. Себебі, жер бетінде қаншама ғасыр ғұмыр кешсе де бейбітшілікті, бірлікті, тәуелсіздікті бәрінен де жоғары қояды. Сол үшін күреседі. Соны келер ұрпаққа аманаттайды. Мұның айқын дәлеліне көне дәуірден, сонау сақ, ғұн замандарынан бермен қарай үзінділері сақталған, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жеткен аса бағалы рухани құндылықтарымыз – жыр-дастандардағы арман-аңсауларға назар аударту арқылы көз жеткіземіз. Ендеше, қазақ жырындағы азаттық, тәуелсіздік тақырыбының тамыры тым тереңде жатыр. Дәстүрлі жалғастық, сабақтастық бар.

Тоқсаныншы жылдардың орта тұсына дейін жарық көрген көптеген жыр кітаптары еліміз егемендік алғанға дейінгі дәуірде жазылған өлеңдерді құрайды. Яғни, бірен-саран туындылар болмаса, негізінен, өткен кезеңнің жемістері. Оның себебін ақындық дауыстың тоқсаныншы жылдардың басында өте бәсең естілуінен, рухани дағдарысты кезеңді бастан өткерді. Тек мерзімді баспасөзде, теле-радио арналарында ғана ақындардың үні құлаққа еміс-еміс естілді.

Қазіргі қазақ поэзиясы үлкен даңқты жолдан өтіп енді міне, XX ғасырдың аяғы, XXI ғасырдың басында мүлде жаңаша тебіреніс, толғаныс, ойланысқа беріліп, атын да, затын да жаңалады. Соңғы он-он бес жылдың қаразында бұрынғы қазақ кеңестік поэзиясы тәуелсіздік кезеңінің поэзиясы аталды.

1991 жылғы желтоқсанның 16 жұлдызы күні Қазақстан аспанында ұлт азаттығының көк байрағы желбіреген ғажайып сәт қазақ өлең сөзінің бүгінгі нұры, ғайыптан тапқан сыры. Ақ жүрек, адал өзек ой-сезімі соңғы жылдардың уылжыған жыры боп төгілуде. Үкілі шығармалардан бастасақ, 2000 жылдары Т.Медетбек «Тағдырлы жылдар жырлары», 2002 жылы Иран-Ғайып /Оразбаев Иранбек/ «Қорқыттың көрі» атты жыр кітабы, Н. Оразалин «Ғасырмен қоштасу» деген жыр жинағы, М. Айтхожина «Аңсау» атты өлең кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Егемендік, тәуелсіздік тақырыбы сол Егемендік пен Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін кілт тиылса керек еді, жоқ қайта өтпелі кезеңдегі өткелектерден шыдам-төзімнің арқасында халқымыз аман-есен өткеннен кейін, бұл тақырып қайтадан үздіксіз жыр арқауына айналып жүре берді.

Т. Әбдірахмановтың «Тәуелсіз тіктің Ақорда», Қ. Шаңғытбаевтың «Азаттық күнгі жыр», С. Сейітовтің «Тәуелсіздік тізгіні берік қолда», Қ. Мырзалиевтің «Ұлы махаббат», М. Айтхожинаның «Атамекен, мерейің аса берсін», К. Ахметованың «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық», О. Асқардың «Ата заң», Т. Молдағаливтің «Еркіндік деген бір сөзден» т.б. ақындардың тікелей тәуелсіз еліміздің тағдырлы жылдардағы келбетін айшықтауға арналған жырларының мазмұны да бай, мағынасы да жаңа. Азаттық пен тәуелсіздікті аңсау, зарығып күту, сол үшін күреске үндеу бір басқа да, сол азаттық пен тәуелсіздік орнағаннан кейінгі «Мен – тәуелсіз елдің азаматымын» деп асқақ көңілмен, шат сезіммен қолға қалам алу екінші басқа.

Азаттықтың шынымен нағыз дәмін татқан жылдар деп еліміздің тәуелсіздігіне 10 жыл толған кезді атауға болады. Осы жылдары тәуелсіздікті тілге тиек еткен ақындар жылдары көптеп шықты. Бұл тұста М. Айтхожа, Өтеген Күмісбай, М. Бектемірова, Иран-Ғайып пен С. Иманасов, Ж. Бөдешұлы, Ұ. Есдәулет, С. Ақсұңқарұлы, Т. Медетбек, Е. Нүсіпбеков, О. Асқар сынды сайыпқырандарымызды аузымызға аламыз.

М. Айтхожаның «Жұлдыз» журналындағы 2001 жылғы 12 санында жарияланған «Тербейін тәуелсіздік талбесігін!» атты өлеңі, осы сандағы Өтеген Күмісбайдың «Тәуелсіздік толғауы», Ж. Бөдешұлының «Емендер түнде бүрлейді» (2002) жинағына енген «Қазақтың көк байрағы» атты өлеңі, Арман Қанидың «Шындықпен бетпе-бет» (2006) жинағына енген «Бостандық тұлпары» (2001ж, желтоқсан) өлеңі және «Сен және мен» (2001ж, желтоқсан) өлеңі, О. Асқардың «Тәуелсіздік тартулары» (2001) деген қазақ халқының дербес мемлекет болып тәуелсіздік алғанының 10 жылдық мерейтойына арналған жыр шашуындағы «Дербестік дес бергенде», «Рәміздерім», «Көк туым» т.б өлеңдер туымыздың асқақтап желбірегеніне 10 жыл толуына орай жазылған жырлар.

Одан кейінгі жазылған өлеңдердің біразы 2005-2006 жылдары жазылған өлеңдер.

Қазақ өлеңдеріндегі азаттық аңсарының арғы бастаулары ғасырлар қойнауында жатыр.

1.2.1 Қазіргі жас ақындар поэзиясы

Егемен ел аталып, тәуелсіздік туын желбіреткен тұста рухани мұраны, әсіресе қоғамның болмыс-бітімі мен кескін-келбетін бағамдайтын әдебиетті жаңаша саралау – өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі әдебиетке қарар болсақ, елдің бәрі батысқа қарап жүргенде шығыстың желіне бетін берген бір ақын өзгешелеу көзге түседі. Оның есімі Мұрат Шаймаранұлы!

*О, менің шығысым - әсерлі шырайым,
Аңыздай айтылып тұратын күн- айы.
Есімді білгеннен ертегіңді емдім мен,
Еліктеп келдім мен елесіңе ұдайы.*

*Сен жақтан атпаған таң бүгін - қара таң,
өзімде мекен бар, сөзімде жоқ отан.
Түсімде самұрық мініп ап, (о, Тәңір!)
Күн туар тұстарға зымырап баратам.
(«Шығыс ертегісі») [10, 26 б.].*

Бұл ақынның жүрек сөзі. Өлеңнің өзі айтып тұрғандай Мұраттың «шығысқа ғашықтығы» осылай басталған. Ол «Хафизге шағыну» өлеңінде:

*Жамау-жамау болсада шекпеніңнің өңірі,
Еліктейді бір саған тәкаппарлау өмірім
Сұлуларға іңкәрмін қайың – балтыр, гүл – ерін,
Сол ерінде бояу боп тұрған менің жүрегім...
Қабақтары болғасын қиылған бір ай мүсін,
Мен нұрлы айды жырлаймын,
Жырлаймын һам қайғысын.
Әсемдіктің әсері қуат беріп соңғы шақ,*

Бақыт екен шайырға асқақ жүру сен құсап [10, 27 б.], – деп өзінің шығыс шайырларын пір тұтқанын жасырмайды. Және де ақын өзі ұстанған осы жолды бүгінгі поэзиямен қабыстырып, ары қарай дамытып ешкімге ұқсамайтын жаңа бір бағытқа қарай бет бұрады. Бұл бағыт шығыс шайырларын үлгі етіп басталды десекте, өзі еліктеген тұлғалардың құшағына құлай кететін жалаң табынушылықтан мүлдемге аулақ. Ендігі жерде Мұрат болып қана жыр толғайды.

*«Түңілу» атты өлеңінде:
Бәрі солай болатынын ұқтырып,
Қаңтар өтті, көзқарасы сұп-суық.
Жалғыз шырақ –
(жана-жана білтедей)
Бітті үміт.
Ақпан келер – асыққан бір жолаушы,
Сақа – көңіл, түспейсің-ау сен алышы.
Көбелек – қар, көз алдымда көлбемей,
Жоғалшы!
Тұман – жолдар,
Күмән – жолдар,
Тұл өңір,
Ақын – жүрек, жыла, жыла, жүде бір.
Аққа бояп сен әуре болғанмен,
Кір өмір.
Жауһазын боп құлақтары қалқайған,
Көктем келер, жаның жанып өрт ойдан.
Көктем бе бұл,
Көктемің де көктыын!
Гүлдің бәрі қартайған.
Тамыр түгіл, тасты ерітіп жылуы,*

*Сосын тағы жаз келеді бір ұлы...
Мені мұңға шақырады ақшамда,
Шегірткенің шырылы.
Уақыт берген уағдасына сенерміз,
Сенерміз де уатылып, семерміз.
...бәрі солай болатынын ұқтырып,
Келер күз...
Кеміреді кеудемді бір батыл – ән,
Кемерге ұрған толқынымды сапырам.
«Өмір – жалған!» соны біле тұрсам да,
Қиялмаймын, аһ ұрам...[10, 28 б.].*

Міне осылайша ақын ендігі жерде өмірді ғана қия алмай тұрған жоқ. Өмірді жырлаған өзіндей ақынды, өлеңді қимай тұр. Күндердің күнінде өтіп кететіні, «өмірдің жалғандығы» жай ғана айтылмайды, жыр өзегінде бүгінгі күннің қайғысы, заманының ащы запыраны жатыр. Ал бейнелеу жағында қарапайым, жасандылықтан, зорланудан да Еркін төгілген.

Мұрат жырының тағы бір ерекшелігі әр өлеңінде өзінің жарқыраған моншағы бар. Жұрт жауыр қылған сөз емес, тереңнен сүзіп алған інжудей таза жолдар жиі кезігіп отырады. «Балғын тәнің ескі көйлек ішінде» өлеңінде ана тілінің қаймағын қалқып, қажетінше көсіледі:

*Сен биледің, Айдың уыз сәулесі
Тұрды жамап иығыңның жыртығын...
Ал, адамдар сенің әсемдігіңді
Көздерімен шешіндіре бастады... [10, 29 б.].*

«Сол бір ескі әуендерге...» атты өлеңінде көше бойында ән салып тұрған қайыршының міскін күйін шерте келіп, өлеңін:

*Бізді қойшы, Алматының өзі де,
Қолын жайып көктен қайыр сұрайды, [10, 31 б.] – деп аяқтайды.*

Тағы бір қуанарлығы ақын алғашқы өлеңдерінде «Хафизге ілесіп» «шарапхана» мен «сұлуларды» көп төңіректеген болса, кейінгі өлеңдерінде «Аллах» есімін қайталап, шынайы ақиқатқа бет бұрады. Оны «АЛЛАһ-тың суреті», «Ақын өлімі» өлеңдерінен байқауға болады.

Кейде бір өлеңіндегі сөздердің екінші өлеңінде қайталануы оның ақындығына көлеңке түсіре алмайды. Айталық бір өлеңінде «Көздерімен шешіндіре бастады» десе «Балғын тәнің ескі көйлек ішінде»), екінші өлеңінде «Көзімен сан сұлуды шешіндіріп» дейді. («Бейістің жасыл сирақ әсем құсы»).

Демек, Мұраттың ақындық асау шабыттың арғымағын тақымына баса білген танымал ақындардың біріне айналғанын мойындау керек. Жас жағынан қарағанда «жас ақын» болмағанымен поэзияға өзіндік бетпен келіп, «шығысқа қайта тіл бітірген», ғазалдарды жаңғырықтырып, жастарды қанаттандырып жүрген Мұрат ақынды аттап өту мүмкін емес.

Бүгінгі күнде көп айтатынымыз және әулиедей бас шұлғыр шұрайлы өрісіміздің бірі батыстық үлгі. Батыстық үлгінің әдебиетіміздегі бастауын Абай мен Шәкерімнің аударма жырларынан қарастырсақ қателесе қоймаспыз. Осы

арада батыс әдебиетінің үлгісі саналатын модернизм жайында айта кетудің де артықтығы болмас.

Модернизм (Modernism) әдебиеті ХҮІІІ ғасырдың ортасында – романтизм, реализм секілді байырғы әдебиеттік үлгілерге қарсы немесе оның басқаша бейнелену әдісімен кемелденген түрі негізінде қалыптасқан ағым. Ол жаңаша түрленіп, постмодернизм (postmodernism) деп аталған. Қарапайым сөзбен айтар болсақ постмодернизм әдебиеті модернизм әдебиетінің дәстүрлі әдебиетпен отаспайтын тәсілдеріне мұрагерлік ете отырып, оны ең жоғары өреге көтеріп қана қалмай, ары қарай дамыған түрде, модернизм әдебиетінің түрліше тәсілінен де өзгеше, өзіне ғана тән бейнелеу әдістерін қалыптастыру негізінде туған.

«Постмодернизм жайында жалаң айғаймен даңғазалап жүргендердің көбі өздерінің нені айтып жүргенін білмейді. Тіпті бір қызығы сәті түсіп әлем әдебиеті өкілдерімен сұхбаттаса қалсаңыз олардың алпыс пайыздан астамы: «Айналайын, мен сол «измді» білмеймін. Және де сол «изм» үшін жазып жүрген жоқпын. Мен «измді» емес, «изм» мені тауып алды. Жұрт өзі солай атап жүр екен, атай берсін!» деп жауап береді. Сенбесеңіз Хейменгуеймен сырласыңыз, ф.ғ.д, профессор Аслан Жақсылықовтың: «Менің шығармаларымызды постмодернизмге жатқызады. Бірақ мен осы ағыммен жазамын дегенді алдыма мақсат қоймаған едім. Тіпті, сол ағым төңірегінде ізденістердеде болған жоқ. Бірақ сыншылар «Сны окаянных» деген төрт томдығымды постмодернизмге жатқызады» [11, 4 б.] – дегенін оқыдық.

...Постмодернизмдік шығармаларды оқығанда оқырмандардың қиыншылығы әрқашан олардың түсініксіздігі емес қайта құбылмалылығында болса керек. Бұның өзі постмодернизмнің өзіне ғана тән қасиеті» – [11, 4 б.] деген екен. Ендеше біздер осы бүгінгі «нәзіктігі мен сырға толы жұмбақтығы» басым, «түсініксіз» «құбылмалы» «шеңбердің сыртындағы» дүниелерге қалай қараймыз? – деген сұрақ туады. Жаңалыққа үрке қарау, үрке қарай отырып оған бойымызды үйрету, қабылдау ежелгі әдетіміз. Олай болса әлемдің әдебиеттік озық үлгілеріне еліктеу және оның қазақы болмысын жасау – жаңа ағымшыл жастарымыздың ғана емес әдебиетіміздің де мұрат-мақсатының бірі. Қуанарлығы бүгінгі қазақ поэзиясы осы сауалға өлеңмен жауап іздеп, әр ақын шамасынша іздену үстінде екен. Әсіресе, жастар легі.

Қазақ ақындарынан Есенғали Раушан, Тыныштықбек Әбдікәкім, Гүлнар Салықбай, Сұраған Рахмет жырын қай қазаққа түсініксіз деп айта аламыз. Демек, бұдан жаңаны жатырқама, көнені көзге ілмей қойма, көнені жаңа үшін, жаңаны көне үшін қызмет еттір, әдебиеттің биік шоқтығына таласа алатын, халықтың да қажетін қанағаттандыра алатын ортақ ойлы шығарма жаз деген сөз келіп шықпай ма? Және де әлемдік әдебиеттің өріне өзге біреу емес, қазақ болып шығуды түсіндірмей ме!

Осы жағынан қарағанда жастар поэзиясында Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Ардақ Нұрғазы, Токтарәлі Таңжарық, Ұларбек Нұрғалым, Қуаныш Дәлей, Азамат Тасқараұлы сияқты ізденіс үстіндегі бір топ жас ақын сол бір соңы соқпақтарға түрен салғысы келетіндігімен қуантады.

Өзін тынымсыз ізденіс үстінде көрсететін Ақберен жыры көбінде жұмбақ сырларға оранып, оны өзіне ғана тән өзгеше бояумен беруді мақсат ететін сияқты. Мысалы:

*Менің жұмық көздеріммен бір кісі,
Жылап отыр...
Сондай оның күлкісі...
...Оның жасы – мыңжылдықтар құрдасы,
...Оның сөзі – мың мұңлықтың сырласы...
...Менің соқыр саусағымды шошайтып,
Бәз-біреуге күрсінеді қош айтып.
Содан кейін менен шарап сұрайды,
Сіміре сап тұңғиыққа құлайды,
Жүрегімді масайтып...
Бір қазада еріп келген қорымнан,
Бұл кісімен мұңдас едім бұрыннан.
Жетімек шал...
Орын беріп ішімнен...
Содан бері қара дертке ұрынғам [10, 40 б.].*

Біз осы өлеңді оқып отырып енді «жетімек шалдың» кім екенін іздейміз. Ол ақынның өзі емес пе, өзегін жарған қайғы-мұң емес пе деген әр түрлі ойларға барамыз. Ақын бізді күмән торына қамайды. Оның ғарыштан, беймәлім дүниеден іздеген жұмбағын біздің де бірге іздескіміз келеді.

Ақбереннің тағы бір ерекшелігі өз ойын сылдыр сөзден көрі оқиға немесе суретпен жеткізуге тырысатындығы.

*Құмардың шөбін тістедім
Құмырсқаша ойланып...
Жусанды иіскеп айықтым,*

Жымыған гүлдер ішінен... [10, 40 б.], – деген тәтті де сәтті жолдар жәй ғана сурет болмастан өзіндің философиясымен көкірегіңді жылы ағынымен жуып өтеді.

Бүгінгі жас әдебиеттің таза өкілдерінің бірі, ешкімге ұқсағысы келмей «одағайлау» жүрген Ерлан Жүнісұлының да айтары мен берері аз емес. «Есінеуік» өлеңінде ол былайша толқиды:

*Тым алыс қалғандай таңдану дәуірі,
Мұнда ешкім селт ете қоймайды:
Маңқылдақ ой менен сезімнің мәуілі,
Ауаға сурет сап ойнайды..!
Адамзат жалыққан бір ғажап күтуден,
Жаңаға тағы да келмейді сенгісі.
Әлемде бәрі де бітеді үтірмен,
Тек тыйым салуға керек леп белгісі!
Дүние құлықсыз жаңалық ашуға,
Бұйыққан жүрекпен, қалғыған мименен.
...Пандора көшіп жүр ғасырдан ғасырға*

*жәшігін сүйреген!
Ұлы ойлар кетті де қартайған жасырмен,
«Құдайлар» қалды тек жасында:
Жаңалық ашу жүр - тек соғыс ашу
мен сұлудың етегін ашуда!
Ұлы ұйқы басталып жатқандай әлемде,
Ояну рухына сенбейтін!..
Бір ақын ояу жүр беймаза өлеңде,
Пайғамбар болғысы келмейтін!
Болмыс пен жан сыры – Гегельдің қонағы,
Қол бұлғап тұр әне бейтаныс пішінде...
...Маужырап жер шары домалап барады
көгілдір экран ішінде [10, 44 б.]!*

«Ерлан жырларын оқып отырып есіңізге Маяковский келеді екен. Маяковскийдің 1915 жылдан бұрынғы жазған өлеңдері модернизмдік үлгіге барынша жақын еді. Кейіннен қытай топырағында туып-өсейген көрнекті ақын Омарғазы оны қазақша қанаттандырды. Біз айтып отырған «түсініксіздік», «күңгірттік», «күмәндік» өлеңнің көкесін сол кісі жасады. Атап айтқанда қазақ қаламгерлерінен 1950 жылдардан бастап ақ таңдаққа – посмодернизмдік үлгіге түрен салған сол көкеміз еді. Енді Ерлан аталған екі дананы да қайталамай, бірақ, жаңаша жаңғыртып жастар поэзиясында жаңа бейне жасап, тағы бір бүйірімізді жамаған екен» [12, 68 б.]

Ерланның «Диалогтар», «Кедей» секілді көптеген өлеңдері де аз жазса да саз жазғысы келетін Ерланша жазғандығымен құнды. Оның қаламынан туған әр бір дүниеге бей-жай қарамайтынымызды білдірсек, бүгінгі поэзияға тән тынысты толық меңгерген жаңа заман ақыны екеніне де көз жұма алмаймыз. Ерлан жырында ойлылыққа, тереңдікке бет бұру бар. Десе де кейде «тым тереңдеп» кеткісі келіп «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» қасиеттен бөлекшелеу көрінгісі де келетін кездері де жоқ емес. Мүмкін ақын қарымының жетпегендігінен емес, қанатын кеңге сермеймін деп өзіне тән әдеби жол ретінде таңдап алған болар. Бұл жағында оның поэзиясы әлі де зерттеуді қажет ететіндігімен жұмбақ көрінеді.

Поэзияға жастыққа тән жалынмен, өлеңге, өнерге тән өзгешелікпен келген ендігі бір жас ақын Азамат Тасқараұлы. Аты танымал болмағанымен өлеңдерін тебіренбей оқу, бағаламау мүмкін емес. Ең әуелі оның «Гамлет» атты қысқа өлеңін толық оқиық:

*Іңірдің еніп көкшіл сағымына:
Ұзарған көлеңке үні жсорылмаған.
Ғасырдың Ай қадаған ағымынан
Өлеңге орын табам...
Құдайын кітап бөлген халықтардың
Ойымен санасамын –
Мәйіті бұзылмаған табыттардың
Түсіне ұласқанда қара сағым.*

*Ақылдың айнасынан бұлақ тауып
Бәрін де білсем деп ем!..
Миымның мешітінде шырақ жағып
Тарихи көрінісім бүрсеңдеген.
Ішімде жалғыз қалдым.
Жаңбырдың жаназасына жалғасамын.
Суфлердің сөздерінен жұлдыздардың
Жанарын шаң басады.
Ұзақ түн жүрегімде түйіледі
Көз жасым кебіндеген...
Тағдырды ойнау қандай қиын еді
Өлімнің сахнасында – ӨМІР деген [10, 50 б.]!*

Азаматтың бұл өлеңдері жоғарыда айтылған Ерлан жырларымен көгендесіп жатқандай көрінеді. Бірақ басқа. «Миының мешітінде шырақ жаққан» ақын беймазалықты, наланы ӨМІРДІҢ қиындығымен түсіндіреді. Оның «Түсіністік» өлеңінің де өзіндік айтары бар. Десе де кейде тұманды ойларның беті тым бүркеулі қалғандай тұңғыққа тартар тереңдері де көп. Жалпы алғанда сөзіміздің басында Ә. Кекілбаев айтқандай «Өзінің шыққан биігін ұстап тұра алса» Азаматтан жаңа поэзияның туын көтеретін мықты ақын шығуы әбден мүмкін. Қарым-қайраты, сөз сұлулығы, көмескіленіп жатқан ішкі иірімдері соны байқатады және сендіреді.

Өз бойында бар өзгеше талантымен көзге түсіп жүрген ендігі бір жас ақын Ұларбек Нұрғалымұлы. Ол «Керіағыс» өлеңінде:

*Жылдар өткен шудасынан шұбырып,
Менде тұғын нар бойындағы ірілік.
Айдаһарға жебе тартып құлатқам,*

Домбырамның шанағынан суырып [10, 56 б.], – деп жырлайды. Бұл асау ақынның, арда күреңді ауыздықтаған тақаппар үні.

Ұларбектің Ж. Бөдешовке арнаған «Жер – өлеңі» жалғыз Жәркен ағасына ғана арналған емес, күллі ақындар тағдырына арналып тұрған шағын поэма сияқты. Өлең өзінің ең биік шарықтау кезеңіне шыққанда:

*Кіргісі келмей тар үйге,
Сыйғысы келмей фәниге,
«Бірге екенмін» деп кімменен?*

Жұлдызға қарап тұрды өлең, – деп аяқтайды. Еріксіз ойға қаласыз. Басынан бастап қайта оқығыңыз келеді. Ақындар сынды асау халықтың таудай тұлғасы мен тарыдай сезімі қатарласып, ол тіптен бөлек жырланып тұр.

Ұларбектің «Жылқылар», «Алтай. Қыс. Сағыныш», «Көксерек», «Қаңғылес», «Соңғы ауыл», «Қазақы Наурыз» өлеңдерін оқысақ, онда жүректі жарып шыққан сағыныш, қазақы қара домалық ауыл ұлының тауға қарап ұлыған бөлтіріктей бөгенайлы жырына таңдай қақпау, сүйінбеу мүмкін емес екенін білеміз. Ақын сирек жазғаннан көрі үзбей талпынып, жалықпай жаттыға берсе оның арғы жағында жатқан қомақты халықтық қор мен қара өлеңді қамырша илеген шеберлігі көмбелерден ғана көрінетін ақын болар еді деген ойға әкеледі.

Қазақ жырының есігін қоңыраулы жырымен, қоңыр үнімен ашып, бірде:
*Ақ қар, көк мұз, ақ боран,
Көңіл қайда хал неде?!
Күн туғанда ақтарам,
Алла! – де, – деп ақжарма көңілмен ақтарыла келген, ақын ретінде*
қалыптасқан жастардың бірі – Қазыбек Құттымұратұлы. Ол:

*Монахтай масаң топтың ғұрпын сынар,
Сәтіңді күткен едім бір тынышығар.
Жоқ, әлі. Ақ бұлт көрсең сәлем айтышы –
Адасқан бәлкім менің бұлтым шығар [10, 60 б.].*

Немесе:

*Тым әлсіз сәуле күмәнсіз,
Мұнарсыз қылды маңайды?.*
«Аңсарым тек сіз шығарсыз» –
Деймін де көкке қараймын [10, 60 б.].

Қазыбек өлеңдері баяу ғана, одан даланың лебі ескендей болады:

*Безіндім! Мүлдем безіндім –
Аптабынан мұндай сезімнің!*

Мас еркектер малтып өлердей –

Қарашығына қара көзімнің [10, 64 б.], – сияқты өткір сезіммен елең еткізген Ақсұңқар Ақынбабақызы.

Қасиетті Қазғұрт баурайынан өлең құсын ұшырған Бақытжан Алдиярда сюжетті өлеңдер де кездеседі:

*Ұқсамаса ұқсамасын жорғаға,
Екеуімізді шақыратын жол ғана.
Есениннің жатқа оқитын өлеңін,
Есегіне теріс мінген сол бала.*

Немесе:

*Қоян жылы болмаған деп қолайлы,
Қарап қойып Қосмола мен Қаржанға,
Насыр атам насыбайын орайды,*

Нострадамус айтып кеткен болжамға [10, 66 б.], – деген шумақтардан байқауға болатындай, Бақытжан баяу қоңырлатып баяндап отырып–ақ, қоңыраулатқан назымен оқырманын баурап алады.

«Төбемізде жұлдыз күліп,

Аппақ әсем ай қарап,

Самал жел де тұрды үздігіп,

Жапырақты аймалап...» [10, 70 б.], – деп мөлдірететін Нәзира Бердалының психологиялық параллелизмге толы өлеңдері оқырманға әсер етпей қоймайды.

Тулаған сайын анарың,

Бұла түн болып қарадым,

Улаған сайын жанарың,

Ұлы ақын болып барамын [10, 78 б.]!– сияқты Дәурен Берікқажыұлының асқақ та білікті жырларын біреу білсе, біреу білмейді. Келесі бір:

Мәңгіліктер...

Мәңгі өлмейтін жаныма жаңғырып кел!

Шомылдырып сүтіне әппақ таңның,

Білегіңді анамдай талдырып көр [10, 82 б.], – деп өзінің жылы ағыстарымен Танакөз Толқынқызы оқырманын өлеңімен таңқалдырады. Мәселен:

Жарық түннен үйрендім шаттануды,

Қара жерден үйрендім тапталуды.

Бұлақтардан үйрендім, жуып – шайып,

Мөлдірмін деп, пәкпін деп ақталуды...

Немесе:

Қауызын ашқан гүлге де,

Сәулесін шапқан күнге де,

Жұлдызы жанған түнге де –

Атыңды ойып жазамын [10, 84 б.].

Сөйтіп, Танакөздің жырлары қашанда төгіліп түседі.

Ал Ақеділ Тойшанұлының өлеңдерінде қас-қағым сәттің әдемі көрінісі келісті жырланады:

Жанарыңның жалт еткен ұшқынынан жасырын,

Оқтың-оқтың кеудеме от енетін секілді.

Кірпігіңнің ұзыны-ай, қоя салсам ақырын,

Сіріңкемнің бір талын көтеретін секілді.

Бұл – «Найза кірпік» өлеңі. Келесі бір жас ақын:

Көктем келді, гүл өмірге таңырқаймыз сүйініп,

Биыл әлем ерте оянды көктем несіп бұйырып.

Қарт құмырсқа өрмелеп ед тылсым дұға күбірлеп,

Жаңа шыққан жас балауса көтерді әрең иіліп [10, 88 б.].

Әлібек Шегебайдың өлеңдерінде көл-көсір сағынышқа кез боласыз.

Тағдырым қанша дем берді,

Әлі де талай шыдармын.

Сағыну үшін сендерді,

Алыстап кеткен шығармын.

Немесе:

Күндерім сырғып әттеңмен,

Көңілді мұңмен көктеппін.

Өзіңді көрген сәттен мен,

Өмірге гашық боп кеттім [10, 89 б.].

Алмас Темірбай – өлең өлкесінде, өзіндік үнімен танылған талантты ақын. Ол өлеңдерінде:

Мен құдайға жақындап ем бір адым,

Құдай маған құшақ жая жүгірді...

Немесе:

Тас керең қоғам түсінсін қайдан сырымды,

Тас бауыр тірлік. Тас жүрек тағдыр. Тас – бәрі [10, 90 б.].

Алмастың тағы бір ерекшелігі – сөзді ойната білуінде. Мысалы:

«Тәуелсіздікке түкірдім» осы бір тармағынан оның қоғамға өкпелі ақын екендігін тануға болады:

*Тәуелсіздікке түкірдім,
Тұфә – тұфә көз тимесе екен!.*

Сезімі сергек, қиялы ұшқыр, жас талантты ақындардың бірі –Сейітман. «Шешеңнің...» өлеңінде:

*Басымды ұрған маңдайшаға тым қатты,
«Шешеңнің...» деп мен де еріксіз тіл қаттым.
«Ах, сволочь» деп есепші қазақ қыз,
Күй табаққа шетел әнін шырқатты.
Тұтқыны боп намыс атты ноқтаның,
Жүрегімнің өртенгені-ай от – жалын.
Жетесінде ұлттық болмыс жоқ қыздың,
Шешесіне әнін қосып боқтадым [10, 95 б.]*

– «Өй, шешеңнің...!». Бұған қарап, дөрекі, ожар ақын деп ойлауға болмас. Бұл халық арасында жиі кездесетін мәселе. Ақынның лирикалық қаһарманы арқылы намысқой, ұлтжанды, қызуқанды жігіттерімізді көргендейміз.

*Аяқ киім бөленбес сая – нұрға,
Ей, бауырым сен оны аядың ба?!
Ешкімге ешкім бәтіңке болмасыншы,
Мен тозайын қазақтың аяғында!– дейді [10, 96 б.]*

Қазаққа өлең, өлеңге ақын көптік етпейді. Бүгінгі жас поэзиямызда дәл қазір аузымызға түспей отырған талай ақын бар.

Ақын Аманхан Әлім жастар шығармашылығы жайындағы бір сұхбатында: «Біз кезінде саяси цензураның қыспағында жүріп әдебиет жасадық. Ешкім бізді аяған жоқ. Қаламгер ағаларымыз жастардың жазғандарын ондырмай сынайтын. Бірақ содан жаман болған жоқпыз. Қазіргі жастар көбіне мақтау естігісі келіп тұратын сияқты. Бірақ мақтау әдебиетті өсірмейді. Оның үстіне, бүгінгі жастар көп ізденбейді, оқымайды. Бірақ бүгінгі жас қазақ поэзиясының қуаты мықты. Жастар не жазам десе өз еркі, алайда олар мұндай дербес мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмай жүр. Талантқа сенгеннен ештеңе шықпайды. Сондықтан да ең бастысы – білім тереңдігі қажет» [13, 6 б.], – дегенді айтқан.

Рас, мақтауды жарнама етіп, сонымен ғана танылғысы келетін қаншама ініміз бар. Қой екеш қойға ұзақ уақыт қасқыр шаппаса ол да дертке ұшырайды екен. Ондайда қазақ ауылының жігіттері түн ішінде бейғам жусап жатқан қойға тосыннан аршаның алауын лақтырып, үркітіп, ұшықтайтын болған. Аманхан ағамыз біздің жас әдебиетімізге де сондай «ұшықтардың» керек екенін, «ақырын жүріп анық басуды» ескертеді.

Ұлт ұстазы атанған А. Байтұрсынұлы: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең.. Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынайды» [14, 34 б.] дегенді айтады. «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы

бар. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан», – дейді тағы да сол дана.

Қазақтар «буынсыз қызыл тіл» дегенді бекер айтпайды. Оны өз қалауыңша қалай толғауыңа да болады. Бірақ оқырманның қалауындағы сөзді табу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мысалы: «Жапырақ қурады» мен «жапырақтар жаназаға жиналды» дегенді алайық. Қайсысы тірі сөз. «Жылады» дегенмен «кірпіктерінің ұшына ілінген шық тамшысындай мөлдір жас домалап кетті» дегенді салыстырып көріңізші.

Жазушы Асқар Алтай жастар жайына тоқталғанда: «Қазіргі жас қаламгерлерде нағыз қазақы тілдің байлығы жоқ. Кейбір кітаптарды оқу мүлде ауыр. Соңғы уақыттарда біраз жас авторлардың шығармаларын оқып шықтым. Сөйлемдердің дұрыс құралуы былай тұрсын, ондағы идеялық құрылымның жоқтығы қарын ашырады» [15, 6 б.], – деп қамығады.

Л.Гинзбург лириканы: «Адамның ішкі әлемінің күйі» [16, 40 б.], – десе, А.Байтұрсынұлы лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» [14, 48 б.], – дегенді айтқан. Жастардың жан толқынысы, замананың зар-қуанышы, «соқтықпалы-соқпалы» өтпелі кезеңдер шежіресі біздің жырлауымызға аз емес. Ойлай білген басқа ой салатын дүние көп. Тақырып шаш-етектен. Мәселе – ұқсатуда, «болмасада ұқсап бағуда». Табиғат пен адамзаттың бар дүниесінен жоқ сөзді тауып сөйлеп, оны адамдардың игілігіне ізгілікпен ұсыну – қас таланттылардың қасиеті.

Руслан Нұрбай Қарағанды облысында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 2004 ж. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Әр түрлі деңгейдегі бірнеше жыр мұшайраларының жүлдегері. 2009 ж. «Жалын» баспасынан «Ыстыбұлақ» атты алғашқы жыр жинағы жарық көрді.

Руслан ақынның өлең әлеміне үңілсек, поэзия табалдырығын аттағаннан бастап, бүгінгі кемеліне келген шығармашылық өміріне дейін не жырласа да, өз үнімен, өз қолтаңбасымен қаламын сөйлетуге ұмтылған ізденгіш талаттың ізін көреміз. Жалынды ақын сөз өнерін айрықша қастерлеп, әр сөздің астарынан әдемі әсер мен терең ой таба біледі. Оның «Әріп пен ұғым» өлеңінде қазақтың әрбір қасиетті сөзі ғажайып ұғымға ие болып, сөйлей жөнеледі.

*Көз алдымда зымырайды елік-күн,
Елік-күнге мен қалайша еріппін?!
ЖАН деген бір үш әріп кеп гайыптан,
ӨМІР деген төрт әріпке еніппін.*

*Содан бері бұлдырайды сағым-күн,
Сағым күнде сабылумен жаным жүр.
АНА деген үш әріпке жаутаңдап,*

БАЛА деген төрт әріпті жамылдым [17, 36 б.], – деп басталған өлеңінде *ӘКЕ* – *ДАЛА* кеңдігінің символы болса, лирикалық кейіпкер *АРҰ*-ды арман деп, *СҰЛУ*-ға сүйсінеді, кей кезде *ДОС ТУЫС*-тан да жоғары болатыны, Жыр-ға ғашық жүрек *АҚЫН*-дыққа бас иіп өтетіні, сол өнерге іңкәр көңіл үшін *ЖЕР* бетінде *ӨЛЕҢ*-нен артық қасиет жоқтығы – біз білетін, білсек те, айта алмаған, Руслан ақын тауып айтқан тегеурінді ойлар.

*Ғажап шақтың өтеріне ой салмай,
Ой сала алмай, тентектіктен
тайсалмай АҒА деген үш
әріпке жетіппіз*

АҚЫЛ деген төрт әріпті айта алмай [17, 36 б.].

Өлең осылайша салмақты оймен, әдемі түйінмен аяқталады. Өлеңнің өн бойында қастерлі ұғымдар жаңа реңкке ие болып, тың әсерге ие болады. Теңдіктің, ізгіліктің, тектіліктің, сұлулықтың, өлмейтін өнердің тұңғыық сырларынабойлағыңыз келеді.

Ақын қарапайым пенденің қабылдауына жазбаған бояуларды көреді, дыбыстарды естиді, құбылыстарды әлдебір түйсікпен сезеді. Сондықтан да оны Алла ерекше жаратқанына иланасыз. Дәлел – оның жүрегінен төгілген қасиетті сөз.

«Тық-тық тірлік» өлеңі – тірліктің тамыр соғысын тыңдаған, тылсым құбылыстардың сырын түйсінген сезімтал ақын жүректің жемісі.

*Іздейтін кезде жаным махаббат,
Мұңлы ойдан кетем құтылып.
Жүйкемді жеді-ау қабырға сағат
Тынымсыз осы тықылы.
Көшеге шықсам тым аппақ өңді,
Бір жан жүр билеп бөксесі.
Тықылы тағы құлаққа келді,*

Тас жолға тиіп өкішесі [17, 41 б.], – деген жолдарда тіршіліктің қалыпты динамикасы өмір философиясының тіні болып көрінеді. Аз сөзге терең мағына сыйып тұр.

*Шегі жоқ ойлар шырмалып ақыр
Кірсем де сонау жасыл бақ.
Тірлігі үшін тырбанып жатыр,
Теректі тесіп тоқылдақ.
Жанымды мұңнан
аршып алып бір
өктемнен келген жыр
күттім. Тықылдап жерге
тамышы тамып тұр,
Тамырын соғып
тірліктің.
Үтірсіз уақыт, үркемін
анық,
Тық-тықтан мынау
жалықтым. Бөлмемде
жатсам бүркеніп
алып, Сол үнмен
кеудем қағып тұр [17, 46 б.].*

Тіршілік тынысын, өмір ағысын жан дүниесімен түйсінген ақын жүрегінің

дүрсілін естігендей боласыз. Әр құбылыстан үлкен ой түйетін тегеурінді таланттың «Темір – Fe» өлеңінде осы «темір» сөзінен туындайтын терең мән – мағына алуан қырынан жарқырай ашылады.

*Периодтық тақтаны әлем біліп,
Химиядан кетіп ем дәмем құрып
Менделеев марқасқаң білді ме екен
Болатынын темірге тәуелділік.
...темір қақпа ашпады ұрғыладым,
Темір шүмек бұрасаң тұр бұлағың
Біржаиды нән аға темір тісті*

Темір торда қаниама құрбыларым [17, 46 б.], – деген шумақтардан заман тынысы, қоғамның ащы шындығы ақын жанынан тыс өмір сүрмейтінін айқын сезінесіз. Осындай ойларды өрбіте келе темір шынжырдың қолға да, аяққа да емес «сұп-суық боп санаға түсіп кеткендігін» ашына жырлайды.

Руслан Нұрбай поэзиясы – аз сөзден үлкен мағына тудыратын тауып айтатын, қазып айтатын өршіл пафоспен жырланатын, азаматтық позициясынан танбайтын отты поэзия.

Бүгінгі таңдағы әдебиет өлкесінде жұртшылыққа зор талантымен танылып, қалам қарымымен қазақтың қасиетті өнеріне қомақты үлес қосып келе жатқан ақын, прозаик Серік Сағынтай Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 2002ж. «Шабыт» Халықаралық фестивалінің лауреаты. 2005ж. «Зерде» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық жыр мүшәйрасының бірінші жүлдегері. Ақынның 2007ж. «Жазу», 2009ж. «Фәни құс» атты жыр жинақтары жарық көрді.

Өлең әлеміне құлаш ұрған шақтан бастап-ақ Серіктің өзгеге ұқсамайтын өзіндік ой әлемі, өзіндік сөз өрнегі, өзіндік тіл нақышы бірден байқалды. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де, тебіренісі тереңдікпен астасып, өзіндік түйін жасайтынын аңғару қиын емес. «Қазақ» өлеңінде:

*Қайдасың, мырза көңіл, мәрт күндерім?!
Серт қылып ат құйрығын шарт түйгенім.
Егесіп екі кештің арасында,
Сүргінге сүрең салып тарттым дедім.
Кіреуке кілбің кілкіп кірпігімде
Қосып бір құмай күнді түлкі іңірге.
Түтігіп тебінгімді тер шірітіп,
Күңіреніп күнге жорттым күн түбінде* [9, 22 б.], – дейді ақын.

«Күлдір-күлдір кісінетіп күренді мінген, арыстандай екі бұтын алшайтып, жолбарыстай шұбарды таңдап мінген, пышақтан малы кетпеген, қазаны оттан түспеген» мырза қазақтың, мәрт қазақтың, жауынгер қазақтың рухын іздейді ақын.

*Күрсінді ол осыны айтып ақырғы рет,
Содан соң соқпай қалды батыл жүрек.
Түрткілеп ердің тәнін аргымақ тұр,
Жапанға ымырт-тарих жатыр түнеп* [18, 24 б.], – деген жолдардан,

«ердің тәнін түрткілеген арғымақтың» ғажап образы арқылы келмеске кеткен ірілік мінезімізді, бекзат болмысымызды іздегендей боламыз.

«Бейбарыстың елге оралуы» атты өлеңде де осы тақырыппен өзектес биік мұратты, асқақ арманды идеялар айқын аңғарылады.

*Жолына басты тігіп Һақ Тәңірдің,
Боз таңда мақпал қара атқа міндім.*

*Бозаңға боз жусандай
бұрлыға өсіп, Көктемде
көк Ніл болып*

*ақтарылдым. Беріш-
мұң көкірекке шемен
байлап, Егілсем, еңсе
кермес емен-қайрат.*

Көзіме боз жусан боп елестейді

Боз таңда шық тұнатын ежелгі аймақ [18, 25 б.], – деп, ақын жаужүрек бабамыздың туған жерге деген махаббатын «боз жусан» символикасымен астастырады!

Жалпы, туған жер, туған ауыл тақырыбы Серік шығармашылығында сағыныш, қимастық сезімімен өріліп, бүгінгі жай-күйіне алаңдаған өзекті проблемаларға ұласып отырады. «Ескі жұртта» өлеңі осыған дәлел:

*Біздің ел қонған боз дала мынау,
Бөздей боп тозып кеткен бе-ей?!*

*Боз самал соқса, қозғалады қау,
Мұңлы бір әуен өпкендей.*

*Жол жатыр, әне, қайыс таспадай,
Соңғы көш өткен бұл жермен.*

Қабырғам оған қайыспас қалай,

Шөп-шөлкем жауып үлгерген [18, 28 б.].

Қаңыраған ескі жұрттың суреті көз алдына келіп, көңіліңе еріксіз мұң ұялайды, «бөздей тозған боз дала», «шөп-шөлкем жапқан жол» суреттері – ақын тілімен айтқанда, «уақыт-дүлейдің» құрбандары. Өлең:

*Жанымды бір мұң үңгиді
жұртта, Сұңғимін көзім
жасына.*

Молалар ғана мүлгиді ымыртта,

Бір-бір Ай қадап басына [18, 32 б.], – деп аяқталады. Міне, өз өмірін туған жер тағдырынан тыс алып қарамайтын сезімтал ақын жүректің лүпілі осындай.

Серік ақын шығармашылығындағы шоқтықты өлеңнің бірі – «Жазу». Ақын Маралтай Райымбекұлы «Жазу» кітабына жазған алғысөзінде былай деген екен:

«Жазудан опа кім тапқан?! Сонда да жазып жатыр. Жаза береді. Жазу о баста бір-ақ рет жазылған. Оған Алланың қолы қойылып, мөрі басылған. Оны қазақ Тағдыр деген...» [19, 3 б.]. Сонымен, өлеңге назар аударалық:

*Кеудемді көмкерген арманмен,
Ақтарсам бола ма қажеті?*

Есімде мектепте, балдәурен,
Содан соң...
Қабырға газеті.
Айына бір рет шығатын,
Парағы болса
да-бір дана. Ел
жоқта жайлап
кеп тұратын
Өз-өзін оқуға
бір бала...
...Есте доқ балалық өлеңі,
Өлең көп,
өнбеген ісім
көп. Сол ұл тек
түсіме енеді,
Қағаздан қатырған
мүсін боп...
Кеудемді көмкерем
арманмен, Өртенем
түсімді түсінбей.
Жалғасып кетемін
жалғанмен Өзім
сол қатырма
мүсіндей [19, 18 б.].

Өнер тағдыры, өлең өміршеңдігі, сөз құдіреті, адам-қоғам ара-қатынасы – бәрі-бәрі Алласы өмірін өлеңге айналдырып жіберген ақын жүректің ажырамас бөлшегі болып кеткендігі анық. Сондай ұстаным – Серік ақынның да айнымас кредосы.

Серіктің «Бұқпа өзені» атты өлеңі бір кездері арнасына сыймай шалқып аққан, бұл күндері қала астымен ағатын арыққа айналған Арқа өзенінің тағдырын сөз етеді.

Шулы шаһар астымен тынып ағып,
Толқи алмай, ыңырсып, ыңыранып.
Жатыр Бұқпа көктемде
көсілместен, Тас
қаланың бауырына
бұғып алып Толқынымен
толқыны табыса алмай,
Кемел жұрттың көшімен жарыса алмай.
Жатыр Бұқпа бұқпантай бір күй кешіп,

Кеудесін құрт кеулеген кәрі шалдай [19, 23 б.], – деп тебіреніп, «өкпесін өркениет тоңы қарыған» өзен тағдыры өзегін өртеп, өкініш пен мұңға оранады.

...Жатыр Бұқпа толқыны жарға ұрынбай,
Зар кешіп запы болған

*зарлығымды-ай! Қалаға
тап-таза боп енген бұл да*

Менің дәл он бес жасар тағдырымдай [19, 27 б.].

Өлеңді түйіндеген осы жолдардан кешегі күннің тәтті елесі, бүгінгі күннің трагедиялық ахуалымен қатар адам жанының экологиясы да сыр ұшығын аңғартқандай.

Серік Сағынтайдың шығармашылығына тән ерекшелік-табиғаттағы түрлі бояуды өзінше қабылдап, тылсым дүниенің сырларына терең үңіліп, өлеңіне өзекті ой мен әдемі астар дарыту. Тіл бедері де бөлекше, стиль де оқшау. Ақынның әлі талай мықты дүниелер тудырарына көңіл сенімді.

Қарағанды облысының тағы бір дарынды перзенті-Ақтоғай ауданының тумасы – Бағдат Мүбәрак. 2009 жылы «Жалын»баспасынан жарық көрген «Құсни хат» атты тұңғыш жыр жинағында Алаштың әйгілі ақыны Серік Ақсұңқарұлының мынадай алғы сөзі жарияланған:

«Жалын жұтып, шоқ шайнап, отқа кірдім...» деп бастапты жас ақын алғашқы өлеңдерінің басын. Бірден ұнады. Айтары бар алтын айдарлы ақын екені көрініп тұр. Мен бұл баланың әкесін де білуші едім. Ол да «жалын жұтып, шоқ шайнап, отқа кірген» [20, 3 б.], – азамат еді.

Сол текіден бір тұяқ қалыпты. Мен соған қуанып отырмын», – дейді.

Жасынан өлең өнеріне іңкәр болған жалынды ақынның қай өлеңін алаңсыз да, ешкімге ұқсағысы келмейтін даралыққа, өз биігіне ұмтылысын аңғару қиын емес. Жауапкершілігі аса зор, қызығынан азабы мол өнер жолына алғаш қадам басқан сәтінен-ақ Бағдат ақын өз бағдарын айқындап, мұратын анықтап алады:

Жалын жұтып, шоқ шайнап, отқа кірдім,

Беймаза күн айтпаймын тоқта бір күн.

Жүрегімді құнысқан оққа бұрдым,

Асыққам жоқ орнына жоқ

қабірдің. Қайратымнан қамсау

жоқ құсаланып, Түршіктірді заман

да түсі аларып.

Жосын ізбен келемін жолымды іздеп,

Түбінде бұл баланың ұшары анық [20, 23 б.]! – деп, өзін алда күтіп тұрған адуынды сындарға, азап пен қиындыққа дайындайды, қайратын қайрайды, шабытын ширықтырады. Оптимистік леп сезіледі. «Бақ» өлеңінде:

Қолда қалам, төс қалтамда ақ қағаз,

Мені осы жүр дейсің бе оңып бір?

Қауақ басым құйтақандай баққа мәз,

Себебі, олар дертке дауа болып тұр.

...Жалғыз ғана дәнекерім жасыма,

Сақау ғұмыр түсініксіз.

Сорың көп.

МУЗА – деген бақ қондырған басыма,

Қалғанына орын жоқ [20, 28 б.]! – деп жырлап, өмір қандай сынақ ұсынса да, МУЗА-ға, яғни өлеңге адал болатындығын қалтқысыз сеніммен айтады.

Ақын шығармашылығында туған жер, туған ауыл тақырыбы өзіндік тілмен, перзенттік махаббатпен жырланады:

*Томағасын сыпырған тұғыры аңыз,
Ақсораң деген тау бар, шыңы-жар-құз.*

*Қомданып талай қыран
қанат қаққан,
Ақсұңқардың ұшпаған
ұлы жалғыз. ...«Ақ қайың,
қызыл қайың, сырлы
қайың», Қыз мұңайса,
басады ұлды уайым.*

*Шашеке,
Шақшам
ыз бос,*

*Ақшамыз
жоқ
Бізді де оңдырған жоқ бұл Құдайым
...Мекені әнші, күйші, кемеңгердің,
Шайырға шер де қосып,
шемен бердің. Бір шетін
жырлауыма тіл жетпеді*

Дәуітәлі «Жұмағым» деген жердің [20, 31 б.]!

Бұл жолдарда ауыл-анаға еркелеген, назы мен мұңын ақтарған бала көңілдің сыры да бар сияқты.

Бағдат туған өлкесіндегі сүйікті Тоқырауынын, Ақсұңқарұлыша айтсақ, кезінде «өзегі салт аттыны өткізбеген» арналы өзенін жырлағанда, оның бүгінгі тағдырына қабырғасы қайысады, туған еліне базына, назын ақтарады.

*Тоқырауын, қайтейін, құмға сіңген,
Көрісетін түрің бар бұл ғасырмен.
Қоспас енді айырса мына тағдыр,
Қоштас енді Шатырша құрдасыңмен.*

*Лас ауа, қайырымсыз лас қоғам,
Мезі болдың, қажыдың рас содан
Есінеген енжар ел есін жияр,*

Жібермейді-ау айқай сап бір Ақсораң, – деп қоғамның ащы шындығын ашына айтып, ақын көңіл тыншымай аласұрады. «Енжар елден» әлдебір үміт күтіп, табиғаттан медет сұрайды.

*...Үмітімді дәрменсіз үзді дәуір,
Жосалы тау күрсініп мызғыды ауыр.
Таңқалмаңыз тәкаппар Шатыршаны,
Көтеріп кетсе егер күзгі дауыл*

Бас аман болсын – дейді біздің ауыл [20, 33 б.], – деген жолдар жосалы таудың күрсінісі мен жоқтаушы ақынның күйінішін бір арнаға тоғыстырғандай.

Бағдат Мүбәрақтың махаббат лирикасында сырлы, сұлу сезімге табиғат та

тілекші болып отырады. Мәселен, «Қаршадай қыз» өлеңінде:

Қаршадай қыз.

Жиі баққа барамыз, шаршамаймыз

Бірімізге айта алмай сырымызды

Түк таппаған адамдай тал санаймыз, – деп басталып, өлеңнің өн бойындағы албырт сезім, тілсіз ұғысатын тылсым сыр жан дүниенді еріксіз баурап, өзінің пәктігіне иландырады. ...

Шықпай жүрсің шерменде боп түсімнен,

Сонда бізді табиғат тек түсінген.

Күрт құлазып қаңғыбас бұлт жылады,

Найзағай да суретке көп түсірген.

Ғашықтармен тағдырдың арбасқанын,

Аңғардың да түсіндің алғаш, жаным.

Жаңбыр емес, көз жасы ол періштенің,

Сол зой саған күйзелген, ал басқа кім [20, 35 б.]? – деген шумақтар лирикалық кейіпкер – «қаршадай қыз» табиғат үштігінің көрінісін, сезім суреттерін көз алдыңызға әкеледі.

Бағдаттың «Мезгіл», «Алматының аруы», «Элегия», «Қиялдағы ару», т.б. өлеңдері – сезім қылын шертетін, ең асыл армандарды оятатын сырлы лирика.

Бір айта кететін жайт, ақынның шығармашылығында жіктік жалғаулы сөздер (-ды, -ді) өте жиі тиянақсыз формада ұшырасады. Мысалы («Бұл Алматыға ұқсамайды мүлде болмысы», «Әрине оған барғым келмейді жүкпенен», «Неге құнттамайды сыңарын таныса жүрек», «Уақыт пен жүрегім бірдей қағад», т.б.) Бұл өзіндік мәнер боп қалыптасқан сөз саптау ма, әлде стильдік кемшілік пе, осы мәселені ойлануымыз қажет сияқты.

Бағдат ақынның жазғаны – мазмұнды, жазары әлі көп. Ол не жазса да, оқыстан әдемі шешім тауып, соны ұтқыр жеткізеді. Юморлық, ирониялық оралымдар да ақын поэзиясына әсерлі реңк үстейді.

Дарынды жас ақын Рахат Әбдірахманов. Рахат шығармаларының басым бөлігінде сезім иірімдері, көңілдің алуан күйлері жырланады. Осы бір ғажап лирика ақын жүрегінен әдемі сурет боп төгіліп, сырлы да сұлу өзгеше бір әлемге жетелейді. Оның «Түнмен сырласу» өлеңіне назар аударайық:

Мұңды күз.

Түнгі бос қала

Иесіз қалған мұңды бақ.

Тұнжырап қалған үйшіктің

Шатыры шалқып тұр жылап.

Мендегі мынау

шаттықты

Бөлісер бүгін

біреу жоқ,

Хабарсыз кетті

құстар да

Оңтүстік жаққа

*жылжып ап. Майқұдық
бүгін біртүрлі...
Қараптан
қарап
қайғырып, Ай
бұғып жатыр
бүрісіп,
Жанарын жерден тайдырып.
...Әп-әйбат жүзің
бұлт құшып, Не
болған бүгін
сиқыңа,
Қаймығып жатқан
арудай Абыройынан
айрылып [21, 89 б.].*

Ғашық боп қалып, түнмен сырласқан лирикалық қаһарманның мұңын бөліскіңіз келеді. Психологиялық параллелизм арқылы өрілген шымыр шумақтардағы салмақты ойлар сіздің көңіл түкпіріне де көңілсіз сұрғылт күзді әкеп орнатқандай болады. Бірақ сол сұрғылт суреттер ақын жанына жара салғанымен, артынша өлең жарқын күндерге жетелейтін үміт сәулесімен ұласады:

*Ұйқысыз менің бұл түнім...
Жыр-жүрек жұлдыз
санатар Алақанынан
шығыстың
Сонан соң сұлу таң атар.
Таң атар дағы, көркем
Күн сүйіктім
менің секілді,
Шашу ғып
шашып шуағын,
Далама күліп
таратар [21, 90 б.].*

Адамдар арасындағы ізгі ниет, асыл сезімдеріне дәнекер болар жібек жіп – сағыныш, қимастық сынды киелі ұғымдар. Біздің Рахаттың лирикалық «мені» осындай сезімдерді «Вокзал» атты өлеңінде бастан кешіреді:

*Вокзал сынды солғын бақ,
Адамға толы сырт-іші.
Қоштасқан жандар қол бұлғап,*

Табысқандардың күлкісі, – деп басталған өлең, сезімдер сел болар, арнасынан асып-тасар «қоштасқандар мен табысқандар» мекеніне бастай жөнеледі. Енді сол сезімдердің асау арнасы сізді де ағыза жөнеледі.

*...Вокзал
маған солғын*

*бақ... Көңілге
салқын сырт-
іші... Қарашы,
темір жолдың
да, Не деген
суық түр-түсі.
... Қарасам болды... ой-ызғар,
Бұрқасын –
түйсік... не
етесің?! Бір күні
сен де пойызға
Отырасың да
кетесің... [21, 92 б.].*

Қимастық торына шырмалмасқа, мұңаймасқа әддіңіз жоқ.

Осы өлеңдегі қимастық пен таза мұң «Вокзал-2» өлеңінде қайта жалғасын тауып, алыстан үміт нұры себезгілегендей болады:

*Вокзал маған бір үміт,
Күдіктерді де тобы бай.
Темір жол бойын
жүгіріп Кететін
күштің жоғын-
ай... Оңтүстік
сенің жылы үйің,
Біз жақта суық... Не етесің?
Бір күні әлде жымып*

Қайтып келеді ме екенсің? – деп қиялына қанат байлаған арманшыл ақын ізгі махаббатының жолындағы күресін тоқтатпайды. Оның жан арпалысы, сезім буырқанысы әдемі елестермен айшықталып, көңіл тербер суреттерді көзге елестетеді. Ол аспан гүрілдеп, күн жауғанда, пойызда отырған қиялдағы аруына былайша тіл қатады:

*... Терезеңді ашып сәл ғана,
Қолыңды тосшы тамшыға.
Мен саған жеткізе алмаған
Мөлдірлік
сонда бар
шығар... ...
Заңдылық алып
жетекке
Пойызым келсе
өте күн...
Махаббат атты
бекетте
Секіремін де,
кетемін... [21, 93 б.].*

Шынайы сезім өзінің тұңғыығына шым-шым батырып, сізді де мөлдір сағыныш пен тәтті мұңға ортақтастырады. Сағыныш пен тәтті мұңға осы циклдағы «Вокзал-3» өлеңінде әрі қарай тербеле бересіз, бөлене бересіз.

*Үскірік аяз алқымды ап,
қарқылдап қатал қыс күліп,
Ысқырып алып, сартылдап пойыз да
келді ышқынып. ... Түсті анау, әне,
вагоннан шыбықтай нәзік бір мүсін,
Аязға бетін сүйгізіп, ызғарға тәнін
құштырып [21, 94].*

Қатал қыстың, қайырымсыз пойыздың құшағынан қиылып қиялдағы аруыңның шығып келе жатуы – қандай көңіл тебірентерлік сурет. ...

*Жылы нұр шашып жанарың,
сарқылмас дара сыры бір,
Жымиып жұмбақ қарадың,
назданғаныңның түрі бұл.
Дір етіп сәтте шошыдым...
Жоғалмаса деп тәтті шақ,
Тек қана бәрі осының
түсім боп шықты... құрығыр [21, 93 б.]!*

Еміндіріп, есінді алып, үміттендіріп, үздіктіріп келіп арман құсыңның жеткізбей кетуі, сағымға, сағынышқа айналып кетуі – мәңгілік поэзияның, өлмес өлеңнің өзегі. Осы бір алтын арқау Рахат поэзиясында берік орын алған. Ол ғашықтық сезімнің өмірлік екендігін «Мен сондамын» өлеңінде әдемі жеткізген.

*«Қаһарлы қыста іздесең мені мұңайма,
Қыста да көркем, көңілге әсем шырай бер!»,
«Жаз келіп... Күн күлсе көкке жетелей кетер шар-қалып,
Адыра қалың құрсауға түссең арбалып»,
«Сағыныш түсті сарафан киген сары күз,
Жалғыздық атты қалдырып егер қараса»,
«Мен сондамын»[21, 93 б.]! – деп тіл катады қиялдағы ғашығын аялаған*

ақын жүрек. Сырты жылтыраған жалған сұлулыққа жаны қас ақын «Этнобақ» өлеңінде:

*Өңін көріп өтірік тамашаның,
Көктем сайын осылай адасамын, – дей келе.
...Берекемнің берірек беті қарап,
Кеше шерден шығып
ем жеті қабат...
Өтіріктің көкесін
сенен көрдім, Енді
саған сенбеймін,
этнобақ.*

Келмеймін де [21, 94 б.], – деп шынайы әсемдікке, ізгілікке іңкәрлігін анық

танытады.

Жалпы, Рахат Әбдірахманов қазіргі жастар поэзиясына қала образын, қала поэзиясын әкелген ақын. Ішкі қалтарыстағы сезімдерді сыртқа әсерлі, әсем шығаратын, сезімтал, терең түйсікті ақын. Жинақылыққа, шымырлыққа құрылған өлең техникасын да айтпай кетуге болмайды.

Әлі де қазақ әдебиетіне берері мол осы талантты ақындардың шығармашылығы өмір, қоғам, халық мәселесінен ажырамай шындықты шырқырата жырлауымен ерекшеленеді.

Руслан Нұрбай өршілдігімен, азаматтық арынымен танылса, Серік Сағынтай ой тереңдігімен, биік интеллектісімен, Бағдат Мүбәрактің шешімімен, тапқырлығымен, Рахат Абдрахманов адам жанын қапысыз танитын нәзік иірімімен ерекшеленеді. Зор талантты жас ақындардың қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік үні, қолтаңбасы, орны бар.

1.2.2 Тәуелсіздік тұсындағы алдыңғы толқын ағалар поэзиясы

Өлең – сөздің патшасы екендігі ықылым заманнан бері айдан анық. Сонау замандағы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жырынан бастап, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай атамызға дейінгі ыәм одан кейінгі барша ақындар осыны дәлелдеп берді емес пе?!

М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, бертін келе М. Мақатаев пен Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынова, К. Ахметова, М. Шаханов... Осы аталған ақындардың (аты аталмаған қаншама жыр жампоздары бар) жыр-жауһарларының куәсі – ХХ ғасыр.

«Жұлдыздар отбасы» журналына Алаш ардақтысы М.Шаханов сұхбат берген еді. Сол сұхбатта ақын ағаның: ...қазіргі қазақ ақындарының ішінен танылған С. Ақсұңқарұлының: «...Қазақ деген – Кенесары,Денесі – бар. Басы – жоқ.», – деген шумағы ерекше ұнағанын айтыпты [22, 18 б.]. Ақын шығармалары қанша оқырманға қатты әсер етті. «Өмір деген – Күнді айналу» кітабы әсіресе сәтті шыққан. Сондай сәтті шыққан «Адам ата – Һауа ана» (Рух кітабы) кітабындағы жырларға тоқталғымыз келіп отыр.

«Сұрақ белгісі» деген өлеңінде:

«Естісін халық!

Кім мені келсе сынап көргісі,

Жаныма маза бермейді ес-түсімді алып

Сұрақ белгісі!», – дейді ақын.

Неге жауап іздейді, ағам? – Бәріне...

Қаншама қырғын не үшін?

Белгісіз боздақ қаншама, белгісіз мола қаншама?

Хиросима [23, 23 б.]?

Бұның бәрі де не? Әрине, жауабы жоқ сұрақ. «Адам ата- Һауа ана ыәм цивилизация» өлеңіне үңілсек:

Сол бір бейбіт уақытта:

«Адам ата өмір сүрді үңгірде...

...Бауаның да жоқ-ты алтын сырғасы».

*Ал енді ше? – «Ай қыдырған Аспан деген алаңда,
Құдайлардың төбелесі басталды» [23, 24 б.].*

XX ғасырда басталған алпауыттар соғысы әлі жалғасып келеді. Ақын ағамның «Мағжан ақынның 100 жылдығында жазылған өлеңінде»:

«Жүрегімде Көк бөрі,

Ұлиды көп тәңіріне көктегі.

...Қайран жұртың, қазағыңа өйткені,

Мен түгілі сенің сөзің өтпеді» [23, 23 б.], – деген жолдар бар.

Қазіргідей сөздің асыл парқын нарық басқан заманда ақынның жан шырылын кім ұқсын? Сондықтан да: «Көкке қарап әлі ұлып тұр Көк Бөрі». Жыр – Бөрісі.

О. Сүлейменовке арналған «Мидағы сынақ» өлеңінде «Халық жауы» деп Мағжандай арыстарымызды, таптар мен топтарға бөліп социализмді, қазаққа жат келімсек Колбинді басшы қып сынаған, біздің даламыздағы сансыз көп сынақтармен қоймай миымызға сынақ жасалғанын ашана айтады:

«Миына әзәзіл жіберіп,

Мұқағалидың басын сынады.»

Келесі бір «Ақбайдың Жақыбына ескерткіш» өлеңінде:

«Ақбайдың Жақыбы!

– құл болма!, – деп едің...

– күң болма !, – деп едің...

Не болдық ақыры?

Құл болдық ақыры,

Күң болдық ақыры,

Кеше көр Алашты

Адасқан ақылы...» [23, 27 б.], – делінеді.

Иә, ақылымыз адасып, нәпсінің құлы боп, мәңгірттеніп бара жатқанымыз шындық. Цивилизацияға ілесіп дамудамыз. Бірақ, ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмасақ болды.

«Керең тағдырмен керісте,

демеймін: «Үріп, шайқадым»

Бір иығымда – ПЕРІШТЕ,

Бір иығымда – Сайтаным» («Сайтан мен ПЕРІШТЕ») [23, 29 б.], – деп басталатын өлеңде Сайтанға арбалған жанның сенделген күйін жазады. Өмірде талай адамдар Сайтан азғырып сандалуда. Өмірде қаншама адам Сайтан сыбырлап Құдайды қолдан жасады. Сайтан түртіп:

«...бауырын - бауыры бауыздап,

Көрлақат болды күллі әлем»...

Махаббаттың өзі...

Осыларды көріп ақын ағамыз:

«Өмірді қалған не істеймін,

Неге үндемейсің, ПЕРІШТЕМ» [23, 31 б.], – дейді.

Әдебиетіміздегі келесі бір «Бүгініміз – беймәлім \\\ Ертеңіміз күмәнді»

заманда қаламын серік етіп жүрген ағаларымның бірі – Ж. Ерман. Жүрсін ағамызды кезіндегі ақындар айтысының ұйымдастырушысы ретінде танимыз. Ендігі уақытта оның «Ырғай» жыр кітабын оқығаннан бері жазба ақын ретінде де мойындадық. Тіліп түсер өткір тілді ақын ағаның жырларын жанымызға жақын тарттық, ұнаттық. «Бұлантының жоқ бұланы» өлеңі:

«...Бәрі жоқ боп жатқан ұдай,

Берекесіз шақта бұлай.

Иманы жоқ адамдарға,

Иланудан сақта, Құдай!» [24, 15 б.], – деген жолдармен өріледі.

Қазіргідей «ісіміздің бәтуасы, сөзіміздің тұрлауы жоқ» уақытта иманынан адасқандар қаншама. Сондықтан да осындай азғындардың сайтани қылықтарына күйініп, ақын жыр төгеді. «Сақта, Құдай!», – деп жалбарынады.

Ертеде бір жас жігіт ақылы асқан қарияға келіп: «Маған Аллаға бастар жолды көрсет, менің сол жолмен жүргім келеді», – деп қолқа салған екен.

Сонда қария: «Балам, сен әйелді сүйіп көрдің бе?», – деп сауал тастапты.

Тыжырынған күйде: «Жо-о-қ, мені әйел түк қызықтырмайды, мен тек Алланы ғана сүйемін», – дейді жігіт.

– «Онда саған ол нұрлы жол жабық, – депті қария, – себебі, әйел затын сүйе алмаған, Алланы да сүйе алмайды»

Осы сынды Жүрсін ағаның:

«Қай жерде, мейлі, қай елде,

Әлемнің мәні – әйелде...

...Халыққа сыйлы болмайсың,

Әйелге болсаң жексұрын...

...Әлемнің тілін таппайсың,

Әйелдің тілін таппасаң...

...Әйелмен күнің өлшенер,

Құдайдан кейін – сол шебер.

Бақытты сен де болмайсың,

Әйелің сорлы болса егер.

...Адамның күні әйелмен,

Әйелдер мәңгі жасасын!» [24, 22 б.], – деп келетін жолдары бар.

Бұл – әйелді биік көтеру. Өйткені, әйел – жар, әйел – Ана. Ендеше, бұл жыр – Ананы сүйу, Ананы мойындау.

«Ер туған жерінде» – дейді қазақ. Ақын да туған өлкесін әспеттеп жыр арнайды: бір тауына арша болсам дейді, даламның сарқылмас бұлағы болсам дейді... дей келе, жырдың соңғы шумағында:

«Сенен өнгем өскен ем,

Ей, Туған жер,

Қайта айналып өзіңе кеткім келер» [24, 25 б.], – деп түйіндейді.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» сөзбен шешкен шешен халықпыз ғой. Ел мен елді жауластыратын да, жауласқан жұртты татуластыратын да, мұңайтатын да, мұңайған жанды қуантатын да – сөз. Сөз күдіретін «Бәсіре сөз» өлеңінде Жүрсін ақын:

*«Аттан жығыл жығылсаң – оқасы жоқ,
Жығылуға болмайды сөзден, балам»* [24, 26 б.], – деп жыр өреді. Бұл жолдар сөздің парқын түсінгенге мол өнеге. Осы ойды «Мына заман...» өлеңінде:

*«Сәбиімдей мен сені әлдилеймін,
Сен аман бол киелі сөз өнерім»* [24, 27 б.], – деп сабақтайды.

Қаншама асылдарымыз көзі тірісінде елден тепкі көріп күн кешті. Кешегі Қасым ақын баспана іздеп сенделмеді ме? Мұқағали да жанын қоярға жер таппай жын суына жүгінбеп пе еді?... Қазір ше? Олар – ұлы, олар – дауылпаз ақындар. Өзі кеткен соң сөзін ұлықтайды, қазақ. Осы кемшілікті Жүрсін Ерман «Данышпан » өлеңінде:

*«Ғайбаттайды ел сені, дуылдайды,
Жырдан бірақ жүрегің суынбайды.
Бар жазығың-тірісің,
өліп кетсең,*

Ұлы ақын деп бәрі де шуылдайды» [24, 28 б.], – деп шырылдап жеткізеді.

Жазықсыз жала құрбаны Міржақып ақын «Оян, қазақ!» деп ұран салды. Жүрсін ақын да:

*«Жібімей ме жаратқан жаппар әлі,
Айырмай- ақ қойдың-ау ақ- қараны.
Табағыңа түсетін сыбағаңды,*

Бастырылып жатырсың, оян, қазақ!» [24, 31 б.], – деп әлі де маужыраған елді селт еткізбек ниетте. «Алдаспан жияр болсаң – алмасыңмын»деп қайсарлығын көрсетеді ағам. Осы қайсар ақынның қайсар жырларын мен өзімше тілге тиек еттім.

Махаббат лирикасы – сыбызғы сезімге толы лирика. Абай атамыздың өзі – «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» деп жырлап кеткен емес пе еді?

Күні кешегі, жырын Алаш жұрты мойындаған Мұқағали атамды мен XX ғасырдың махаббат пірі дер едім. Сезімге толы әрбір шумағы жүрекке от салады.

Бүгінгі күні өз басын, махаббат жыршысы деп, өзі айтқандай бір күн де мөлдір мұңсыз өмір сүре алмайтын ақын деп Қалқаман Саринді айтар едік.

*«Ойлаумен тек өзіңді түн де ұзарар,
Сырыма қанып үнсіз жұлдыз ағар.
Мендегі махаббатты оятты ғой,
Сендегі сезім тұнған нұрлы жанар»* [25, 34 б.].

(«Ән сияқты әуезді өлең») деген шумақтың сыртқы құрылысы, әдемі ұйқасы ғана өзіне еліктірмейді. Сонымен қоса сезім оянып, шабыт бойға сыймайтын түн әлемін жырға қосу арқылы, ғашық жанның нұрлы жанары ақын бойындағы махаббатты оятқанын жүрекке шынайы жеткізе білген.

*«Жұлдызды аспаным жымың қаққанда жақын кеп,
Жұлдыздан құрап жазамын өлең ақын боп.
Ал сағынбауға хақым жоқ...»
Тағы да түн, тағы да мұң... [25, 34 б.].*

Қалқаман Сариннің өлеңдеріндегі махаббат символы – түн бе деп ойлаймын. Бұл шумақтағы мөлдір мұң – сағыныш. Жұлдызды аспан астында ғашық жанның сүйгенін сағынбауға хақысы жоқ. Өйткені ол шын сүйеді.

Келесі бір өлеңде ақын тағы да мұңды жазады. Ол мұң – қоштасу, сүйгенімен айрылысу. Себебі – өлеңнің өн-бойы толған сырлы сезім. Ал сезімнің ешкімге ұнамауы мүмкін емес. Оқып көрейік:

*«Көлдей тұнық көзіңмен қызықтырдың,
Жүрді сонда жазықсыз жүзіп бір мұң.
...Қоштасар сәт келгенде қимай мені,
Мөп-мөлдір мұңнан моншақ үзіп тұрдың.
...Ұмыттым.*

*Бәрі-бәрі ұмытылды,
Жаныма махаббаттың мұңы тұнды.
Қураған жапырақтай жалған сезім,
Алсам да алақанға үгітілді.
Кездестік қоштасқалы...*

Күз. Кешкілік.

Мұңлы әуен тұрды алыстан бізге естіліп.

...Шақырып кездесуге сонда сені,

Кеттім-ау жалғыздықпен жүздестіріп» [25, 36 б.] («Кездестік қоштасқалы»). Жүректі тербейтін жолдар емес пе?!

Келесі бір дауылпаз жырларымен танылып жүрген ақындарымыздың бірі – Маралтай Райымбекұлы.

«Тұлпарға мінген Ұлы даланың, \\Тарпаң мінезді ұлы» – Маралтайдың «Кентавр» жинағындағы біраз жырға тоқталсақ:

*Мен туғанмын ер Мұхаммед өлген күн,
Мен болмасам жүрегімді емдер кім.
Хақ Мұхаммед айтып кеткен кешегі,
Келеді деп...*

Келген ақын, сол – Менмін [25 37 б.]!

Ағам, менің бала жүрегімді дұдамал күйден арылтты, дерттен емдеді, жырларымен. Сонысымен де ұнады. Маралтай «Өмір» өлеңінде:

*Бала арманым өлді екен деп тереңде,
Болмас іске қабағымды керем бе.*

Жерге сыйлап жансыз қалған тәнімді,

Көкке кетем көресімді көрем де» [25, 39б.], – дейді.

Бұл не дегені? Бұны түсіну қиын. Меніңше, бұл – ішкі мұң. Сол мұңнан туған дүние. Әйтпесе ақын: «Менің жаным аппақ емес, қап- қара» демес еді ғой. «Муза» өлеңінде:

*«Басса да жер дүниені көшкін мейлі,
Сен ғана өлмейтін де, ескірмейтін.*

...Құдай мен Құраннан соң бір өзіңсің,

Тұрмайды басқа нәрсе тырнағыңа» [25, 41 б.], – деп шарықтаған жолдар бар.

Ақын Музаны ұлықтайды, жырлайды. Өйткені, Муза – ақын жанының

жыр-күші.

Маралтайдың да алғашқы сезімінен сыр шертетін «Алғашқы сезім» (Гүлбануға) өлеңінде махаббаттың ұлы құдіреті қарапайым Һәм әсем жеткізіледі.

«Мен сен үшін батыр болғам сол кезде,

Мен сен үшін ақын болғам сол кезде» деген жолдар бар. Расымен де махаббат не істетпейді. Сонымен қоса:

«...Өзгелермен ойнай қалсаң қызғанып,

Өтуші еді жүрегімді мұз қарып.

Бар баланың мұрнын бұзғым келетін,

Қызғаныштан туып кейде қызбалық.

Еріксіз күлкіге ерік бергізеді [25, 41 б.].

Ал тереңінде қызғаныш деген асыл сезім. Қызғаныш махаббатқа жол ашады.

Тауықтың ары тарымен бірге,

Шашылса тары шашылар («Ар»)

Осы жолдар тауықша күнелтетіндердің намыссыздығын аңғартады.

Аққудың ары жарымен бірге,

(Жарына ғана бас ұрар) [25, 36 б.], – деген жолдарда аққудай адал жүректілердің Һақ жолы аңғарылады.

Есектей тек қарнын созуды ғана білетіндер мен тұлпардай хас жүйріктерді, Күнге де қасқайып қарайтын қыран көзділер мен қарғаша құрт шоқып өмір сүретіндерді салыстыра жырлайды. Соңында:

Шаладай бықсып жалғасып жүрер,

Өсек пен сора соңында –

Ақынның арын Алласы білер.

Ал сенің арың қолыңда [25, 43 б.]! – деп түйіндейді.

Жұмыр жердің үстіндегі адамзат әлемі мен Муза Һәм жырдан тұратын ақын әлемі мүлде екі бөлек дүние. Сондықтан да, Ақынның ары Аллаһ тағала сыйлаған шабытта болса, біздің арымыз өз қолымызда.

Маралтайдың дауылпаз жырлары осындай. Ақын аға «У қайтару» өлеңінде:

Көк байрақты қыран текті қазаққа,

Күн астында қанат жаяр жетті кез [25, 44 б.], – деп жыр төгеді. Ендеше жалынды ақындардың отты жырлары барда ҚАЗАҚ қырандай қалықтамақ. Маралтайдың келесі өлеңі арқылы оның бүкіл болмысы, ішкі дүниесі анық көрінгендей. Өлеңді толық оқып көрелік:

Шабытым шала еркелей келіп,

Жатырқап ЖАРЫҚ жанардың мұңын,

Түнекке ессіз ентелей еніп,

Қара түн саған қамалдым бүгін.

Мүңкіген мынау саясат исі,

Санама сарып сідігін сары.

Желінін жырдың аясаң иші,

*Мүжсиін мұңның жсілігін кәрі.
Тәңірдің құшып тізесін құлай,
Түн сені тілеп алғаным бақыт.
Әзірше сені күзетем ұдай,
Көрсетер деймін қалғанын уақыт.
Ғарыштан тайып ғасылдың рухы,
Ғасырға мына аттадым жаңа
Ғазал ғып өрдім Жасынның ілкі
Ғайыптан түскен шатпағын ғана
Сүлкінін сипап сәуленің лағыл,
Сұлбасын сүйдім тумаған жырдың.
Алласы алса тілегін қабыл
Тірлікте мына тулағандардың
өтер ем сонда өмірге лайық:
Өкпемді үнсіз кеудеме көміп.
Күндізгі ойым: көңілде ғайып
Тірілді түнде беу, неге өніп?
Көңілдің кезіп көшесін лайлы,
Миымды мына мекендеп тегін.
Жүректің жайлап бөлмесін қайғы,
Өмірді өлең екен деп келдім.
Жағымпаз жырды жазамын жиі,
Қоғамға қиын расында ұнау.
Қабыл ал мені қазағым игі –
Ғазал боп келдім ғасырға мынау [25, 46 б.]!*

Өзге ақындарға ұқсамайтын сөз қолданыстары мен тілдік өрнектері Маралтайдың ақындық айнасын, ақындық тұлғасын таныта түседі.

Келесі бір жас ақын – Бақыт Беделханұлы. Мысалға, «Солай бәрі болу керек» өлеңін алатын болсақ:

*Өрт боп жанған махаббатым аман бол,
Өшер кезде ешкім маған от бермес [26, 5 б.].*

Осы жолдарда ақын ұлы күш – махаббаттың жалынын анық аңғартады. Махаббат от береді, маздатады. Тағы бір ерекшелік, өлеңнің бірінші (ө), төртінші (е) шумақтары ассонансты пайдаланып, ал екінші (л), үшінші (м), бесінші (с) шумақтары аллитеррация тәсілін қолданылып жазылған. Және де сол басқы әріптерден құралған сөз: «Ө Л М Е С»... Иә, бұл жалынды жырлар өлмейді, мәңгі!

Осы ойды «Мәңгіліктер» өлеңінде былайша сабақтайды:

Мәңгіліктер...

Мәңгі өлмейтін жанымға жаңғырып кел.

Бұл жанның мәңгі өлмеу себебі, ол – ақын жаны [26, 43 б.].

Қаршадайынан тақымын тайға бекіткен,

Ғұмыр бәйгенің өзімше шабандозы едім...

Көмбеден күткен тілеулес жұртым секілді,

Тақымын қысып ажал тұр ма екен алдымда [27, 14 б.]?! («Шабандоз жастық»). Осы жолдар ақын Дәулеткерей Кәпұлының шумақтары. Расымен де өмір – бәйге, өмір – аламан. Сол аламанда әркімнің өз жұлдесі бар. Көмбеге дейін қаншама қиындық, қаншама талас- тартыс... Барар жер бір... Ол – мәңгіліктің мекені.

«Қайда кетті бөрілі елім, сол заман» өлеңінде түтіні түзу ұшқан, Көк Тәңірісі қолдаған жұртымыздан:

Тәңірідей табынатын тектілік!

Ағалардан табылса-

Біз де, ұрпақ, бақыттымыз күні ертең [27, 21 б.], – деп ой түйеді.

Бауыржан Бабажанұлы тәуелсіздік жылдарындағы поэзия өкілдерінің ішіндегі өзіндік қолтаңбасы қалыптасып қалған ақын ретінде тануға болатын шығармашылық иелерінің бірі. Ол өзінің шығармашылығында алдыңғы 80-інші жылдар әдебиетіндегі буынның әдеби дәстүрін жаңашылдықпен жалғастыра білген ақын ретінде тануға болады. Ақын ағасы Темірхан Медетбектің пікіріне жүгінсек: «Бауыржан Бабажанұлы барынша қарапайым жазады, шешен жазады, бәр сөзбен айтқанда, қазақы ақын. Табиғаты қазақы. ...Оның ерекшелігі сонда – қандай бір күрделі ұғымды қазақ жанына жақын етіп қорыта білетіндігінде. Ол сөз іздеп, оны жамап-жасқап жатпайды, сөзді табиғи түрде құйылып жатады» [28, 10 б.]. Інісіне зор үміт артып, жақсысын айтып нұрын тасыта білген аға сөзіне қосыла отырып, жас ақынның шығармашылығына тоқталамыз.

«Уәде» атты шағын жыр жинағы Бауыржан ақынның өзіндік ойының бар екенін көрсетеді. Осы жыр кітабының ішіндегі «Ескендірдің мүйізі» атты өлеңіне тоқталып көрелік. Тарихта өзінің жаугершілігімен, жауыздығымен аты қалған Александр Македонский туралы және ол туралы айтылатын осы бір аңыздың ізімен жазылған қаншама туынды бар. Әлемдік әдбиетке соқпай-ақ өзіміздің қазақ әдебиетіндегі Ғұлама Абайдан басталатын шығармалар көшін қарап шығуға болады. Аңыз ізіне бағытталған М. Жұмабаевтың және Е. Раушановтың да өлеңін атап өтуге болады. Бауыржан ақынның Ескендір аңызы хақындағы өлеңі былай басталады:

Мазасыз ой тап болды неге маған,

Тыныштығын күйттеген өлең аман...

Шекпен киіп жайланып үнсіз қалды,

Ел мұңы менің мұңым! – дейді.

Жалпы тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалар қоғамдық шындықты айтуда біршама жетістіктерге жеткенін көреміз. 80-інші жылдар поэзиясындағы қоғамдық шындықты айтудың масштабы «әрі кең, әрі биік» болатын. Ақындар ғаламдық масштабтағы адамзат мәселесіне араласып кететін. Мысалға адамның айға ұшуы, соғыс, бейбітшілік, атомдық қару тағы да басқалар. Әрине бұл тақырыптар әлі де өзінің маңыздылығын жоғалтқан емес. Алайда тәуелсіздіктен кейінгі поэзиялық шығармаларда сол жалпы адамзаттық зұлымдықтардың негізгі тамырына үнілу бар. Яғни барлық жамандық та, жақсылық та адам жанында, санасында қортылып шығады сондықтан да әдебиеттегі адам мәселесі, оны тану мәселесі ешқашан толастамақ емес.

Жоғарыдағы Бауыржанның өлеңінде де «қасындағы шекпен киіп жүрген» ағасын танудан басталады. Ақынның өзі таныған қоғамдық ортаның ащы шындығын айтуға келгендегі азаматтық тұлғасы қуантады:

*Жә, жарайды, тек сол ма үнсіз қалған,
Көкірегіңмен не пайда Күн сызғаннан.
Мен де үнсізбін. Тек шекпен кигенім жоқ,
Әуел баста ондайға қырсыз болғам [28, 30 б.].*

Бұл ретте ақынның қоғамдық мәселелерге деген көзқарасы, адамдар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас тәрізді мәселелер орын алған. Алайда өлеңнің көркемдік элементтерінде кемшін тұстары бар екенінде жасырмаған ләзім. Ақын көп өлеңдерінде шұбалаңқылыққа салынып кететіні бар. Өзі жақсы көріп оқитын және еліктейтін де ақын ағасы Есенғали шумақпен берген идеяны Бауыржанның жеті шумақпен беруін шарасыздықтан туған амал дей алмаймыз.

Әрине көптеген идеялардың қайталанып келе беретінін бәрімізде білеміз. Мәселе сол қайталанып келе беретін идеяларды ақынның оқырман қауымына қалай жеткізетіндігінде болып отыр. Ақынның «Ескендірдің мүйізі бар екенін» айта алмауы қоғамдық кемшіліктерді ашық айта алмауының, біле тұрса да амалсыз қалуының аналогы ретінде беріледі. Тіпті біз қоғамдық шындықты айтудың өзінің негізінде де адамның қоғамдық ортаға тәуелділігі жататынын байқаймыз. «Ескендірдің мүйізі» – сол қоғамымызда орын алған келеңсіздіктердің бетін ашып көрсетуге арналған тарихи мысал. Поэзиялық шығарма арқылы өзінің жаңа сипатына ие болған аңыздың біз атаған азаттық идеясына да өзінің тигізер әсері, ашатын беттері бар екені айдан анық.

Қазақ поэзиясының жоғарыда аты аталған ақындардан басқа үміт күттіртін және өздерінің бірді-екілі кітаптарын жарыққа шығарып, қаламы өлең жазуға қалыптасып қалған ақындар ретінде Бақытжан Алдияр мен Дәурен Берікқажыұлын атауға болады. Бақытжан өзінің сыршыл да нәзік лирикасымен оқырман қауымды баурап алса, Дәурен еуропалық поэзия үлгісін қазақы қара өлеңмен көмкеріп тамаша туындылар жазған ақын. Поэзия алаңына еркін ойлау, қарымды қалам кеңістігін қамтуға болатын уақытта шыққан ақындарың талантына заманы сай келетін мезеттің туғанын аңғаруға болады. Бақытжан:

*Көнергеннің есте тұтпас көбін ел,
Көре деген көзге бірақ көрінер, –
Жер үстінде – ыбырсыған тірілер,
Жер астында – ыңырсыған өлілер [29, 15 б.]*

Дәурен:

*Есіре соққан Ебі жел,
Екілен тағы екілен!
Ез туған елге егесіп,
Егізің болып кетіп ем...
Бөлтірік елім шығарып,
Бөрілігін есінен
Қанымды менің қарайтса,*

Қан майдан шығар несібем [29]!

Бұл жылдардағы ақындардың өлеңдеріне жалпы алғанда күңгірт бояудың тәне екенін кезінде жарыса жазып, «жылауық өлең» қаптап кетті деп дабыра қақтық. Шындығын алғанда өлара мезгіл тарих көрсеткендей қай жерде, қай уақытта болса да қоғамға бір дағдарыс барын ұғындырады. «Жастайынан талағандардың» тағдырға өкпесі демей-ақ қояйық назы бары анық. Шығармашылық иесіне барлық жақсылықты, материалдық тұрғыдағы жақсылықты жасаған кеңес үкіметінің шекпенінен шыққын аға буынның оны басқа тұрғыда түсінгені белгілі. Қазақ әдебиеті тарихындағы тәуелсіздік идеясының сабақтасуы және тәуелсіздік жылдарынан бастау алған әдебиет өкілдері шығармашылығының жалпы даму сипаты осындай. Әдебиет дамып, уақыт арнасынан сүзіліп шығып өз жолын таба бермек. Соның негізгі дәлелі бабалар мұрасының бүгінгі поэзиялық шығармаларда көркемдік-әдіс тәсіл, стиль ретінде көрінуін атауға болады.

Қазіргі қазақ поэзиясы кешегі Абай атамыз салып кеткен сара жолдан еш тайған емес, Абай атамыз қалап кеткен сол биіктен әлі түскен жоқ».

2 Азаматтық жырларындағы айшықтар танымы

2.1 Қазіргі поэзиядағыт тәуелсіздік келбет

Лирикадағы басты тұлға – ақынның өзі. Өлеңнің авторы, объектісі мен субъектісі. Қан тамырын соқтыратын жүрегі. Алдымен оттай басылатын жаңалық, лирикалық ақын образының бұған дейінгі қай уақыттан өзгеше арынды көрінуі, ағын судай тасуы, асқаралы шындай асқақтауы. Кеңес поэзиясының лирикалық кейіпкері «азатпыз», «бостанбыз» деп шалқыған жоқ. Бірақ сол шалқыманың мән-мағынасы толық ашылмай қалатын. Ашылмау себебі, әлеуметтік бостандық пен ұлттық бостандық ұғымдарының арасы көш жер... Қызыл империяның отаршылдық ызғары ұлттар теңдігін аяқасты етті. Бүгінгі лирикалық қаһарман «азатпын», «бостанмын» десе, оның жөні басқа. Т. Медетбек «Тәуелсізбін» атты көлемді өлеңін былай деп шарықтатады.

Тәуелсізбін!

Тәуелсізбін мен бүгін.

*Келді міне азаттығым,
теңдігім.*

Бостандықта бойлығым мен ендігім.

Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім [30, 18 б.]!

Ақын «Тәуелсізбін» деуі мұң, бойына қуат, көңіліне шербет енеді. Кенет зорайып, барша қазақ болып сөйлейді. Ондай стилистикалық жаңа рөл атқаруға күш қосатын қайнар – жаңа уақыт ақиқаты. Азат ұлты. Кеңестік бостандық өлеңінің авторы я лирикалық кейіпкері «өңкей сорлы, езілегеннің» сөзін сөйлесе, яғни бір қазақты екіге жарып, «байларды қойдай қу қамшымен» деп ұран тастаса, Қызыл жалау бар қазақтікі болмай шықса, Көк байрақ жөнінде олай дей алмайсың. «Тәуелсізбін!», «Азатпын!» – деп жар салушы Т. Медетбек өлеңінде – тұтас ұлт: байы да, орташасы да, кедейі де. Ақын «мені» енді ұлттық сипат алған. Жеке бағамы көпшілік көңілінен табылып, ұлт бағамына айналып мейлінше зорайған. Ақын асып-тасқан көңілмен, тау қопарар қуат-күшпен, шалқыған шабытпен жыр нөсерін төккен. Тауым да, орманым да, көлім де, далам мен балам да, жарым да, әнім де – бәрі-бәрі тәуелсіз, азат, бостан деп шартарапқа шаттық құсын ұшырған арқалы ақынды түсінуге болады.

Тәуелсізбін! – танып тұрмын өзімді,

Ұшырамын қанат байлап сөзімді.

Ешкім енді көкірегімнен итеріп,

Ешкім енді шұқымайды көзімді [30, 18 б.], – десе, мұны асылық айтты деп қабылдамаймыз, қайта осы ой біздің де көңіл сарайымызды жаңғыртып тұрғанын аңғарып, қосыла жырлағымыз келеді. Т.Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары» кітабы еліміздің өміріндегі тұтас бір кезеңді, үмітті де ауыр шақты, өтпелі де қиын кезеңді бүкіл жарық-көленкесімен, жақсы-жаманымен, қуаныш-қайғысымен қаусыра қамтыған туынды. «Ашуымды сапырып // намыс мені жеңгенде – // ұлы Каспий аһ ұрып // толқып тұрар кеудемде» [30, 95 б.], – деп өзі айтқандай, ақын өлеңдерінен ұлы теңіздің бірде буырқанған, бірде

тыншыған, бірде күрсінген алып тынысы сезіледі. Адам – Қоғам – Заман – Уақыт дейтін ұлы ұғымдардың мән-мағынасын, тақырып-мазмұнының сыр-сипатын ашуда ақынның бұл еңбегі күрделі де кесек шыққан. Жылдар ғана емес, сол жылдарда туған жырлар да тағдырлы. Жыр жинағының тақырып аясы кең. Бір шоғыр өлеңдер тікелей азаттық, бостандық, тәуелсіздік тақырыбын қозғайды. Солардың қатарында жоғарыда аталып өткен өлең де бар. Тағдырлы өлеңдерінің бірі – «Бостандығым туралы сөз». Бұл өлең тағдырлы болатын себебі – егер еліміз тәуелсіздік алмаса, бодандықтан шықпасақ, ешуақытта жазылмас еді. Ойша орайластырып, қиялмен қиыстыруға көнбейтін өлең. «Бостандығым» деген сөзді айталмай М. Өтемісұлы арыстандай арпалысып өткен. «Бостандығым» деген сөзді айта алмай А. Байтұрсынов аң ұрып ғұмыр кешкен. «Бостандығым» деген сөздің шын қуатын М. Мақатаев та сезіне алған жоқ... Арғы-бергі ақындарды түгендеу мақсат емес, осы «Бостандығым» деген сөзді айту бақыты бұйырған ұрпақтың атынан сөз алған Темірхан ақын қатардағы қоңыр өлең емес, образға оранып, өлең сөзбен сомдалған Бостандықтың бейнесін мүсіндеп шыққан:

Қарашы оған: кетеді адам аяп.

(Айттым мұны тұрсам да қаламай-ақ!) –

Бостандығың келіп тұр, Бостандығың!

Жалақ ерін,

жалаңбас,

жалаңаяқ [30, 73 б.]!

Бостандық бейнесі, біріншіден, адам жаңында аяушылық пен мейірімді оята отырып сомдалған. Екіншіден, тағлым мен өнеге тарататын дәстүрлі қазақ поэзиясының көркемдік тәсілдері сәтті қолданылған. Үшіншіден, азаттық бостандық, тәуелсіздік идеясының жеңісі шағын ғана өлеңнің бойында шымыр-шымыр қайнап шындалған. Сондықтан да бұл өлең ұзақ уақыт есте сақталады, қайталанбайды, дара, дарынды.

Тәуелсіздік кезеңінің лирикасы тарихты ұлт мүддесі тұрғысынан сөйлетеді. Бұрынғыдай жалтақтамайды, бір шоқып екі қарамайды. Кеңес кезінде қазақ ақынының миы құдды локаторға ұқсайтын. Мәскеу жақтан мезгелген ойды қағып алып қазақшалайтын. Кеңес кредосы былайша талап қоятын: «Жаңа заман, жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеу керек; Ертеңге қалдырсаң кешігесің. Онда сен партия мүшесі, халық жазушысы емессің». Социалистік реализмнің басты принциптерінің бірін қазақ ақыны, ғалымы Ә. Тәжібаев өз сөзі етіп отыр [31, 193 б.].

Ендігі ақын өйтпейді. Бөтен жаққа қарап емінбейді. Оның айтқанын қайталап жарамсақтанбайды. Не құбылысты тарих безбеніне салады. Темірхан: «Қырылдық қой қорғап біздер Мәскеуді, ал Мәскеуден қорғана біз алмадық», – деп ашына ақтарылса, мұнда кешегі өткен Кеңес дәуірінің тарихын таразылау бар. Мәскеуді қазақ өз астанам деп қорғап қанын төкті. Ал, сол астанасы бара-бара қақтың тілін аяқ асты етті, діліне дақ салды, дінін құртуға тақады. «Менің елім, менің жерім», – деп ән салған жастардың төбесіне әңгір таяқ

ойнатты, исі қазақ желтоқсан ызғырығынан бүрсең қақты. «Шемен болған шерлі үннің» [31, 195 б.] ырғағында талай сыр бүгулі...

Тарихты ұлт көзімен қайта бағамдау Ұ. Есдәулеттің «Киіз кітабындағы» «Түркістан», «Біз – түріктерміз», «Астаналар», «Қазақстан», «Қазақия», т.б. бірқатар өлеңдеріне тән. Қазақтың Отырар, Сауран, Сығанақ, Баласағұн, Түркістан, т.б. көне шаһарларын ақын өткен шақ шаңында қалғанға баламайды. Ол қалалардың бәрі қазақ шайырының жан әлемінде тірі қалпы тыныстап тұр. «Өзегінде өртеніп Отырар» жатыр. Сауран мен Сығанақтардың бұла бақтарын түсінде аралап жүреді. Ал, Асанқайғы желмаясын желкілдетіп бүгінгі Астананы тамашалайды. Тәуелсіздік туын желбіретіп ұстап тұрған қазақ – кешегі, бүгінгісі, ертеңін бойына жинаған тарих перзенті.

Тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы кезеңдегі сүйінші сұрасу үстінде лириканың декламацияға берілуі де заңды. М. Айтхожаның «Аңсау» кітабы:

Мүмкін бе Ата-текті жасыруым,

Күмістей төгіл сен де

Ашыл үнім!

Өз еркі,

Өз тағдыры

Өз қолында,

Мен Тәуелсіз қазақтың –

Ақынымын!» [31, 196 б.] – деген өлеңнен басталады. Кейінгі жылдары жарық көрген аталмыш жинағы және «Аққу-жүрек», «Алатаудың ақ батасы» атты кітаптарында ақын Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктерін эпикалық кең тыныспен жырлайды.

Ұлттық тарихымыздан медет сұрау – тәуелсіздік дәуірі поэзияның қабырғалы тақырыбы. Н. Оразалин сақтардан талып естілетін көне үніне құлақ тосады. «Күмбірлеген көк түріктер кезеңін» сағынады.

Сағын!

Сағын!

Сағынышың өлмесін,

Шалқарыңда ұлы аруақтар көлбесін.

Тәңірқұт пен күнбилерің сөйлесін,

өлмес тарих: Өзіңе – сын, Елге – сын.

Күні кеше қызыл империя өшіруге тырысқан тарихымыз қайта тірілді. Оны арзандатып алмауға керек. Бұл – бәрімізге сын, дейді ақын. Сондықтан да Нұрлан ақын жинағы қам көңіл. Өзіне қояр сауалы көп: «Өзімнен өзім шошыдым мен?» «Неге? Неге? Көзімнен жас тамбайды? Ақын жүрегі күпті. Жинақтың соңындағы «Келер ғасыр... Болады қандай ғасыр?» өлеңінде ақын өзін баураған ауыр ойлардың бір ұшығын шығарады [31, 198 б.].

Жүрек төрі – көк жалын...

Ең ыстық үн:

Кімдер?

Қалай тойламақ Жеңіс Күнін?

Кең Даласын қазақтың кімдер жайлап,

*Қандай тілде сөйлемек Кеңістігім?
Уайымым – осы шын, жасыра алман.
Тілім аман қалар ма бәсіре алған?
Дінім аман тұрар ма?
Келер ұрпақ!*

Сені қандай күтеді жасыр алдан [31, 198 б.]?

Н.Оразалин уайымшыл, күйрек акын демесек те, «Ғасырмен қоштасудағы» мұң-шерін замандастары түсінуге тиіс. Қай заманда да тағдырға қояр сауалын тауыса алмақ емес. Көне уақыттың халқымызға көрсеткен зәбірі, тартқызған тауқыметі аз ба? Әлі күнге мемлекеттік тіл Конституциядағы ықын жүзеге асыра алмай келеді. Неге мәжбүрміз? Соның бәрі Н. Оразалин өлеңінің ауа райына әсер етеді. Әсерді публицистика тіліне аударсақ, ол: Құдай рақымымен қолға тиген тәуелсіздік бәрін шешеді деп құр босқа далақтамауға керек дейді. Ояу қазақтың ойлануға тиісті нәрсесі көп. Ұшығына жете алмай уайымдайды.

Сонымен бірге қазақ өлеңі өзінің өр бітімінен арылып қалмау жағын да естен шығармайды. Зарлы ән, мұнды күй, біздің пешенемізге мәңгі жазылып қоймаған шығар. Қазіргі заман зар заман емес, ар-намыс заманы. Бұл ақиқатты түсінудің поэзиядағы көрінісі М. Өтемісұлы, М. Жұмабаев дәстүрлерін жаңғыртудан байқалады. Мысалы – Т. Медетбектің «Абылай хан», «О Махамбет, пірім-ай!», «Мағжан-жыр» өлеңдері.

Т. Медетбек те «талықсып жатқан» діні, ділі, тілінен хауіп ойлайды. Әдебиеттік әсірелеу сияқты көрінсе де, «Шайқалып тұр ғой, шайқалып Қазақтың қалың ордасы» деп қамығады. Қамықса да қамсыз болмауды ойлап, аруақ, «пірін» шақырады. Махамбет, Мағжандардың романтикалық дәстүрінде өршіл, өктем өлең рухын демдейді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген күні, арада бір жылдан аса уақыт өткеннен кейін, «енді, міне, барлық арман-мұратымызға жеттік, басқа ештеңе де керегі жоқ, осымен күрес алаңын босаттық» - патриоттарды да кездестіре алмадық. Себебі, Тәуелсіздіктің туына қол жеткізу бар да, сол туды құлатпай, мәңгілік желбіретіп ұстап тұру бар! Жұртшылықты торығу, ертеңгі күнге сенбеушілік, өзін қоғамнан сыртқары қалғандай сезіну, ешкімге керегі жоқтай, дүниені өзгертудің кілтін әлдекім ұрлап әкеткендей дәрменсіздік билеп тастағалы біршама уақыт болған. Еліміз егемендік алғаннан кейін де мынадай өлеңдер жазылып жатты:

*Айтамын кімге мұңымды,
Түсірді уақыт құнымды.
Иектен сақал жұлынды,
Сүйектен етім сылынды.
Өксітті өмір жасымды,
Өш болып өңкей жырынды...
Болашағым да болжаусыз
Болған соң бұлдыр бұрынғы.
Осылай заман бүлінді.
Керегім болмай қалған соң,*

Көремін қайтіп күнімді [32]!

Қоғамдық жүйе алмасып, империялық құрсау күрт босап, елдердің бәрі егемендікке ұмтылып, шаруашылықтарды, кәсіпорындарды басқару тетіктері істен шығып, аласапыран дүние басталып кеткен кезде «Осылай заман бүлінді» деп ақын С. Тұрғынбековтің торығуын түсінуге болар.

Қараңғы мен жарықтай кереғарлық

Жағдайына қалай тез келе қалдық...

деп ақын Х. Ерғалиев шерлі өлең-толғауларында заман — қоғам — адам арасындағы үйлесімнің, бұзылуының себеп-салдарын анықтай алмай дал болады. Кереғарлықтың тамырын әріден іздеп, тарих қойнауына тартады:

Баса-көктеп Жайыққа орыс келген,

Жерді тартып алмақ па?

Ол істелген.

«Қазақ» деген ұлт атын және тонап,

Құм-тақырдан «киргизге» қоныс бөлген [32].

Дәл осындай ақиқаттар егемендікке қол жеткізбей тұрғанда айғайлап, жұртқа жеткізіп, айтылмады. Себебі, қызыл саясатқа қайшы, қиғаш-тұғын. Енді жылдар бойы отарлық езгіде жүргенде шеккен азап, көрген қиянат, тартқан қысастық — бәрі-бәрі бұрқ етіп сыртқа шықты және социалистік жүйенің күйреуімен бірге шатқаяқтаған шаруашылықтар, тоқтаған өнеркәсіп орындары, жұмыссыздық, ұрлық-қарлықтың өрлеуі, қылмыстың қабындауы, жемқорлықтың үдеуі, т.б. адамдардың көңіліне қатты аландаушылық әкелді, үрейлерін ұштырып, жәмиғатты жарық күнде қараңғылық қамап, торығу басты. Ал мұның заман мен қоғамдағы әрбір құбылыс, оқиғаларды жүрекпен қабылдап, сезім сүзгісінен, ақыл безбенінен өткізіп, бір сәт те маза-тыныш таппайтын ақындарға жай оғындай тигенін де жасырмаймыз.

Алмағайып тіршілік басталғандай,

Сананың сахнасы бос қалғандай.

Иә, ақын С. Қосалыұлы «Егемен Қазақстан» газеті арқылы елге осылай мұң шағады, шер бөліседі.

Дүние-ай, дала қандай, аспан қандай,

Арасы ала бұлтпен ластанғандай

Аспан да, Дала да, Бұлт та бұрынғадай, өзгерген ештеңесі жоқ. Бірақ жан-дүниесі алай-дүлей, қамығып, қайғы жұтқан ақынға бәрінің де өңі қашқан, сұрықсыз. Ала бұлт көк аспанды кірлетіп, айғыздап тастағандай. Алабажақ.

Егемендік, тәуелсіздік алып жатқан 1990, 1991 жылдары Қазақстандағы қазақтардың жалпы саны 50 пайызға жетпейтін еді. Қызыл төңкеріс, күшпен ұжымдастыру, байларды кәмпескелеу, шекара асып жат елдерге ауу, аштық, репрессия, соғыс жалмаған қайран Қазақ елінің жер бетінен мүлде құрып кетпей, қалай аман-сау қалғанының өзі таңқаларлық. Содан да шығар, ақын Қ. Шолақовтың:

Азшылықпын,

Қиғаштыққа толы ортам,

Оралардай мойыныма ала арқан.

...Әлденеден сескенеді жүрегім,

Әлденеден шымырлайды жон арқам – деуі Егемендік алғаннан кейін де алғашында елдің еңсесі көтерілген жоқ. Қайта қолдағы барынан айрылып, тапқан тиын-тебені күнкөрістік талғажау жасауға жетпей, ауыл азып, қала тозып, бағыт-бағдарын жоғалтқан ескексіз қайықтай тағдыр-теңізде шарасыз хал кешкен халық қатты күйзеліске ұшырады.

Көңілімді дауыл шайқады,

Тағдырдың бүріп толғағы.

Кер заман көктей жайпады,

Үзіліп түсіп қолдағы

Үміттің алтын балдағы –

Міне, ақын Н. Айтов «Торығу» атты толғауында кезең сипатын «Кер заман» деп айқындайды. Үзіліп түскен «Үміттің алтын балдағы» не? Бұл – кешегі келешекке деген көзсіз сенім. Ол «алтын балдақ» па, жоқ па – уақыт бағасын берер. Мына ретте «жоғалған пышақтың сабы алтын еді» дегендей, өткелекте тұрып өткенді ақсау басым. Себебі, бүгінгіден кеше тәуір болатын. Бәрі қирап, бүлініп, тоналып, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпейтін, елдің иесі, сөздің киесі бар еді.

М. Шаханов мына бір өлеңінде:

Тағдырыңды тамырсыздың індетінен қалқала,

Әр адамда өз анасынан басқа

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек құдіретті төрт ана!

ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,

ТУҒАН ТІЛІ – сатылмайтын байлығы,

ТУҒАН ДӘСТҮР, САЛТ-САНАСЫ – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі,

Және ТУҒАН ТАРИХЫ,

еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да –

деп тәуелсіз ұлттың негізгі төрт тірегі, төрт ұстыны дәлме-дәл аталған [32].

Ал, «Төрт ана» дейтін ұғым қазақы менталитетке жұғысымды, сіңімді деу қиын. Себебі, біз аспанда Ай – жалғыз, Күн – жалғыз, адамда Ана – жалғыз, Әке – жалғыз, Туған жер – жалғыз дейтін, Көк әлемінде Тәңірі – жалғыз дейтін наным-сенімнің, иланымның тәрбиесінде өскенбіз. Бізге «төрт ана» ұғымы жат. Бұл әлгі көп «құдайлары» бар елдердің пайымдауларымен сәйкесер, бәлкім.

Дегенмен, мына өлеңнің айтпақ ойы, негізгі идеясы «төрт тірек» дейтін түсінікпен қабылдағанда көңілге қонымды.

Ар әміріне жүгініс, ар төрелігі алдында ағынан жарылған тебіреніс. Ары таза адам ақиқатты өз арынан іздеп, өзінің өткен өмірін де, алдағы арман-тілегін де, өз жанының ішкі қатпарлары мен сезім иірімдерін де арының алдында жайып салып, жаңағылардың барлық дем-тынысын ар биігінен өлшер болса, ондай адам, әсіресе, ақ биігінен өлшер болса, ондай адам, әсіресе, ақ жүрек ақын әрбір қадамында жаза баспас деп ойлайсың.

Ақын С. Иманасовтың осы аттас өлең жинағын оқып отырғанда алар әсерің осындай. Жыр жинағын парақтап отырсақ, оның маржан жолдары түгелдей тарихи Тәуелсіздік дастанына арнап жазылған үзінділер ме немесе еліміздің сол Тәуелсіздік төріне қарай қадам басқан аяқ алысының жол жазба шежіресі ме деп те ойлап қалар едік. Тіпті нақтылай айтсақ, он бес жылдық сапарымыздың соңғы белесінде, жаңа ғасырдың бергі бес-алты жылғы бедерінде жазылған, қағаз бетіндегі сиясы әлі кеуіп үлгірмеген жаңа жырлар екенін байқар едік.

*«Ана тілім құрыр болса мен де сол:
өмір сүріп керегі не?!» – дер едім дейді С. Иманасов.
Содан соңғы ой түйіні мынадай:
«Сөз аяғы айналды деп ұранға,
Тарпаң інім тағы да бір сыңар ма, –
Қайтем бірақ,
Қаным бірге тілменен,
Әнім бірге,
Жаным бірге шығады»*

Ана тілін осылай ардақтай келіп, ақын сол қасиетті тілдің қадірін кетіріп, кәкір-шүкір өсек-аяңға, арзан саясатшыл сөзуарлыққа салып жүргендерді «Қазақы әңгіме» дейтін өлеңінде қағытып айтатыны да орынды естіледі [33].

К. Ахметова – өз халқының жүрегінің төрінен әлдеқашан орын алған ақын. Күләш апамыз қазақ жырына ешкімге ұқсамайтын өзінің ерекше өрнек-кестесімен келіп, бірден биіктен көрінді.

«Құт» кітабына ақынның соңғы он бес-жиырма жыл көлеміндегі әр кездерде жазылған өлеңдері енгізіліпті. Соңғы жиырма жыл ішіндегі ел басынан өткен тебіреністі сәттердің бәрі Күләш жырларынан көрініс тауыпты. Әсіресе, ғасырлар бойы күткен Тәуелсіздік келгеннен кейінгі халқымыздың көңіл-күйі, өтпелі кездердегі қуаныш-қайғысы «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық» толғауында бар болмыс-бітімімен әдемі өрілген. Ақын Тәуелсіздікке тағзым ете отырып, Бостандықтың іргесін бекіту жолында алдымызда әлі де қиын асулар, тар жол, тайғақ кешулер тұрғандығын бар дауыспен жеткізеді. Сол жолда елдің Елбасыға арқа сүйейтінін, тағдыр тізгінін, ел аманатын да сеніп тапсыратынын төгіле толғайды.

*Қайтып жатыр оралып түз алтыны,
Алда – биік асқар шың, мұзарт ұлы.
Президент!
Қазақтың дербестігін
Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы!*

*Ұзай алмас шідерін үзбеген ат,
Ұлы жолда қатса да мұзға қанат.
Тұқыртқанға көнбеді тұлпар-тағдыр,
Сол тағдыры халықтың Сізге – аманат!*

Президентке салмақ сала сөйлей отырып, халық болашағына алаңдайтынын да жасырмайды. Ел ішіндегі кейбір келеңсіз жағдайларды ашына да ашық айтады. Сонысымен де Күләш ақын поэзиясы парасатты, қадірлі, құнды.

*Елге барсам – құрулы қақпандар көп,
Елтілерге жем болып жатқандар көп.
Момынның ақысын жеп жатқандарға
Айғайлағым келеді: «Тоқтаңдар!» – деп.*

*Біз ұшырдық үміттің құсын кеше,
Дұшпан оғы жерге атып түсірмесе...
Азаттықтан не пайда,
Баламның тілін әкем түсінбесе?!*

Тіл тағдыры – ел тағдыры, мемлекет тірегі. Осы тұста халқын, ұлтын сүйетін, ұлт бесігінде тербелген әрбір ұл мен қыздың туған тілдің келешегі үшін күресуі керек екенін, туған тілсіз Азаттықтың да көк тиын құны жоқ екендігін қатты ескертеді.

«Құт» кітабы – Күләш ақындығының шыңы, бүгінгі қазақ жырының олжасы. Оған кірген Тәуелсіздік жырлары көркемдігімен де, ой мен сезімге кемелдігімен де тәнті етеді [33].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жырларда ақындардың қуанышы, күдік, күмәні түйіседі. Отаршылдық кезеңімен салыстыра отырып халіміздің жақсарғанын бағамдайды. Дегенмен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы туындылардан ақындардың күмәні, бірденеден қауіптенетіні сезіледі. Дін, тіл мәселелерінің шешіле қоймағанының қазіргі ақындардың көпшілігінен аңғару қиын емес. Осындай қуаныш-қайғысы аралас сезімді жыр етіп төккен ақындар шығармалары өз алдына құнды дүниелер. Аз жылдың ішінде көптен күткен тәуелсіздікті шығармашылығына арқау ету айтқызбай-ақ түсінікті.

2.1.1 Егемендік танытудағы символ

Қазақ халқының қаншама жылдар бодандықтан көз ашпағаны, басқасын былай қойып, Ресейдің отарында болған үш ғасырда Егемендікке ұмтылған батырларымыз бен бірге халықтың басынан өткен қиын-қыстау сәттерді жырына қосып, жалынды сөз айдарын тартқан ақындарымыз баршылық. Атап айтсақ, Ш. Құдарбердиев, С. Торайғыров, М. Дулатов, М. Жұмабаев сияқты сынды Ж. Аймауытов, Қ. Аманжолов т.б.

Аталған ақындар өздері өмір сүрген қоғамдық ортадағы саяси-әлеуметтік кемшіліктерді, бодандыққа қарсылықтарын ашып айтуға болмайтын кезде астарлау мәнді тәсілдерді жиі қолданды. Сондай тәсілдердің бірі – символ.

Жыршыларымыз ащы шындықты символдың көмегімен тұмандай бұлдыратып берді.

Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір

затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалады [34, 183 б.].

Көркем символ қай халықтың болмасын сөз өнерінде ежелден кең қолданылған. Мысалы, фольклор кеңістігінде тұрмыстық түрлерінен бастап космологиялық символдарға дейін кездеседі. Ал әлемдік поэзия шеңберінде символ өзіне әбден лайық жоғары орын алған. Әсіресе, Шығыста орта ғасырлардан бері дамып келе жатқан сопылық поэзияның өкілдері тек символ арқылы өз ой-ниеттерін, тілек-армандарын жеткізе отырып, тұрақты поэтикалық символ жүйесін қалыптастырған. Сопы ақындар жырлаған, мысалы, «бұлбұл-раушан», «от-көбелек», «тамшы-теңіз» т.б. бейнелер кеңінен таралып, әлемдік поэзияда теңдесі жоқ тамаша әдеби құбылыс болып танылды [35].

Қазақ поэзиясында да символдың өзіндік орны бар. Әсіресе М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ақындардың өлеңін оқыған адам сол кезде оларды «бейнешілдер» деді.

М. Жұмабаев тұсындағы ақындардың сөз саптауындағы ерекшелік – мүлде екі басқа нәрсені алып, өз ойын аса ұтымды бере білуінде. Мәселен, 1917 жылы жазылған Ж. Аймауытовтың «Ұршық» өлеңі мен М. Жұмабаевтың «Орамал» өлеңінде азаттықты аңсау бар. Алғашқысында – баласын соғыстан тосып отырған ана монологы. Ұршық иіріліп болған күн – соғыс соңы, жарқын күннің туғаны. Кейінгісінде – қан майданда шайқасқан жолдасын күткен әйел сөзі. Орамал кестеленіп біткен күн – ұрыстың аяқталғаны. Бұл екеуінен де азаттықты аңсау есіліп тұр. Бұндағы ұршық пен орамалдың астарында қаншама мән жатыр. Бір қарағанда түсінуге тым күрделі. Мұндай қолданыстар бұл ақындардың өзіндік ерекшеліктері, дарындылықтары. Үстемдік көрсетті, қол аяғымызды байлап тастады деп, жыр дүлдiлдерiмiз бұғып қалмады, қалай да болса, көкірегіндегісін кестелей білді.

Ал бүгінгі бостандық белесіне аяқ басқан шағымызда ақындарымыз ойдағысын оюлап, жанын жаралаған жағдайын жайып тастай алады. Олардың қатарына Ұ. Есдаулет, М. Айтқожина, К. Әміржанұлы, Е. Нүсіпбеков сияқты ақын Ж. Бөдешұлы, А. Қаниларды қосамыз.

Д. Қанатбаев «Елтаңбаға қарап» өлеңінде, Егемендікті дөп басып көрсетеді:

*Шаңырақ бейне ғажала Күн
Көгімнен дәйім көрінгей,
Қажымас қайсар қазақтың
«Бармын!» деп басқан мөріндей!*

*Қолдай гөр, қара шаңырақ,
Қашан да қайыр киесі.
Тұрсыншы далам жадырап,
Тұрсыншы аман үй осы!*

Ақынның шаңырақты алуы, **шаңырақ** – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбезі болғандығы сияқты [36, 47 б.], халқымыздың

мемлекет құрып бірігуі, басымызды біріктіріп, көшімізді бастаушы елбасымыздың барын мөр етіп басқандай.

«Қолдай гөр, қара шаңырақ», деуі де бекер емес. Қазақ халқының ұғымында *қара* – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті: *қара шаңырақ* – ел қадірлейтін әкенің, атаның, не бабаның отырған, не дәстүр бойынша кенжесінің еншісіне тиген үлкен үйі [37, 47 б.].

Бұл жолдар арқылы ақын еліміздің басқа ел қадірлейтін үлкен мемлекет болғанымызды аңғартқаны деп түсінеміз.

Е. Нүсіпбеков «Барыс сипат» өлеңінде еліміздің Егемендікке еңбектеп жетуінде көрсеткен ерлік істері мен қайсар істерін *барыстың* бойындағы қасиеттерімен сәйкестіре отыра, оның символдық мәнін саусақпен санамалап бергендей:

***Барыс бітіс** – тектілік, тебінділік,
Артында жоқ аттам жер шегіншілік.
Жекпе-жекте тіксініп аянбайды,
Қыбын табар қайтсе де ебін біліп.*

***Барыс мінез** – сабырлы ой, қырағылық,
Сыбысты да сыбдырды тұрады ұғып.
Асқар шынды, асуды бағындырар,
Зерек зерде, серттілік – мұра құлық.*

***Барыс жүріс** – ептілік, шыдамдылық,
Шыға білу ептікпей шығанға ұрып.
Айдаһарға жұтылмау, аюға да,
Төтеп беру ақыл-күш сыбандыр.*

***Барыс тұрыс** – қаймықпау, босаңсымау,
Жауды зорсып, іш жиып тосаңсымау.
Бағыштаған жүрегін, бар ғұмырын
Құз, шатқалды жат білу, су өткелін.*

***Барыс үрдіс** – сөз бермеу, берсе орындау,
Сұғанақтан сұм-сұрқай еш қорынбау.
Белін ұзу кемсау килікеннің,
Бас игізу, жасқанту әр зорын дәу.*

***Барыс дене** шыныққан жер бауырлап,
Аяз қарып, ызғарлы жел сауырлап.
Төзім, шыдам, ширығу, шымырлану,
Темір тәртіп-жосығы Ер бағынбақ.*

*Қар барысы – тау барыс, сырттай жуас,
Бастасына бас салып қылмайды қас.*

*Басқыншыға сүйем жер бастырмайды,
Жан пидадан және де бұрмайды бас.*

*Қар барысы – тау барыс, қайсар барыс
Еш қауіптен, қатерден тайсалмаған.
Қай-қашанда жеңіске бастайды оны,
Қорғанышшыл жасақты айсаңлақ іс [38, 32 б.].*

Өлеңнің өн бойында бүгінгі құлашын кең жайған кемелді ел болғанымыз қазақ халқының барыс мінезділігінің нәтижесі екені анық берілген. Автордың қазақ халқының бойындағы жойқын мінезді барысқа телуі орынды. Ақын барысты сабырлықтың, ептіліктің, шыдамдылықтың, қайсарлықтың нышаны етіп алып, оны қазақтың қанына сінген қасиеттерімен ұштастырады.

Ақындар *Көк туды* ата-бабамыздың жүзеге асқан арман-аңсарының символы, азаттығымыздың асқақ та айбынды белгісі деп қабылдағаны анық.

Ж.Бөдешұлы былай жырлайды:

Қазақтың көк байрағы:

Қазанымның – қаймағы.

Анамның – ақ дидары.

Қазақтың көк байрағы:

Жасыл тау, жасыл аймағы,

Әнімнің – шырқау әуені,

Жырымның – терең қайнары.

Қазақтың көк байрағы:

Ұлтымның – ұлы айбары.

Ұядан ұшқан – қыраны,

Далада жортқан – сайғағы.

Қазақтың осы байрағын

Көріп тұрған көз асыл,

Суреттеген сөз – асыл,

Ұстап тұрған – қол алтын,

Іліп қойған – төр алтын [39, 237 б.].

Тудың өзі егемендіктің белгісі. Сол себепті бұл жерде соншалықты тұспал бар деп айту қиын. Ақын тек байрақ деп алмай, көк деп баса айтады. *Көк* – аспан әлемін жайлайтын тәңірі екені бізге сонау арғы атамыз түркілерден белгілі. *Көк* – әлі піспеген, жас дегенді білдіреді. *Көк* – көнбіс, шыдамды, *көк* – қаһарлы, қайсар дегендерді де білдіреді [37, 70 б.].

Б. Жақып: Қолда бізді батырлар аруағы,

Қорға бізді бабалар шаңырағы.

Елім бүгін көк туын желбіретті,

Жер шарына естіліп Әнұраны [40, 35 б.] – десе,

С. Адайдың ой қорытуы мынадай: «Бостандықтың *Көк туы*//Көгімде тұрды желбіреп.//Көркінді сүйдім елжіреп,//Мен сол күні//Өліп кетсем де болар ед,// «Арманым жоқ енді» – деп» [33, 375 б.].

Бұндай қолданыстар А.Қани өлеңдерінде де кездеседі:

*Көгілдір тудың нұрынан толқып көз алдың,
Бозала таңдай қайтадан бүгін бозардың.
немесе*

*Көтергенімен көк байрақ біздің еңсені,
Жаза алмас жүрек жарасын он жыл өлшемі [41, 73 б.].*

Жалпы, байрақты бостандығымыздың белгісі етіп алу көп ақындарда бар.

Бұл өлең тәуелсіздіктің он жылдығына арнап жазылғанға ұқсайды. Ақын еңселі ел болғанымыздың он жылдығына арнап жазған «Бостандық тұлпары» атты жырында егемендіктің нышаны етіп тұлпарды алған: «Сапында кілең сәйгүліктер мен жүйріктің, // *Тұлпарым*, сен де жебедей заулап құйғыттың» [41, 72 б.]. *Тұлпар* – ұзақ сапарларда батырлар мінген асқан жүйрік, белді ат. Осыдан барып, бұл сөздің «алдына жан салмас, білімді, озық» деген ауыс мағынасы шығады [42, 271 б.]. Тәуелсіздігіміздің он жылдығын ақын «*Тұлпарға* енді айналып кеттің *он жасар!*» деп береді. Жүйрік болғандықтан да, тұлпардың бостандыққа тез жеткізу мүмкіндігі бағаланады. Сонымен қатар ақынның ұлттық нақышты, демек қазаққа етене таныс, қазақ тұрмысына жақын өрнекті қолданып, өлең әсерлілігін арттыра түсу шеберлігін де танытады.

Айта берсек, егемендікті таныту мақсатымен қолданылған символдар өте көп, әрі әр ақында өзінше берілген. Біреуі аңмен, екіншісі затпен түрліше суреттеген. Бірақ егемендікке дейінгі ақындарда тұспалдау басым.

Ал қай кездің ақыны болмасын егемендіктің символы етіп күнді алған. Егемендікке барар жолдағы, егемендік алғаннан кейінгі ақындардың жырларындағы егемендік символы – *күн, күннің шығуы, таң*. Жарқын күннің тууын аңсаған М. Дулатұлы:

*Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, тұр таң атпай, –
десе, М.Жұмабаев «Күншығыс» өлеңінде:
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көшейік
Күншығыстың нұрына, –*

дейді. Бұған ұқсас жолдар ақынның «Пайғамбар», «От» сияқты өлеңдерінде де ұшырасады. Алғашқысындағы «қараңғы» сөзі отарлаудың, қысымның нышаны екені көрініп тұр. Қарама-қарсы символдық белгілерді жарыстыра пайдалану арқылы өз ойын өрістетіп, тұлғаланып жеткізеді.

Бұл үрдіс кейінгі ақындарда да кеңірек қолданылған. А. Қани «Жазмыштан озу» өлеңінде былай дейді:

*Тәуелсіз елім,
Көгіңнен енді маздар күн!
Қоңырау қағып күншығыс жақтан қозғалдың [41, 5 б.].
«Сен және мен» өлеңінде:*

*Көгілдір тудың нұрынан толқып көз алдың,
Бозала таңдай қайтадан бүгін бозардың [41, 73б.] – деп жазады.*

Т. Медетбек «Қапалы ой» өлеңінде:

Күндердің күні болғанда

*Айым мен Күнім толғанда, –
Жарқырап жұлдыз көктегі
Құйылып нұрдың төккені!
Ашылып тірлік көктемі
Қара нар келіп шөккені!
Көріктей керіп өкпені
Гүлдердің қаптап кеткені! –
Бостандық келіп жеткені [43, 161 б.].*

Ақындардың бостандықты күнмен беруі қисынды. Соншалық заңғарға жетіп күткен таң да, яғни бостандық нышаны айрықша болумен көзге түседі. Күннің тура мағынасын алып қарасақ та, ауыс мағынасын алсақ та жарқын өмірмен теңестіріледі. *Күн* – зат: 1.Әлемге жарық, қызу беретін планета. *Күн* – ауыс, өмір, тіршілік [44, 311 б.].

Бостандық елімізге нұрын шашып, тіршілігімізді тау-төбе қылып тұр.

Қазақ поэзиясындағы егемендікті танытудағы символдың ролі ерекше. Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қазіргі қазақ поэзиясында тұспалдау тәсіліне қарағанда тура айту басым және символдар ұлттық нақышқа ие болған.

2.1.2 Тәуелсіздік танымындағы метафора

Метафораның поэзиядағы өмір сүруі үзілмей келе жатқан дәстүр. Егемендікке дейін және егемендіктен кейін ақындар жыры метафоралы айшықпен көремделе түсуде. Метафоралық қолданыс кез-келген қаламгерге тән. Қазіргі ақындардың жырларына кеңірек тоқтала кетсек, К.Әміржанұлының «Егеменді еліме қуанамын» деген өлеңінде: Арқалап қиын-қыстау өмір жүгін, // Тілектің асқарына жеттік бүгін [45, 9 б.] – деген жолдар бар. Бұндағы «өмір жүгін», «тілектің асқары» дегендер метафоралық тіркестер қатарына жатады да, өлеңнің бейнелілік ерекшелігіне әсерін молынан тигізеді. Жүк атаулының бәрінің ауыр болатынындай, отаршылдықтың отарында болған жылдардың халыққа тигізген қасіреті халыққа да оңай болмады. «Арқалап» деген де соған кеп саяды. Аса ауыр затты ғана арқаға салып көтереміз. Тәуілділіктің төңірегінде тауқымет тартқан жылдарды ақын шеберлігі осылай танытады. «Тілектің асқарына жеттік бүгін» деу, керісінше, қарама-қарсы мәнде алынған, яғни еліміздің елдікке жеткен, терезесі өзге елмен теңелген шақтарды аңғартуды көздеген жолдар.

М. Айтқожа «Тербейін тәуелсіздік талбесігін!» деп аталатын өлеңінде талай уақыт меңат көрген халқымыздың тыныштыққа келіп тірелгенін, сол тыныштықты баланы әлдилегендей бұзбау керек екенін шегелей түседі. Тәуелсіздік елімізде орнағанына көп болмағанын буыны қатпаған баланың бесікте жатқанындай етіп көрсетеді. Қуаныш әсерінен туған сөздер. Жырдағы:

*Қаншама құрбандықпен қолым жеткен,
Әлдиле тыныштықты,
Орман-далам! – деген және :
Әлдиле тыныштықты,*

*шың-құздарым,
Жарқырап жансын аспан,
Жұлдыздарың [46]! –*

деген жолдардағы метафораның рөлі ерекше. Осындай ой Ғ. Қайырбековтың «Мемлекетім менің» өлеңінен орын алады.

*Мұз құрсаңған, ақ көрпеге орнаған,
Қиын-қыстау, сары аяздан, бораннан
Қорықпастан туған менің **бөбегім** –
Мемлекетім – азаттығым оралған [47].*

Ал осы тәуелсіз мемлекетімізді әлдилеп, ардақтап өту идеясы айтуға оңай көрінгенмен, іс жүзінде тіпті де жеңіл жүзеге аса қойған жоқ. М. Қозыбаевтың: «Тәуелсіздікпен мақтану аз, оны жақтау жеткіліксіз, оны көздің қарашығындай сақтау парыз, ел мүддесін, халық мүддесін қорғап, оларды ақтау қарыз» [4, 245 б.], – деуі тіптен дұрыс. Ғ.Қайырбеков тәуелсіздікті бөбекке балағаны сияқты,

Ө. Күмісбай тәуелсіздікті «сәбиім» дейді. Тек қана сәбиім деп қоймай, дамыта, бірінің әсерін екіншісінен күшейте отырып данаға, анаға, аспан, көкжиек, ғұмырға балайды:

***Сәбиім, данам да сен, анам де сен,**
Ұқсайсың алыпқа сен, далаға сен.
Аспанымсың, көкжиек, ғұмырымсың
Қазақстан, мәңгі бол аман-есен [48, 5 б.].*

М.Айтқожа жоғарыдағы өлеңін былайша жалғастырады:

*Қақтырған қанатымды тірегім ел,
Қиырдан толып жеткен түлегің ем!
Жұртымды құшқан осынау тәуелсіздік,
Жыр болып,
Жатсын түлеп,
Жүрегімнен [46]!*

«... Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыстарына тамырын терең жіберген қиын тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күрестен өтті» [49, 184 б.], – деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай сонау алыстан аңсатып келген арманымыз, еншімізге тиген еркіндік халықтың еңсесін көтерді, ақынның тілімен айтсақ, қанат қақтырды, рухтандырды, шабыттандырды.

Сол сияқты, «Жұртымды құшқан осынау тәуелсіздік» – деуі арқылы соншалықты қиындықпен келген тәуелсіздікті оңайлықпен бермейтінімізді көрсетеді.

*Аялап алақанға –
Алады ақ күн!*

Ақын-жазушылардың туындыларында «ақ күн» жақсылықтың нышаны, я тәуелсіздікті танытатын тіркеске айналған. Тәуелсіздігіміздің арқасында арқамызды кең жайып жүргеніміз осы жолдармен ашыла түседі.

Ж. Бөдешұлының «Қазақтың көк байрағы» деп басталатын өлеңінде елдігіміздің нышаны болған туды түрлі нәрсеге балау бар. Егемендікті қазанның

қаймағына, ананың ақ дидаһына, жасыл тау, жасыл аймаққа, ән мен жырға, ұядан ұшқан қыранға балап күрделі метафора жасайды.

А. Қанидың «Айыптау» өлеңінде:

Сүрініп кетіп айшықты тудың түбінде,

Бір аунап қайта тұрғанша *тұлпар – Бостандық* [41, 67 б.]!

–деген жолдардағы «*тұлпар – Бостандық*» ұлттық нақыштағы деген метафораның жай түрі. «*Көзінде сенің қызғылт тамырлы қастандық*» – деуі автордың өзіне тән ерекшелік, индивидуалдік метафора.

Жұмыртқаларын шайқаған құзғын тірліктің

Шеңгелін создың құлдықтың,

Қараңғы түнді қанаттарымен сабалап,

Шырылдап ұшса балапандары Шындықтың [41, 67 б.]!

Отаршылдықтың озбырлығын беруде құзғын тірліктің жұмыртқалары деген метафоралық тіркес, әрі шарттылық бар. Құзғын – құстың жаманы болғандықтан да ақын басқаға бас иген қорлық өмірді, жауыздықты, озбыр саясатты осылайша берген. Тәуелділік – «қараңғы түн», тәуелсіздік – «балапандары Шындықтың» деп балануы өлеңнің көркемдік деңгейін көтереді. Қараңғы түнді, яғни отаршылдық езгіні тәуелсіздік келіп ығыстырғанын «қанаттарымен сабалап» деген тіркес арқылы автор өзіндік ерекшелігін танытады. Көзімізді, қол-аяғымызды байлап тастаған отаршылдықты және соны жеңе біліп, тарих сахнасына шырылдап оқыс дауыс шығарған құстай болған егемендікті ақын осылайша оңтайлайды. Жыр жазумен өзін-өзі жұбатқан ақын:

Ахаңнан қалған жаудыр көз *жетім арманды...*

Жұбаттым сонда

Тәуелсіздікке жыр арнап [41, 68 б.].

деп асу-асу арманды, қаншама жанның, ақын-жазушылардың айтарын ауыздықтаған озбырлыққа қаны қайнайды. Бұндағы алғашқы жол метафоралық эпитет және одан кейінгі «жетім арманды жұбату» – шарттылық.

Көлеңкелерге *көзіңнің зері* сүрініп,

Қара түнекпен бетіңді жуған құл едің!!! –

деп ақын ашуы халықтың озбырлықтың астында қиын күн кешіп жүргенге назаланады.

Жыр соңында:

Бұрқанды Заман!

Бұғарсың енді басыңды.

Барады Елім асуға беттеп ақ заңғар,

Жетегіне алып жиырмасыншы ғасырды [41, 68 б.].

Халықтың қаһарына мінген отарлау саясатының тоқтауын «бұғарсың енді басыңды» деп, елдікке жеткенімізді «асуға беттеп» деген ауыстырулармен асқақ жырлайды. Тәуелсіздікке 10 жыл толғанда жазған «Қызыл түнектегі ақ бұрқак» деген өлеңінде 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын еске алып мынадай жолдар жазады:

Ұлардай шулап Алатауымның бөктері,

Ұлыды ұлы құзартта тұрып көк бөрі!

Тәуелсіздіктің қасапханасы тәрізді

Қанжоса болды Қазақстанның қақ төрі [41, 44 б.]!

Қаншама жастарды өлімге итерген желтоқсанда болған қанды оқиғаны «тәуелсіздіктің қасапханасы» деген метафоралық тіркес арқылы береді (қасапхана – мал соятын орын). Осы он жылдық қарсаңында жазылған «Бостандық тұлпары» өлеңінде тәуелсіздік алған алғашқы жылдарды құлынға, тәуелсіздік туын көкке көтергенге 10 жыл толуды 10 жасар тұлпарға балайды:

Тумысы ерек, тұлғасы бөлек құлыным,

Тұлпарға енді айналып кеттің он жасар [41, 72 б.]!

Еліміз Тәуелсіздік алған тарихи күнде дүниеге келген өлеңдердің бірінде ақын Иран-Ғайып «Тауың да, бақша-бауың да, досың да, қатал жауың да – сенікі», «Туың да, От пен Ауа, Суың да – өзіндікі» деп шалқып-тасып оқырманымен сыр бөлісіп отырады да, «Қонақ – тәуелсіздіктен, // Қала көрме айрылып!...» [50, 97 б.] – деп күтпеген түйін жасайды. Ойыңызды он саққа жүгіртеді. «Адам – өмірге қонақ». «Өмірде адамдар бір-біріне қонақ». Жарайды. Бұл түсінікті. Ал тәуелсіздік неге қазаққа – қонақ?! Тәуелсіздіктің тұрақтап қалып қоятыны тұрмақ, оның өз аяғымен яки күреспен келеніне сенер-сенбес жұрттың көңіл күйін ақын астармен әдемі жеткізе алған. Тәуелсіздікті алғанмен, бәрі түзеле қоймағанын, қолдағы барымыздың қадірін білмей жүргенімізді Иран-Ғайып «Бауыр – іріп барады, // Өкпе – жанып өшкен от» деген метафоралар арқылы көркемдейді. Дұрыс пен бұрысты ажыратпай алға баспай қалғанымызды, шала мемлекет екенімізді келесі жолдармен жалғайды:

Ақ-қараны екшемей

Екілене беретін

Түбі тесік шелекпіз [50, 98 б.].

Ақындар Алланы – Тәңірді, Пайғамбарларды көбірек ауызға алып, ата-баба салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, ұлттық поэзиямыздағы ұлттық рухтың сақталуына, азаттық пен тәуелсіздік аңсарларының терең арна табуына ыңғай танытуы құптарлық та қуанарлық. Иран-Ғайып та Алланы аузына алып мынадай жыр жолдарын жазады:

Қалмас қапы қайра бер,

Алмас нәті айбат бер –

Елдіктің жолбарысы

Жуан шығып жондансын [50, 100 б.].

Ақын «Елдіктің жолбарысы» деген метафоралық тіркес арқылы елдік жай елдік болмай, жолбарыстай батыл қадамдар жасайтын ел болсын дегенді тілейді.

Тәуелсіздік ақындарының ауыстыру тәсілін жырда қолданулары көп, әрі олар өлеңге қуат берер сәтті қолданыстыр. Өлеңдерінде көпшілікке түсінікті дәстүрлі қолданыстармен бірге жеке авторлық метафоралар да кездеседі.

2.2 Азаттық жырларындағы ұлттық-мәдени ерекшелік

Ұлттық дәстүр ұлттық психологияның ерекше түрі ғана емес, ұлттық психология мен мінез қалыптың көзі. Ұлттық дәстүр әдебиеттің ұлттық сипатын дәлелдейтін, оны тану мен танытуда айрықша маңызға ие.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт, дәстүрлерін арнайы зерттеген философ ағамыз Н. Сәрсенбаев мына шындыққа дұрыс назар аударған: «Әр ұлттың психикалық түзілісі ұлттық сезім, ұлттық салт, дәстүр және ұлттық мінез-құлық сияқты бір-біріне байланысты, бір-біріне сүйенген компоненттерді қамтиды. Және ұлттық сезімдер мен ұлттық мінез-құлық түрлері ішкі факторлар ретінде, осы ұлт таптарының рухани ерекшеліктері мен қасиеттері ретінде көрінеді, ал ұлттық салт пен дәстүрлер сыртқы факторлар ретінде, қоғамдық пікірлер күші ретінде, осы ұлт өкілдерінің қоғамдық тәртібін бір қалыпқа келтіретін материалданған идеялар ретінде байқалады» [51, 44 б.].

Ұлттық дәстүрлердің көрінуі, байқалу жайлары сан алуан. Ең алдымен көзге түсетіні тұрақты ұлттық психикаға, мінезге байланысты туған белгілер. Ал психика да, мінез де аспаннан бүтін күйінде түспей, белгілі халықтың, ұлттық белгілі мекенде, белгілі мезгілде, белгілі қалыппен өмір сүруіне байланысты орныққан мінез-құлықты, түсінікті айтамыз. Бұған орай адамдардың бір-бірімен өзара қатысы да қағыс қалмайды. Поэзиядағы ұлттық дәстүр болып ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан сарын, мотив, тұрақтанған бейнелеу құралдары да осыдан таралмақ [51, 54 б.].

Поэзиядан күні кеше де, бүгін де ұлттық дәстүрді, ұлттық сипат пен ұлттық нақышты, халықтың ұлттық мінезін де кездестірмей қоймаймыз.

Қазаққа тән ұлттық болмыстарды зерделейтін болсақ, әрине біз халықты осынау күнге жеткізген намысты тілге тиек етпей қоймаймыз. Ұлттық намыстың этностың рухани өмірінде өзіндік зор маңызы бар. Ұлттық намыс ұлттың өзіндік менін, өткен тарих тағылымын ұмытпай, ар-ожданын таптатпауы үшін керек. Елдің зиялы қауымының қайғысы күнкөріс тіршілік қамынан аспай қалуы ұлттық намыстың әлсіреген әлжуаз күйін көрсетеді. Ұлттың ұйтқысы, ақыл-ойы мен намыс-парасатының нақты айғағы ғылыми және шығармашылық қауымның туындыларынан көрініс береді. Бұл шығармалар халықтың қайратын жанып, ерлігін дәріптеп, елдің еңсесін көтеруге қызмет етеді. Сондықтан ұлттық намыстың қозғаушы күш-қуатын әдеби мұралардан: батырлық жырлардан, тарихи жырлардан, соларды арқау еткен тарихи шығармалардан айқын көреміз. Ұлттық намыс елдің ұлттық тұтастығы, рухани бірлігіне қызмет жасайтын, елдікпен егіз ұғым. Елдікті ардақтаған ерлер есімі ел намысын қорғаушы, сонымен қатар халықтың бірлігі, ел іргесінің бүтіндігі үшін күресуші ретінде ел есінде қалады. Қазақтың көне тарихын айтпағанда Қазақ хандығы тарихындағы Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір, Абылай хан – ұлттық намыстың жоқтаушысы болған, елін, жерін сүйген ақылға кеніш, ерлікке кемел тұлғалар. Олар ұлт игілігіне қызмет жасап, дұшпаннан қорғап, ұлысының өрісін кенейтті, тәуелсіздігін қамтамасыз етті. Ұлттық намысты сақтаудың үлгісін енді сыртқы жаулардан қорғаған

батырлар да көрсеткен. Кейінен елдің бой көрсетіп, Бұқар Жырау, М. Өтемісұлы бастаған отаршылдыққа қарсылық ұраны, азаттық жырлары да Д. Бабатайұлы, Ш. Қанайұлы, М. Мөңкеұлы, Ә. Кердері жырларына өзек болған. Ұлттық намыстың арқасында еліміз елдікке жетіп, ел еңсесі көтерілді [52, 32 б.].

Қазіргі ақындардың өлеңдерінде отаршылдық ойпаңында болған кездерді белгілеу белгілі бір ұлттық реңктегі сөздермен беру бар.

Қызыл саясатқа құлшынып қызмет істемеген, санаулы санаткер ақындардың бірі Қ. Шаңғытбаев:

Азат елдің азаматы – мен енді,

Кең кезеңге кеуіл сорлы кенелді.

Келем, міне, алшақ басып елімде

Ағытып ап мойнымдағы *көгенді* [53] –

дейді. Ал баяғы «Ақтабан шұбырындыны» еске алған Ұлықбек Есдаулет:

Атамекен – алып тозақ

мойыныңды *қамыт қажап*,

мойыдың-ау, ғаріп қазақ,

аһ ұрып [54, 25 б.] – депті. «Образға бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу» [55, 35 б.] – дейді академик Р. Нұрғалиев. Назар аударғанға, Т. Медетбек «бұғау» мен «кісенді» еске алса, Е. Раушанов «Аяғыма қараймын *шідерім* жоқ» десе де, Қ. Шаңғытбаев «Ағытып ап мойнымдағы *көгенді*» десе, Ұ. Есдәулет «мойныңды *қамыт қажап*» деуі, Ә. Қайырбеков «Тәуелсіз ел боп танылу! *Темір құрсау* қыспағынан арылу» деп айтса, К. Ахметова «Бұл ғасыр – біздің ғасыр ұзақ күткен, Үзілген *ноқта*, *бұғау*, *тұзақ* біткен» деп толғауы да, Арман Қанидың «Шыңғыртып байлап // Мағжанның жырын *шынжырға*» деп отарлау саясатының жырды да бодандауын ашумен айшықтауы үндескен жыр жолдары. Яғни, кешегі дәуірлерде қазақ кешкен азапты ақындар «*бұғау*», «*кісен*», «*қамыт*», «*көген*», «*шідер*», «*құрсау*», «*ноқта*», «*тұзақ*» сөздерімен ұлттық ұғымда тұспалдап, астарлап жеткізіп отыр. Енді, осы, көген, шідер, қамыт атаулыдан құтылсақ, бұл – тәуелсіздіктің туғаны дейтін емеурін өлеңнің өзекті идеясына айналғаны анық.

Бұғау – қылмысты адамның екі қолына, мойнына, аяғына салатын шынжыр, металл шеңбер.

Кісен – қол аяққа салынатын темір бұғау.

Қамыт – аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба-шана әбзелі.

Көген – қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар тізбегі.

Шідер – аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салынатын тұсау.

Құрсау – белгілі бір затты қысып тұру үшін, сыртынан айналдыра ұстатқан темір шеңбер.

Ноқта – мал басына кигізетін ауыздығы жоқ жүген тәрізді әбзел.

Тұзақ – есіп, ілмектеліп жасалған аңшы құралы. Тұзақтау – бұғалық жасап байлау.

Шынжыр – бір-біріне ілмектелген шығыршықтар тізбегі [56].

Бұл аталған сөздердің ауыспалы мағынасы бодан, басыбайлы, еріксіз, тәуелді дегендерді білдіреді де, ақындар өлеңдерінде отаршылдықтың белгісі, боданда болған тар шеңберді екшелейді.

Бостандығымды бүгінде –

Түсіріп құрсау, қамауға

Күні-түні тонап, қанауда, – деп Т. Медетбек тәуелсіздік алғанмен өз несібеміздің өзімізге бұйырмағанына қапаланады.

Ал Ә. Мейірбекұлы «Еліме» өлеңінде ел еркіндік алғанмен, тіл мен діл бодан екенін былайша баян етеді: Көре алмаудан тәуелсіз бұл күнінді, // *Ауыздықтан* арманды, тіл, ділінді// [57, 13 б.]. (Ауыздық – жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі) [56].

Ата-бабамыздың арманы еді –

Тізгінін ұстап елдіктің,

Тұтқасын тауып теңдіктің,

Тәуелсіз ел боп танылу [58, 48б.]!

деген Ә. Қайырбековтың өлеңінен алынған бұл жолдар – еліміздің басымызға бұғау салған халықтардың етегінде кетпей, тежеу сала білген деген ой. (Тізгін – аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс).

Азаттық жырларында ұлттық сипат, ұлттық, ұлттық нақышпен қатар халықтық қасиет, ұлттық мінез жырланбай қоймайды. Тіпті, кейде өлеңнің өн бойынан көрініс табады.

Ұлттық характер – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды.

Сондықтан шығармада ұлттық характер жасау үшін оның дүние танымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын т.б қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде орыс ақыны Н. В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», – деген ой айтады. Бұл дұрыс та [34, 211 б.].

...Тек қорықпаған дұшпаннан,

Текті ұрпағы тепсініп,

Туырлықтай жерін қорғар дейтін

Ұлы Даланың [58, 48 б.]! – деп ақын Ә. Қайырбеков ешбір жаудан қаймықпаған қазақы мінезді айта келе, оның, яғни қазақ халқының асау мінезін «тепсініп» сөзімен беруі айшықты, бірден ерекше мінез сезіледі. Тепсінген атты көз алдымызға елестетер болсақ, ешкімге, ештеңеге бағынбайтын асаулықты көреміз. Қазақ та біреудің ырқымен кетпей, тарлықтан тепсініп шықты.

*Қидасында намыс қайраған,
Қантөгісте жауы жайраған.
Қабырғасы сөгілгенде қыңбаған,
Қайғыдан иілсе де сынбаған* [58, 48 б.].

Ақын ұлы намыстың есебі – ұлы күшке апарғанын ерекше айшықтайды.

Қазақ шындығында намысшыл халық. Оның «Ерді намыс өлтіреді, қоянды камыс өлтіреді» – деуі содан. Қазақ эпосы, батырлар жыры зерделеп қарасақ, оқырманды намыстандырып, рухтандырып отырады. Ұлт намысын жырлау ертеден, халықтық әдебиеттен келе жатқан сарын.

«Қолдарына қыран қанатты ту алып,

«Қазақ елі – Тәуелсіз!» деп қуанып» [58, 48 б.], – деген жолдар кездеседі ақын өлеңдерінде. Бәрімізге белгілі, қыран алғыр құстардың жалпы атауы [23]. Қазақ ұғымында қыран қасиетті. Халқымыз аңға шыққанда бүркітті қолынан түсірмеген. Мемлекеттік нышанымызда да өз орнын тауып жүргені соның салдарынан. Қазақ халқы қашанда қыранды киелі құсқа балаған. Егемендік алған қазақ елінің қыран тәріздес биікте самғап, ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған дүние, бұл.

Қазақ ешуақытта біреумен соғыспаған. Тек жаудан қорғанған. Ақын жырында бұл да ескерусіз қалмаған:

«Жағаға дұшпан қолы тимеске,

Жазықсыздан бекер күймеске» [58, 48 б.], – делінген. С. Иманасовтың «...ата-бабам аттан түспей жүргенде, көршісіне көз алартып көрмеген!» [59, 149 б.] деуі де осы ойға саяды.

Ә. Қайырбековтың //«Қарға тамырлы қазақтың...// Қашанғы мұңы – азат күн!» [58, 48 б.] – деуіне назар аударған жөн. *Қарға тамырлы* – бір-бірімен араласып жатқан, ілік-шатыстығы мол (ел, халық) [56]. «Қаны бір қазақпыз» деп бүкіл үш жүздің азаматын, «түбі бір түркіміз» деп қырғызды, башқұртты да, «өзбек – өз ағам» деп оларды да бауырына тартатын бауырмал халықпыз. Жалпы қазақ халқы кімді де, қай ұлтты да сыртқа теппеген, қайта жақын артып жанаса жүрген [60, 193 б.]. Осы ойды «Өзді-өзі мәмілеге келмей жүріп, //Өзгені бауырына тартқан қазақ» [61, 3 б.], – деп Оразақын Асқар жалғастырады.

Көп жылғы езгінің есебінен болған кемшіліктер, ұлтымызға жат дүниелер, соның ішінде тек мәселесі, ат пен заттың орысшалануы кеңінен қозғалып жүрген мәселелердің бірі. «Шашылма жерің тардай, топтан, қазақ, // «Ова» мен құтыл енді «овтан» қазақ» [61, 3 б.] – делінеді О. Асқар поэзиясында.

Қазақтың көрнекті қайраткері Міржақып Дулатұлы 1915 жылы «Қазақ» газетінде бастырған «ҰЛЫ» ма? «ОВ» па? деген мақаласында: «...Біздің қазақ хат жазып қол қойса, кісі атың жазса, орысшалап кетеді: Жаманбай Аманбай-ов деп жазады. Жаманбай хат жазып, қол қойса, өзі де «Аманбай-ов» деп қол қояды. Бұл Иван Ивановичтың тәржімәсі» деп сынай жазған еді. Бірақ қызыл идеологияның жетпіс жылдық дауылы «Оян қазақ!» деп жұртына жар салған Азаматтың жалынды үнін естіртпеген. Сол үн тек тәуелсіздік алғалы ғана жаңғырыла айтылады [62].

Тегіміз қазақы қалыпқа келе жатыр. Әрине, мұның бәрі – қазақтың қазақы қылыққа ұмтылғанының ұнамды нышаны екені айқын. Дегенмен, өзіміздің қаракөздеріміздің арасында тегінің қазақша айтылуын қаламайтындар бар, өкінішке орай. Ондайлардың өзі «тегім қазақы әріптермен жазылып, ұлттық ерекшелікпен айтылса – көрер көзге сүйкімсіз, естір құлаққа жағымсыз» деп ой топшылағандай.

Ақындардың ұлттық нақышты өрнектеуі өз алдына, ұлттық мәдениетімізді дәріптеудің орны бөлек.

Мәдениет – адам ісінен шыққан жасанды нәрселердің бәрі өнер дүниесі, өйткені олардың жасалып шығуына адам ақылы, әуесқойлық, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Мәдениет – өркениеттің басты көрсеткіші. Дала өркениетінің төл перзенттері – қазақ халқы, Ш. Уәлиханов көрсеткендей, ұлы Гомердің туындысы сияқты, эпостарға бай. Көне металлургия, Қ. Сәтбаев 1927 ж. анықтағандай, ордасы – Орталық Қазақстанда б.з.б. бұрын V ғасырда пайда болған. Байтақ даланы қақ жарып, шығыс пен батысты қосатын Ұлы Жібек жолы – мәдениет жолы да болғаны күмән тудырмайды. Киіз үй, арба, дала күнтізбесі, аңдар айшықталған көне искусство, орда құрған ел басқару өнері, 5000 күй мен аңыздар Дала өркениетінің өзіндік қолтаңбасы бар екендігін танытады [13, 227 б.].

Жаңа тәуелсіздік заманасы қазақтың ұлттық мәдениетін мемлекеттік деңгейге көтерді. Ол көпұлттық сипаты бар Қазақстан мәдениетінің өзегіне айналды. Ұзақ жылғы қуғын-сүргін, зобалаңнан ақталған қазақ мәдениетінің ұлыларының мұрасы халық қазынасына қосылды.

Ұлттық мәдениет әдебиетте, ғұламалар туындыларында бүгінгі күнде көрініс тауып келеді. А. Қани елін егемендікке үндеген Мағжан, Шәкәрім, Міржақып сынды Алаш қайраткерлерінің қазазы үшін коммунистік жүйені айыптаған «Айыптау» өлеңінде ұлттық ерекшелігімізді танытатын «Көкпар» ойынын еске алады: Найзағай тектес бір сезім сондай керемет // Кеудемде менің тартқанмен көкпар// (Не керек!). Ал Ұлы Тәуелсіздік таңын асқақ пафоспен жырлаған «Жазмыштан озу» өлеңінде :

*Ғарышкеріңмен биіктеп Қара шаңырақ,
Намыскер ұлмен қанатын жайды керегең,
Заманға рахмет қолтықтап бізді деген* [41, 5 б.]! – десе,

Д. Қанатбаев «Шаңырақ бейне ғажап Күн // Көгімнен дәйім көрінгей. – деп үндейді. «Атамыз Алаш, керегеміз ағаш» немесе «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп аталы сөз айтып қалдырған ата-баба, аналарымыздың негізгі баспанасы киіз үй болғаны әркімге аян. Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ үй, отбасы деген мағынаны да білдіреді. Қазақта «Шаңырағың биік болсын» деген бата бар. Кереге келетін болсақ, ол – киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Яғни ақын ұлы арманның биігіне жетіп, өскенімізді, дамып, үлкен мемлекет болғанымызды осылайша білдіруі – ақынның сөз кескініндегі көріктілік.

К. Ахметова басқаға бағынып өсу табиғатымызға аса жат екенін «Рух бостандығында»: «Атырау, Алтай арасы дүр етіп түгел сілкінді. //Бесікте жатқан нәресте бостандық сұрап бұлқынды.» [63], – деп асқақтады. Бесік – қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, тәрбие құралы, нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек.

Қорыта келетін болсақ, азаттық жырларында бұғауда болған жылдарды ұлттық сипаттағы, әрі тура мағынасын алғандағы шынымен байлау мағынасын білдіретін сөздермен беріледі. Ұзақ жылғы тарихы бар поэзияда қазақтың қанына сінген ұлы қасиетер, егемендікке ұмтылған халықтың ұлттық мінезді асқақтата жырлауы бар да, ұлттық ерекшелігімізді көрсететін халықтық мұралар мен белгілерді жырлау бар. Әдебиетте ұлттық сипат – үзілмей келе жатқан ұлы сарын. Алдыңғы буын ағалардың кейінгі буын інілері, балалары туын биік ұстап, ұлттық мәдениеттің Хан тәңіріне бір сәт шаршамай, шалдықпай, торықпай өрлей беруі – үміт оты!

2.2.1 Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі ұлттық мүдде мәселесі

Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясын толғандырған ең келелі мәселелердің бірі ұлт тарихы мен болашағы екені дау тудырмайды. Бұл тақырыпты арнайы жырлау шарт емес еді. Бәрі түсінікті сияқты жағдайда нәшіне келтіріп айтам деп жадағай қалыптан шыға алмай қалу қаупі әрдайым жойылмайды. Біз кім не туралы жазса да өлең болмысынан ұлттық рухтың қашанда сезіліп тұруына мегзейміз.

Соңғы жиырма жылдағы қазақ әдебиеті тәуелсіздік ауасымен тыныстағандықтан әрбір ақын, жазушы шығармашылығында ой бедерлеу, сезім ұштау түрлерінде бұрынғы уақытпен салыстыра алмастай өзгеше еркіндік қанат жайғаны анық. Бұл ұлттық сана мен рухтың ертеректегі жасырын ұясынан шығып, бой жазып, нағыз харекеттік күш-қуатқа ие болуы. Ұлт ұғымының екінші астары – жеке тұлға мәселесі. Жеке тұлғаның өзін-өзі қадірлеп, дәріптегісі келмеуі мүмкін емес. Әрине, тәртіп параметрі қарап тұрмайды. Ақын яки жазушы өнердің ойындық сипатын пайдаланып бағады. Олар өзін ғана әспеттеудің ыңғайсыз жағын сезінеді де, мүмкін, саналы, мүмкін, ырықсыз, халде үлкен азаматтық мәселелерге тізгін жалғаудың ұтымды жақтарын түсінеді. Көркем өнердің қоғамдық, әлеуметтік негіздері өзінен-өзі ірге қалай бастайды.

Шығармашылық тұлғалардың көпшілігі ұлтын сүюдің мән-маңызы мен қажеттілігін өзгелерден нәзік түсінеді. Ол өз туындысының баспа бетіне шығысымен, жалпыға ортақ құндылыққа айналатынын біледі. Сондықтан ақын сөзі ұлттық рух табиғатына ең жақын орналасады. Ол басқа бір тақырыптарды қозғаса да, оның шығармаларында ұлттық мұрат пен мүдде жетекшілік танытады.

Біз тәуелсіздік дәуірінде жарық көрген көптеген шығармаларды, олар арнайы осы мәселені көтермесе де, ұлттық рухтың еркіндігімен суарылған деп бағалаймыз. Егер тәуелсіздік нәрінен шырын алмаса, ақындар кез келген

тақырыпқа сәл басқаша көзбен назар салар еді.

«Ұлттың саясаты – мемлекет саясатының күрделі әрі маңызды құрамдас бөлігі. Ұлт саясаты біз үшін тәуелсіздікті баянды етудің басты кепілі. Оны мейлінше, дұрыс жүргізбейінше, оған басты назар аудармайынша, елдегі әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкін емес», – дейді философ, профессор Әбдеш Қалмырзаев [64, 47 б.]. Автор «Жаһандану және ұлт мәселесін» арнайы түрде талқыға салып, дәлелмен толғанады. Жаһандану туралы ғалым, қоғам қайраткері, оның ішінде академик, фольклорист С. Қасқабасов сынды ағамыз дерегі бар қауіпті сұйылта алмайтындай, шындықпен тіресе отырып қаржасатындай жағдайлардың барлығын ашып айтқан [65, 6 б.].

2.2.2 Қаламгер толғау-нысаны – қаһарманын дәріптеу дәстүрі

Қазақ елі талай ғасыр қасірет шегіп, бодандықтан енді құтылғанда үн-түнсіз қатерлі дерт тәрізді жаһандану атты жалпыға ортақ мәселе бас көтерді. Оған әлемнің барлық бұрышы, қалтарысы түгел кіріптар. Қазақ ақындары туындыларындағы ұдайы мұң, ертеңге алаңдаушылық сарыны осындай жасырын әрі терең ақиқатты жүрекпен сезініп, жан еркіндігіне құлаш сілтеп, тарығу күйлерінен перне тартса керек. Шығармашылық тұлға мұндай сәттерде өзі мен ұлтының болашағын бір санайды. Ұлтын ол, ұлты оны құтқарушы күшке айналады. Қаламгер рухы тарихтың әділетсіздігімен күреске түсетіндей. Соны азаматтық парыз санайды. Ә. Қалмырзаевтың Қазақстан ұлты емес, Қазақстан халқын қалыптастыру туралы ойлары орнықты. Алғашқыдай жағдайда басқа қауым да қазақ тілін тұтынып кетеді деп қиялдауға әлі ерте.

Ұлт мәселесін анықтауда тілдің маңызы шексіз екендігін шығармашылық зиялы қауым әбден түсінді. «Егер ана тілің ертең құриды десе, мен бүгін өлем», – дейтін дағыстандық Р. Ғамзатовтың сөзіндегі Отансүйгіштіктің теңдесі жоқ.

Діліміз бен дініміз іргесін нығайта бастағанымен, тіліміз көкейдегі қалаулы биікке жете алмағандай. Осы мотив барлық ақын-жазушылардың туындыларындағы ең басты әлеуметтік арнаның бірі болып табылады. Ал осы А. Бейсенбеков «Қазақ тіл мен орыс тілінің» айтысын диалогқа құрады:

Ассалаумағалайкүм, Қазақ тілі!

Қазақтар сөйлемейтін мазақ тілі.

Жетпіс жыл жетімектей сорладың ғой,

Көрсемші дәл өзіңдей азаптыны.

Бармысың, тірімісің қазақ тілі,

Қазақтың теңдік алған азат тілі.

Отанның ана тілден басталарын,

Қай кезде ұғар екен қазақ мұны.

Дәл өмірдегідей мұнда да орыс тілі үстем жағдайда табылған. Мәтінде әзіл, мысқыл интонациясы қуақылық тудырғанмен, жан ауыратын шындықтар бадырайтып көрсетіледі. Дәстүрлі айтыс түрі шығармадағы мазмұн семантикасын әр деңгейде және шартты қабылдауға бейімдейді. Расында, ешкім өзінің

артықшылығын бетке ұстап, екінші біреудің олқылықтарын нұсқап, көзге шұқымас еді. Поэтикалық логика аясындағы екідей пікірлер арасында үнсіз келісім орнайды. Неғұрлым шынайы себептерге жүгінсек, орыс тілі айтатын кемшіліктерді қазақ ұлты өкілдерінің өзі өзгеден артық біліп, артық шамырқанады. Осы өлеңдегі әлеуметтік, тарихи кеңістік – қазіргі Қазақстан. Уақыт – тәуелсіздік орнаған кезең. Алайда, уақыт пен кеңістік мазмұны арасында қайшылық туған. Немесе мекеншақ пен тарихи-әлеуметтік жағдай арасындағы қарама-қарсылық. Тәуелсіздік пен қазақ тілінің болашағы – бір ендіктегі ұғымдар. Бірақ қазақ тілі мақсатына жетпейді. Тәуелсіздік үлкен жеңіс әкеле тұрып, сахара тілін мұратына жеткізе алмайды. Бір өлең оның бәрін шешіп бере алмайды. Қазақ тілінің бағы ашылуы үшін қазақ менталитетінің өзінде көптеген өзгерістер жүзеге асуы керек.

«Қазақ» атты Сәкен Иманасов жазған өлең болмысына назар аударайық.

*Қазақ дейтін халық бар піл еңселі,
Кілең батыр шетінен, кілең сері, –
Қарсы келіп қалғанда қас жауыңның
Қалтырайды қарадай тілерсегі.*

*Оны барып отыз қол түменді алған,
Болғандары баһадүр, кілең бағлан.
Үні жеткен жерлерге үкім айтып,
Жүріп өткен жерлерде...
Бір Ел қалған [66, 22 б.]!*

Қаламгер ежелгі жыр, толғаулардағы сияқты басты поэтикалық нысан – қаһарманын дәріптеу дәстүрін ұстанады. Әсірелеу сарыны қолына найза алады. Өйтпесе кез келген қазақ ұлтының өкілі басқа жұрт қаруын тастап қашатындай ерекше магиялық күшке ие бола бермесе керек. Шығармада тарихи уақыт пен кеңістік қазаққа тән қайрат, айбар, батырлық сырын ашуға түспал, емеурін түрінде үлес қосады. Авторлық сана сақ, ғұн, түрік, монғол империясы, олардың құрамындағы қазақ ұлтының ұландары жайлы толғанатыны анық. Әрбір халықтың өзін қайрау, өзінің ұлылығы мен ірілігін жырлау іспетті эпикалық салты жасаңғырап көрінеді.

Осымен қатар өлеңде жинақталушы кейіпкер – қазақ бірбеткей әспеттеліп те қоймайды. «Қыр соңынан қалмайтын аңқаулық та, жалқаулық та» сын тезіне алынардай болғанымен, қазақтың ірілігін аңғартатын детальдар қатарына қосылып кетеді. Өйткені бұл – көпшілік тұлғаға қатысты әрекет. Сөйте тұра ақын қандастарының мақтансүйгіш, тым өркөкірек (Болған емес, әйтеуір... бір жаманы) мінездерін сипай қамшылап өтеді. Қазақтың ішінде жүріп, оны сынау оңай нәрсе емес. Яғни С. Иманасов бас қаһарманының көз тартар қасиеті мен қайсібір кемшіліктерін бірдей қамтығысы келген.

Келесі бір Ғалым Жайлыбайдың «Жетім құлын» атты өлеңінде мұң – шер мотиві бар:

*Сағыныштың сазындай – саған далам,
Хабар жетіп жатады әр арнадан.*

*Көлеңкеде көз жасын көлдетіп тұр –
Жетім құлын кекілі таралмаған [67, 11 б.].*

Жыр қазіргі нақты уақытқа ойыса бастайды. Шектеулі кеңістік – ауыл. Жетім құлын символы және оған қайырыммен қарайтын жесір әйел ауылдағы экономикалық ахуалдың төмендігіне мегзеу жасайды. Екі сыңардың мұнды күйі ақын жүрегіндегі қайғы жүзіне салмақ қосады. Бұл – шығармашылық тұлғаға тән мінез. Сезімдер ортақтастығы. Әйгілі өткен дәуірі мен бүгінгі күйзеу халі қазақ елінің өміріне қатысты эмоционалды қайшылық тудырады. Шығармадағы драматизм уақыт пен кеңістіктің әріден беріге тартқан ирек сызық тәрізді, жеке мезеттерде тербеліс кешетіндей, тоқтап тұратындай сәттері аясында психологиялық нанымдылық, әртіраптылықпен бейнеленеді.

Жәркен Бөдешұлы «Азу тіске» қазақтың бар жақсылығын балайды да, солардан айырылған елдің қасіретін поэтикалық әсірелеу арқылы бейнелейді. Азу тіс те символға айналады. Ол қазақ халқының күш-қуатын, ертедегі даңқты жорықтарын еске түсіреді.

*Қорлығын көрдім жалғанның,
Қасірет тауын арқалап, күнім батты қанталап.
Айым батты шалқалап, қарауытып шартарап.
Қолдырап қызыл иегі, саудырап асыл сүйегі –
Азусыз қалды Ақ Ордам, азусыз қалды Алты Алаш.
Азусыз қалды ділім де, азусыз қалды тілім де,
Қалжыраған қарт отыр кәрі еменнің түбінде,
Құлақ тоспай күбірге... [68, 19 б.].*

Автор ақындық тұлғаға берілетін мүмкіндік бойынша баяндау тізгінін өз қолына алады. Өзі – бүкіл қазақ. Оның ішінде өршіл, намысқой, күйзелуі шексіз қазақ, жеке тарихи тұлғалар мен ұлттық мұраттың қарым қатынасы уақыт пен кеңістік жағынан зор қайшылыққа тіреледі. Оны жан айқайымен бақылайтын – ақын. Автор медициналық, стоматологиялық детальдарды поэтикалық образға айналдырып, символ – метафора үлкен әлеуметтік-эстетикалық идеяның жүгін арқалайды.

Ж. Бөдешұлы астрометеорологиялық көріністерге байланысты дәстүрлі, бейнелі тіркестердің ұлттық кескінін айшықтап беруге ұмтылады және олар психологиялық жағдаяттарды бедерлеуге қызмет етеді. Жыр, толғау формасы жаңа мазмұнмен үйлесім табады. Шығармадағы ой терең астарлы. Мұнда да қазақ халқының өміріндегі өкінішті мезеттер жинақталып көрсетіледі. Мағыналық салыстыру бар. Кеңістік пен уақыт бұрын өткен және кешегі болып, қарама-қарсылық эмоцияларын тудырады. Байырғы уақыт ірі көрініс береді. Бүгінгі уақыт барға қанағат етуші ғана. Қазақ даласы атты кеңістіктегі қайғы-қасіреттің арғы себебі ғана меңзеледі. Айналып келгенде ол ұлттық тәуелсіздік мәселесімен сабақтас. Ақын зары ұстатпайтын тәуелсіздік ұғымының тым алыс жатқан кездерін сезінумен ұлғаяды.

Ал, аса көрнекті ақын Қ. Мырза-Әли «Не істеуге болады?» – деп толғанады. Автор мейлінше реалды, тұрмыстық ахуалдарға ден қояды. Сонымен бірге әлеуметтік өмір философиясы әсте жадыдан шықпайды:

*Заманның мына,
Орындамасаң талабын,
Долы қатындай тарс айырылады талағы!
Керек сәттерде құтқара алмай Шындығың,
Айтпағаның үшін өтірік өшін алады [69, 46 б.].*

Өзіне тән шендестіру тәсілі ой қайратын арттырады. Заман мен адамның карама-қайшылығы – рухани тәуелсіздік жолындағы ең үлкен кедергі. Кімнің үстем екені де белгілі. Шындықтың әдеттегіден тыс трагедиялық бейнесі сомдалады. Өтірік метафоралық оралымдағы астарлы әрекет жігері үстінде өрнектеген. Уақыт пен кеңістік мәңгілік сипатта. Сонысымен де драматизм қуаты таусылмас күш табады. Және жеке тұлғаға қатысты тартыншақ, мінездегіш пікірлерге наразылық басым. Басқа әріптестері бар мәселені қазақтың жалпы кесек қасиеттері төңірегінде пайымдаса, Қадыр Мырза-Әли қазақтың кемшілік тұстарын сынаудан қашпайды. Оған біткен таланттың да ерекшелігі осында.

*Қинайсың жанды,
Қинайсың жанды.
Қинайсың!
Кең дүниеге
Сақинадай болып сыймайсың.
Өлейін десең,
Самайда тұрып тапанишаң,
Ит қылған әбден
Ит өміріңді қимайсың [69, 47 б.].*

Шығарма адам жан дүниесіндегі уақыт пен кеңістік сипатын болжатады. Барша тартыс, қақтығыс осында. Адам екі жақты өмір сүретіндей. Сыртқы өмір қоғамдық мезіреттерді орындаумен өтеді. Ішкі өмір жұртқа белгісіз. Соншалық қажыр – қуат та сонда. Ақын көңіліндегі парасат өзіне теңдес рухани күш таба алмайды. Адал, шынайы сезім қораш түсініктердің қорлауынан қысым көреді. Бұл сәтте Қадыр Мырза-Әли жекелік мәртебені тастап, жалпы адамдық деңгейден тебіренеді. Екінші жақтық баяндау ой ағымының ортақтастығына дәлел.

*Бүгініңмен тіл табысайын десең бір
Ертеңің сенің
Бүгін-ақ келіп,
Түкіріп кетер бетіңе [69, 47 б.].*

Әрине, бұдан артық трагедия жоқ екені белгілі. Уақыт пен кеңістік орын алмастыратындай, өзара жапсарласатындай сәттер бар. Ертеңгі күн тым шапшаң. Ал бүгіннің философиясы оның бірталай өтірікке құрылуында болуы да мүмкін ғой. Ертеңде ашылмаған қуат бар. Сонысымен күшті. Нағыз адал, мейірімді, жан-жақты жақсы адам боп қалудың қиындығы ақынды ең ауыр шешімге итермелейді. Ол да қолдан келмейді! Сондағы неғұрлым басым заңдылық – өтірік, шынға толы дағдылы машықтың әрдайым жолы ашық болатын. Ұлттық идея қазақты рухани кемелділіктің жоғары деңгейінен көруге ықыластылықта жатыр.

2.3 Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі құрылымдық ерекшеліктер

Қазіргі поэзияда формалық жағынан дәстүрден тыс, яғни дәстүрлі өлшемдерден өзгеше дамудың ақ өлең, прозалық өлеңдер мен графикалық суреттер арқылы көрінуде. Мұндай формалар ақын ізденісінің бірі, яғни, мазмұнды берудің бір жолы ретінде талантты ақындардың шығармаларында орын алмаса да, тәжірибелік деңгейде ұшырасып жатады. Олардың ішінде көнесі әрі кең жайылғаны – ақ өлеңдер. «Ақ өлең қазақтың қара өлеңіне мүлдем кереғар құбылыс деуге болмайды, олардың қайшылығы ұйқастарында ғана. Жалпы өлең құрылысында бұл өлшем көптен таныс болғанмен, оның мәні терең ашылмаған-ды, ақ өлең мен еркін өлеңді, ақ өлең мен ырғақты поэзияны алмастырып жататын. Олай болуы заңды да. Себебі ақ өлең біздің поэзияда жоқтың қасы болатын» [70, 27 б.]. Ол поэзияның белгілі бір сипаты ретінде көрінген емес, қайбір ақынның ізденісі ретінде танылып, терең зерттеу объектісіне айналған емес. Өлеңтанушылардың мұндай көзқарасы ақындардың ақ өлеңге деген қатынасынан туындаған. Өйткені ешбір ақын бұл өлең түрін шығармашылық негіз ретінде бағалап, мақсатты түрде ізденбеген, ол қосалқы рөлде болған. Ақ өлең поэзияның негізгі құрылымдық негіздерінен бас тартып, ұйқассыз, шумақсыз қалыпта көрініп, модернистік бағыттың аясында танылып жүрді. Оның оқырман санасына өгей болып, ақындардың өзінен қолдау табудың орнына сынына ілігіп жүргеніне ақын Қ. Мырзалиевтің төмендегі байламы дәлел: «Ақ өлең бізде бұрыннан бар. Бірақ ойға, образға, екпін-ырғаққа ғана сүйенген ұйқассыз өлең күні бүгінге дейін оңбай-ақ келеді. Оны айтасыз, қазақ поэзиясы он бір буынды шалыс ұйқастың өзін баурына баспай-ақ қойды. Содан да болса керек, Абай орыстың он, он бір буынды шалыс ұйқастарын өзіміздің көне қара өлең формасымен аударған. Иә, қазақ поэзиясы түшіркенгіш поэзия. Ұйқассыз өлең жаза бастасақ болды, сәби жырымыздың өн бойын бөрткен басып кете жаздайды. Төл туындыларымызды былай қойғанда аудармашылардың өзінде осылай. Сондықтан біздің көпті көрген тәжірибелі тәржімашыларымыз Уитменді де, Току Бокуді де, Пабло Неруданы да амалсыз ұйқасқа түсіріп жүр».

Ақын Ұ. Есдәулеттің «Жүректегі жарылыстар» атты өлеңдер жинағындағы «Ақ өлеңдер» деген топтамамен берілген өлеңдердің барлығы ақ өлеңдердің сипатын толық танытады. «Цирктегі ой» атты өлеңінде бес тармақты шумақта өзара ұйқасқан бірде-бір тармақ жоқ.

Алабажақ //аренада//жылпос қолды// жонглер

Шар тастарды //қақпақылдап//ойнайды.

Бір шар кенет //түсіп кетті//қолынан...

Күлдік біздер,

//Күлу үшін// келдік қой [71, 13 б.].

Өлеңде ырғақ жүйесін басым бөлігін төрт буынды бунақтардың жүйелі сабақтастығы құрағандықтан, келісті ырғақ сақталған. Сондықтан өлеңдегі поэзиялық интонация үлкен өзгеріске ұшырамаған. Ал тармақ арасындағы ұйқасушы сөздер арқылы пайда болатын ырғақтық тиянақтылықтың

жоқтығынан қара өлеңдегі келісті ырғақтар өз өрісін өзгерткен. Бұл шумақтарда ұйқастардың ырғақ тудырушылық қасиеті, олардың ырғақты тиянақтап, интонациясын келістіру қасиетінен айрылуы қара өлеңді ақ өлеңге айналдырған. «Әнге ода», «Кім өшірер», «Шыңыраудағы құдық» атты өлеңдерінде бұл тұжырым нақтылана түседі.

*Өмір өзі // өлтіргенде
Бойыңдағы // пәк сезімді
Тамырынан // тірілтетін
Ән, ән ғана, // ән ғана [71, 26 б.]!*

*Өшіріп // жатыр // суретші
қағазға // түскен // кескіннің
көңілге // кеміс // көрінген
керексіз, // құнсыз // тұстарын [71, 28 б.]*

Бірінші шумақ қара өлеңдегі дәстүрлі 4+3, екіншісі дәстүрлі 3+2+3, үшінші өлең 3+3 ырғаққа құрылған. Тармақтардың өзара ұйқаспай, дәстүрлі ырғақтардың тиянақталмауы өлеңнің ырғақтық-интонациялық өрісін өзгеше етеді. Ақын ақ өлеңдерін жазу барысында қара өлеңнің ұйқасынан азат етуге назар аударған.

Ал ақын Б. Қошым-Ноғай «Қас-қағым сәтке кідірші, жалған!..» деген ақ өлеңдер топтамасында ақ өлеңдердің әртүрін жасайды.

*Қарын шашымды // алдырып,
Қырқымнан // кеше шыққанмын.
Қырыққа келіп // ілінбекпін бе // құрыққа?!
Қырықпа, // қысқа ғұмырымды сен, // қырық жас!
Қырқында анам // көтеріп мені,
Қырық жыл // қырғын // кешкен ем,
Қапысын тауып // ажалды алдап // келемін [72, 16 б.]*

Ырғақ жүйесін 8-13-10-12 буынды өлшемдер құрайтын өлеңде ұйқасатын сөздер жоқ. Өлеңнің ырғақ негізін құрайтын бес және үш буынды бунақтар сабақтастығының жүйесі сақталғандықтан, өлеңнің өлшемдік өрісі тиянақты. «Қырық жасқа» сөз арнаған ақын дыбыс әуезділігін де қ дыбысына бейімдеп, өлеңнің мазмұндық, көркемдік, түрлік, дыбыстық қабаттарын қырық сөзінің төңірегіне жинақтап, өлеңді барлық жағынан көріктеуге тырысады.

Ақынның өзіндік дүниетанымы мен әлемді сезіну түйсігі, оны жеткізудегі поэтикалық образдардың көркемдігі мен күрделілігі, өзіне ғана тән даралығы өлеңді өлең ететін шарттардың ең бастысы. Бұл қара, ақ деп аталатын екі түрлі өлең табиғатына тән. Сондықтан ақ өлеңді зерттеудің өзіндік принципі жасалуы тиіс. Қара өлеңдегі ырғақтық-синтаксистік өзгешелік өлеңнің ішкі сарайына ықпалы зор болғандықтан оның құрылымы шығарманың идеялық, көркемдік, бейнелілік сипатымен тұтас қарастырылуы шарт. Ал ақ өлеңде белгілі бір ырғақ қайталануы тән болмағандықтан ырғақтық жүйесін тексеру аса үлкен роль ойнамайды. Ақ өлеңнің ішкі сарайы тереңдігі, образдар жүйесінің күрделілігі, ойды тура меңземей, тұспалдап жеткізетін жұмбақтығы тұрғысынан өте бағалы.

Жалпы қазақ поэзиясы қай кезеңде де сөз өнерінің ең дамыған саласы

болып танылған. Қазіргі күні де ұлт поэзиясы көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің байлығымен көрінеді. Ақ өлеңдер сол дамудың бір көрінісі. Талантты деген қайбір ақын болмасын поэзияның аса бір күрделі түрі ақ өлеңде өз мүмкіндігін байқамай қоймасы анық. Ойды өлшемсіз өрнектеу қиындығының үстіне сол ойға қанат бітіріп, сезімнің шырқау шыңына шығара білу ақ өлеңнің асқар асуы екендігінде дау жоқ. «Әрине, жаппай үрдіске айналдыруға ақ өлеңнің қиын табиғатының өзі де көне қоймас... Біздіңше, ақ өлең оны оңай олжа көргендердің емес, шындап келгенде өзіне шын сенгендердің өрнегі болатын секілді» [72, 6 б.], – деген сыншы Т. Шапай бұл өлең түрінің қазақ поэзиясының топырағына тамырын терең тарта алмай отырған себебін ашып көрсетеді.

Т. Әбдікәкімовтың соңғы жинақтарында ақ өлеңнің күрделі түрлері көп көрінеді. Өлеңде қайталауды қаламайтын ақынның ең соңғы кітабы «Қас сақ аңқымасы» деп аталатын өз таным лұғатында өлең мен қара сөз бірге өріліп, өз дүниетанымын білдіру үшін прозаға жүгінеді. Ақындардың қара сөзбен ой термелеуі ұлы Абайдан белгілі үрдіс. Аталмыш жинағында ақын формаға ерекше ынта қойып, өлеңінің кескіндемесін де өлеңдік бағанамен шектемей, ой діндегіне сай, суретпен беруге жасаған талпынысы байқалады. Мұндай өлеңдер туралы зерттеуші А. Квятковский «Поэтический словарь» атты еңбегінде мынадай тұжырым келтіреді: «Кескінді (фигурные) өлеңдер бүкіл мәтіннің тармақтары, жұлдыз, крест, жүрек, ваза, үшбұрыштар, пирамида сияқты белгілі бір кескіннің сызбасымен беріледі. Өлеңнің осындай көрнекі үлгісін алғаш жасаушы ежелгі грек ақыны С. Родосский» екендігін көрсетіп, бұл кескіндердің өлеңнің тақырыптық-идеялық сапасымен сабақтастықта болатындығын айтады: «Кескінді поэзияның түп тамыры сонау антика дәуіріндегі александрия поэзиясына барып тіреледі. Одан кейін бұл өлең жүйесінде барокко ақындары, бергі дәуірлерде модернистер өз шеберлігін сынады. XX ғасырдың басында европаның модернист ақындары К. Моргенштерн мен Г. Апполинали де кескінді өлең түріне жүгінеді. Ақындар сөзбен кестелеген кескіндер арқылы өлеңнің мәнін ашуға талпынады».

Қазақ өлеңін жаңа даму белесіне бағыттап жүрген ақындардың көрнектілерінің бірі – Тыныштықбек Әбдікәкімов кескінді өлеңде де өз шеберлігін сынап байқайды.

ЕЛІКТЕР – ТӘҢІР

ГЕ ДЕГЕН

СЕНІМ

Э

Лектр

Темірге

деген сенім т

үріне түпкілікті ау

ысып. Уақыт жылдам

дығы барған сайын үдей

түсіп, түрлі үкіметтік төңкеріс

тер мен табиғи жойқын апаттар

өрті бықси тұтанып, О ЖАЛҒАН: А+М [73, 19 б.].

Ақын сөздермен уақыттың құм сағаттың суретін салуы уақыттың өзгергіштішін, баянның жалғандығын сөз суретімен көрсетуді мақсат еткен. Егер кескінсіз, суретсіз жазғанда, мынадай мәтінді көресіз: «ЕЛІКТЕР–ТӘҢІРГЕ ДЕГЕН СЕНІМ электр темірге деген сенім түріне түпкілікті ауысып. Уақыт жылдамдығы барған сайын үдей түсіп, түрлі үкіметтік төңкерістер мен табиғи жойқын апаттар өрті бықси тұтанып, О ЖАЛҒАН: А+М.» Өлеңде өлшемдік негіздің ешқайсысы көрінбейді. Тек өлеңнің сыртқы суреті құм сағат пен оның мәнін ашатын уақыттың өткіншілігі туралы ой толғам бар.

«Жаңа қазақ поэзиясында көрініп жүрген ерекше құбылыстың бірі, ерікті өлеңнің күрделі де ерекше түрі – верлибрлер. Ондай ерікті өлеңнің күрделі түрлері Т.Әбдікәкімовтың поэзиясынан және Қытай елінен келген жаңашыл қазақ ақындарының шығармашылығынан көрінеді. Орыс өлеңтанушысы, мәтінтанушысы Ю. Тыняновтың «Біздің дәуірде верлибрлер жеңіске жетті» деп, академик М. Гаспаровтың «оқырмандардың верлибрлерді қабылдауға әзір болмағандығы» туралы айтқан пікірлері бұл өлең өлшемінің жаңа дәуір поэзиясының мазмұны мен көркемдік жүйесін жеткізе алар мүмкіндігінің молдығын байқатады» [74].

Түйіндей айтқанда, дәстүрлі формадан тыс түрлік ізденістер талантты ақындардың шығармашылығында ұшырасып жатады. Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында ол тек ақ өлең түрінде ғана көрінсе, одан кейінгі кезеңдерде поэзияда верлибрлер мен прозалық өлеңдер, графикалық суреттер мен «өлеңдік ойындар» арқылы көрінуде. Олар да қазақ поэзиясының, оның көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің дамуының көрсеткіші. Олар көркемдік және құрылымдық жүйесі бойынша поэзия әлемінен алыс болғанымен, оларда поэзияның жаны пафостан ажырамаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Егемендік, тәуелсіздік ұғымдары бір-бірімен бірлікте жүретін ұғымдар. Ата-бабамыздың сонау заманнан бергі аңсаған тәуелсіздігінің батыл, белесті қадамы – Егемендік декларациясы. Тәуелсіздік алғаннан кейін егемендік, тәуелсіздік түсініктері тіпті астасып, бірінің орнына бірі жүретін болды. Егемендік қоғам дамуының әркезеңінде әр түрлі мәнге ие боп тұрады. Қазіргі күні еліміз сыртқы саясатта толық тәуелсіз және ішкі саясатта мемлекеттік билік бәрінен жоғары тұрады. Дүниежүзіне мәлім болдық, өркениетті елдердің тең мүшесіміз. Мәдениетіміз бен дәстүріміз қайта түлеп, ұлттық санамыз өсу үстінде. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Қазақ халқының таңдаулы өкілдерінің есімдері қайта оралды. Мемлекеттің Заңы, Туы, Елтаңбасы қабылданды. Шекарасы анықталды. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіздік берік орнады. Осынау қыры мен сыры бар тәуелсіздік Қазақ жеріне оңай орнаған жоқ.

Қазақстан тәуелсіздік тарихы аппақ парак бетіне күні кеше түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Түркі қағанаты кезеңінен тәуелсіздікке дейін түрлі тарихи оқиғалар, сан ғасырлық азаттық күрестері өтті. Азаттық жолындағы күресте қаншама батырларымыз құрбан болды. Әр заманда осынау күресте батырлар мен бірге ақын-жыраулар да батырларды қайраттандыратын жыр жазды. Азаттықты жырлау – қадым замандардан үзілмей келе жатқан ұлы сарын. Азаттықты жырлау екі кезеңнен тұрады деуге де болады: азаттықты аңсау және тақымға тиген тәуелсіздікті жырлау. Азаттықты аңсауды көне түркі дәуірлер жырлары, жыраулар поэзиясы, яғни Ақтамберді, Үмбетей, Бұхар толғаулары, М. Өтемісұлының рухты жырлары, ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы отаршылдық зардабы жайлы толғанған Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев өлеңдері, С. Торайғыров, С. Көбеев, М. Дулатов, А. Байтұрсынов өлеңдері, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров поэзиясы құрады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жырлар – 1991 жылдан кейінгілер. Бұл ақындар қатары Иран-Ғайып, М. Айтхожина, С. Иманасов, О. Асқар, Ә. Қайырбектермен басталады. Тәуелсіздікке қолымыз жеткенде соның өлшеусіз қуанышын қарсы алғандар да жырмен жар салып келеді. Дербестіктің қуаныш-шаттығымен қоса өтпелі кезең тудырған уақытша қиындық, кедергілер де жас ақындар назарынан тыс қалмады. Яғни, ақындар өлеңдерінде тәуелсіздік алғанның өзінде бәрі бірден түзелмей жүрген жайттар сөз етіледі. Дін, тіл, мәдениет, саяси-әлеуметтік мәселелер көңілге қаяу түсіретіні айтылады. Кейбір ақынның тәуелсіздік қуанышын жыр етіп ақтаруы бар, ал кей ақындар жырынан елдегі келеңсіз мәселелер белең алуы бар.

Көркемдік жағынан да екі кезең поэзиясы ерекшеленеді. Тәуелсіздікке дейінгі поэзияда астарлау мәні ерекше, тым бұлыңғыр. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін символдық белгілер айқын және ұлттық нақышқа ие болған.

Қазіргі ақындар жырларында ұлттық нақышты сөздер, ұлттық мінез, қазаққа етене жақын нәрселерді сөз ету өте көп.

Сөз бейнелігінің де белгілі деңгейде. Қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік қырлары ақындық шеберлік айналасында ой толғағанда өлеңнің мәні мен

мазмұны, көркемдік таным, поэтикалық тәсілдердің игерілуі көңіл толатындай. Ақындық даралық, өзіндік авторлық қолданыстар арқылы тәуелсіздік ақындары бір-бірінен дараланады. Қазіргі ақындардың ұлттық салт-санаға негізделген көркем бейнелер мен бейнелеулер ақындар поэзиясының ұлттық сипатын барынша айқындай түседі. Поэзия қандай болса да қазақ даласында үзілмей өмір сүріп келе жатыр. «Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, рухы мен оты, көркі мен күні», – деген В. Г. Белинскийдің сөзінің болашақ ту ұстаушысы қазақ халқы болып қала бермек.

Халқымыздың тамырын тым тереңдерден алатын төл өнері, әдебиетін сөз еткенде ерлік пен қаһармандыққа толы, ізгілік пен парасатқа бай шежірелі дәуірлердің тұтас картинасын көрер едік. Көне дәуірлерден бастау алатын ұлы мұраларымыз, тасқа қашалып басылған теңдессіз құндылықтарымыз, қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі телегей теңіздей жыраулар поэзиясы – әлем әдебиетіндегі шоқтығы биік жауһар дүниелер.

XIX-XX ғасырлардағы ғажайып әдебиетіміз небір ұлы тұлғаларды тарих сахнасына шығарды. Осы ұлы тұлғалар ұлттық сөз өнерімізді айрықша биікке көтеріп, ұлттық әдебиетімізді жасады. Бүгінгі таңға дейінгі туып, қалыптасып, өркендеген руханиятәлемі, сөз өнері әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиеттану салаларында жан-жақты зерттеліп, әр қырынан қарастырылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бері тарихымыз жаңа көзқараспен зерделеніп, әдебиетіміз қайта таразыланды.

Осы жылдары өмірге келген көптеген туыдылар оқырман қауымнан өз бағасын алып, әдеби айналысқа енді, ғылыми бағасын да біршама алуда.

Ал, біздің жұмысымыздың арқауы – ХХІ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы болмақ. Ұлттық поэзиямызда Серік Ақсұңқарұлы, Темірхан Медетбек, Ұлықбек Есдәулет, Есенғали Раушанов, Ғалым Жайлыбай, т.б. ақындар нағыз шығармашылық кемеліне келіп, өлең әлеміне сүбелі үлес қосып жатса, осы ақындардың үлгі-өнегесін алып, ізін басқан жас толқын туралы байыпты, салмақты әңгімелер әлі айтыла қойған жоқ.

Тәуелсіздік таңы атып, қазақ поэзиясы жаңа соқпақ, тың сұрлеуге түскен жылдары әдебиет айдынына Маралтай Райымбекұлы, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Әмірхан Балқыбек, т. б. қалам қарымымен танылған тегеурінді толқын келді.

Қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесі бүгінде қарқынды түрде дамып келе жатқаны дау туғызбайды. Мәселен, қазіргі өлеңнің бунағындағы буын сандары төрт буынмен шектелмей, енді алты, жеті, тіпті сегіз буынды бунақтардың пайда болуы, қазіргі өлеңдердің интонациялық ерекшеліктерінен туындайтын тармақаралық жіктен басқа өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік мазмұны талап ететін жіктердің көрінуі, өлеңдегі тыныс белгілер жүйесінің эмоционалдық, интонациялық маңызының артуы, жаңа ұйқас түрлерінің пайда болуы, буындар ассиметриясы сияқты құбылыстардың кең өріс алуы, дәстүрден тыс ырғақтық жүйе түрлерінің көбеюі сияқты мәселелер қазіргі өлеңдердің даму деңгейін көрсетеді.

Сонымен, қазіргі қазақ поэзиясының жетістіктері, негізінен, тақырыптық-

идеялық жаңалықтарында, мазмұн байлығында жатса да, сол мазмұнды ашуға жұмылдырылған форманың, яғни өлеңдердің өрнектік ерекшеліктерінің маңызын кемітуге болмайды. Қайта олардың пішіндік, түрлік ерекшеліктері мазмұнды шынайы жеткізер форма, оған қосымша көрік дарытып, сұлуландыра түсер көркемдік құрал ретінде баса айтылуға тиіс. Өйткені, өлең сөз адамға өзінің ішкі мазмұнымен, суреттілігімен, бейнелілік мәнімен ғана емес, айтылу қалпы, әсем үнділігімен де әсер етеді. Сөздің ұғым-түсінік беретін мәнін, бейнелі мағынасын оның өлеңдегі ырғақ-үнділігі, әуезділігі сан түрлі рең беріп толықтыра түседі. Тіпті өлеңді сөйлеп айтпай, іштей оқығанда да оның үні, әуезділігі, ырғақ-интонациясы, үйлесі адам жанына қалай да әсерін тигізбей қоймайды.

Дәстүр жалғастығы мен рухани сабақтастық – әдеби үрдістегі айнымас фактор. Осы қуатты лекпен бір заманда жасасып, бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан, ізін өкшелеп, жолын жалғаған әдеби орта – ХХІ ғасыр ақындары, яғни шығармашылығы ғасырымыздың басынан бері жарық көріп, тырнақалды жыр жинақтары көпшіліктің жылы ықыласына бөленгендер. Бұл ақындардың қатарына Танакөз Толқынқызы, Руслан Нұрбай, Алмас Темірбай, Серік Сағынтай, Бағдат Мүбәрак, Ақберен Елгезек, Құралай Омарова, Қалқаман Сарин, Рахат Әбдірахманов, Бауыржан Қарағызұлы, Ерлан Жүніс, т.б. жатқызамыз. Таланттардың жұртқа танылып, жаңа есімдердің ашылуына республикалық деңгейдегі түрлі кеңестер, форумдар және облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық жыр мүшәйраларының үлесі аса зор болды. Мындаған жас есімдер ашылып, көптеген талантты жастың жыр жинағы жарық көрді. Ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тұтас бір көркемдік сипатын жасау, аяқ алысын аңдап, бағыт-бағдарын бағымдау қазақ ғылымы алдындағы үлкен жауапкершілік артатын аса күрделі міндет болғандықтан, біз белгілі бір аймақтың қазаққа танымал болған ақындарының шығармашылығын бағамдап, қарастырдық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жүнісов М., Мансұров Т. Егемендік келбеті. – Алматы: Атамұра, 1998. – 264 б.
- 2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. / Бас ред. Нысанбаев Ә. – Алматы, 2001. – 720 б.
- 3 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. / Бас ред. Аяған Б. – Алматы, 2006. – 704 б.
- 4 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-словарь, 2001. – 22 б.
- 5 Шоқай М. Таңдамалы. 1-т. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
- 6 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
- 7 Назарбаев Н. Махамбет ұлт атынан тіл қатады // Егемен Қазақстан, 2003, 16 қыркүйек.
- 8 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.
- 9 Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 10 Жас ақындар жырының антологиясы. – Алматы: Өлке, 2000. – 180 б.
- 11 Жақсылықов А. Қазақ постмодернизмі. // «Қазақ әдебиеті» газеті. – №5. – 2010. – 8 б.
- 12 Майтанов Б. Ұлттық мұрат және поэтикалық мекеншак. // <http://writers.kz/>
- 13 Әлімұлы А. Мына көктем. // <http://qamshy.kz/>
- 14 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра. 2003. – 220 б.
- 15 Алтай А. Алтай менің мәңгі сусындар сағынышым, қормал қазынам. // <http://qasym.kz/>
- 16 Гинзбург Л. О лирике. Изд. 2-е. – Ленинград: Сов. Писатель, 1974. – 408 с.
- 17 Нұрбайұлы Р. Ыстық бұлақ. – Алматы: Жалын. 2009. – 137 б.
- 18 Сағынтай С. Фәни құс. – Астана: Профи Медиа. 2009. – 161 б.
- 19 Сағынтай С. Қарға. – Астана: Профи Медиа. 2011. – 144 б.
- 20 Мүбәрак Б. Құснихат. – Алматы: Жалын. – 2009. – 164 б.
- 21 Әбдірахманов Р. Жанымның жазба нұсақасы. – Алматы: Жалын, 2009. – 126 б.
- 22 Комутова А.С. Қазіргі қазақ поэзиясы. // <http://www.rusnauka.com>
- 23 Ақсұңқарұлы С. Адам ата-науа ана. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 160 б.
- 24 Ерман Ж. Ырғай. – Алматы: Баспалар үй, 2010. – 148 б.
- 25 Сарин Қ. Арманымның бейнесі. – Астана: Нұра-Астана, 2011. – 126 б.
- 26 Беделханұлы Б. Уақыттың жүрегі. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 160 б.
- 27 Кәпұлы Д. Бүлдірген ағып түскенше. – Астана: Фолиант. – 2011. – 144 б.
- 28 Бабажанұлы Б. Уәде. – Астана: Фолиант, 2006. – 144 б.
- 29 Аймамбетов Д. Жан сырымды ақ паракқа ақтарам. – Орал: Шапағат, 2012. – 136 б.
- 30 Медетбек Т. Тағдырлы жылдар жырлары. – Алматы: Атамұра, 1999, – 176 б.
- 31 Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау, 2006. – 32 б.

- 32 Қазақ әдебиеті, 14 қазан, 2005. – 13 б.
- 33 Егемен Қазақстан. 5 желтоқсан, 2006. – 12 б.
- 34 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі // Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 35 Жетпісбаева Б. Символ феномені жөнінде. // Ізденіс. – № 2. – 2002. – 33 б.
- 36 Шаңырақ.Үй-тұрмыс энциклопедиясы. – Алматы, 1989. – 568 б.
- 37 Қайдаров Ә, Ақтамбердиева З, Өміралиев Қ. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- 38 Нүсіпбеков Е. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 212 б.
- 39 Бөдешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 304 б.
- 40 Жақып Б. Қолтаңба. – Алматы: Өлке, 2001. – 92 б
- 41 Қани А. Шындықпен бетпе-бет. Жыр жинағы. – Алматы: ҚАЗ ақпарат, 2006. – 178 б.
- 42 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-том. А.Ы.Ысқақов. Қазақ ССР-інің Ғылым. – Алматы, 1986. – 560 б.
- 43 Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: Қазақ поэзиясының антологиясы.Т.2 – Алматы: Раритет, 2007. – 520 б.
- 44 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том. – Алматы,1980. – 341 б.
- 45 Әміржанұлы К. Егеменді еліме қуанамын. – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2002. – 132 б.
- 46 Айтхожина М. Тербейін тәуелсіздік талбесігін! // Жұлдыз. – №12. – 2001. – 232 б.
- 47 Қайырбеков Ғ. Мемлекетім менің // Қазақ әдебиеті. – 17 ж. – 1996. – 152 б.
- 48 Күмісбай Ө. Тәуелсіздік толғауы. Жұлдыз, №12, 2001. – 322 б.
- 49 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
- 50 Иран-Ғайып. Жыр әлемі. – Алматы: Атамұра, 1996. – 352 б.
- 51 Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы: Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Жазушы, 1973. – 233 б.
- 52 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред.Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының, 2007. – 688 б.
- 53 Шаңғытбаев Қ. Азаттық күнгі жыр //Қазақ әдебиеті, 1996, 22 қазан.
- 54 Есдаулет Ұ. Киіз кітап. – Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
- 55 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2-т., 1991. – 576 б.
- 56 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 57 Есдаулет Ұ. Киіз кітап. – Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
- 58 Қайырбеков Ә. Бөртостаған. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 192 б.
- 59 Қайырбеков Ә. Бөртостаған. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 192 б.
- 60 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу

- құралы. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
- 61 Асқар О. Тәуелсіздік тартулары. – Алматы: Өнер, 2001. – 115 б.
- 62 Сарыарқа самалы. 11 қараша. – Павлодар, 2004. – 9 б.
- 63 Ахметова К. Рух бостандығы //Ана тілі, 2006, 20 сәуір//.
- 64 Қалмырзаев Ә. Мәдениет пен өркениет хақында //http://kazgazeta.kz/
- 65 Қасқабасов С. Елзерде. 2008. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
- 66 Иманасов С. Шығармаларының бес томдығы. Т.2. – Алматы: Жазушы. 2008. – 220 б .
- 67 Жайлыбай Ғ. Ардакүрең: өлеңдер. – Алматы: Қайнар, 2008. – 286 б.
- 68 Бөдешұлы Ж. Жұлдызтастың жарығы. – Алматы: Жалын. 2012. – 148 б.
- 69 Мырзалиев Қ. Алмас жерде қалмас. – Алматы: Жазушы, 2004. – 240 б.
- 70 Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 266 б.
- 71 Есдәулет Ұ. Жүректегі жарылыстар: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 304 б.
- 72 Қошым Ноғай Б. Сам жамыраған шақ: лирикалық диалогия. – Астана: Фолиант, 2001. – 292 б.
- 73 Әбдікәкімов Т. Қас Сақ Аңқымасы: Өзтаным лұғаты Т.1. – Астана: Елорда, 2001. – 192 б.
- 74 Сағынаева Г. Ә. Қазіргі қазақ поэзиясындағы формалық ізденістер //http://repository.eni.kz/